Сыр бойы

14 НАУРЫЗ СЕНБІ

2015 жыл
№36-37 (18924-18925)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

КЕҢЕС

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР АШАДЫ

Бүгінгі дағдарыс кезеңінде бәсекеге қабілетті кіші және орта бизнес қалыптастыру қажет. Облыстағы кәсіпкерліктің басым бөлігі мұнай-газ кешеніне сервистік қызмет көрсету саласында қамтылған. Алайда, қазіргі мұнай бағасы төмендеп тұрған сәтте бұл салада белгілі қиындықтар туындай бастағаны байқалуда. Сондықтан да кәсіпкерлеріміз агроөнеркәсіп саласын, атап айтқанда, егін, мал шаруашылығын дамытуға және осы саладағы өндеу кәсіпорындарын құруға бағыт алғаны дұрыс. Өйткені, бұл өнімдерге сұраныс артпаса, кемімейтіні анық. Бұл облыс әкімі Қырымбек Көшербавтың төрағалық етуімен өткен Кәсіпкерлер Кеңесінің кеңейтілген отырысында түйіндеген пікірі болатын.

Кеңес отырысын ашқан аймақ басшысы Астанада «Нұр Отан» партиясының XVI сьезінен кейін Үкіметтің отырысы өтіп, онда «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске асыру жолдары талқыланғанын жеткізді. «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасы жобасы шеңберінде 2015 жылы дағдарысқа қарсы жаңа шараларға 101 млрд теңге бөлінеді. Ұлттық қордан әлеуметтік инфрақұрылымға бөлінуі тиіс 30 млрд теңгенің 17,3 миллиарды білім беру нысандары құрылысына, бірінші кезекте, үш ауысыммен оқытатын және құлағалы тұрған мектептерге жұмсалады. 12,7 млрд теңгесі мектепке дейінгі білім ұйымдарына мемлекеттік тапсырыс ұсынуға бағытталады. Мұнан бөлек, агроөнеркәсіп кешенін қолдауға – 20 млрд теңге, «Бизнестің жол картасы – 2020» шеңберіндегі жобалардың инфрақұрылымын жүргізуге – 10 млрд. теңге, техникалық реттеуді дамыту арқылы ішкі нарықты қорғауға – 5 млрд теңге, геологиялық барлау жүргізуге – 9 млрд теңге, тұрғын үй құрылысын көбейтуге – 30 млрд теңге қарастырылған. Сөйтіп, 2015 жылы Ұлттық қордан бөлінетін мақсатты трансферттердің көлемі қосымша 76 млрд теңгеге ұлғайып, барлығы 783,5 млрд теңге болды деді облыс басшысы. Бұл аз қаржы емес. Үкімет сонымен қатар, халықаралық қаржы институттарымен, Ислам даму банкімен байланыс жасауды тапсырған. Қырымбек Елеуұлы облыста Үкімет кепілдігімен Еуропа қайта құру және даму банкімен 63 млрд теңгеге сегіз жобаның қаржыландырылатынын еске салып өтті. Облыс басшысы өңірге инвесторлар тарту жұмысы тоқтамайтынын тілге тиек етті. Бұл мақсатта биыл бесінші және алтыншы экономикалық форумдар өткізіледі.

Аймақ басшысы биыл облыс халқының біраз бөлігі құбырмен баратын көгілдір отынға қол жеткізетінін мәлімдеді. Үстіміздегі жылы 43 тұрғын үй, яғни 2406 пәтер пайдалануға беріледі. Мұндай жағдай бұрын ешқашан болмаған. Облыс әкімі осы орайда, өңір кәсіпкерлерінің жаңа жобаларды жүзеге асыруда тым төмен белсенділік танытып отырғанын қынжыла баяндады. Оған мысал, Үкіметтің шағын және орта бизнесті қолдауға бөлген 101 млрд теңге қаржысының ішінде Сыр елі кәсіпкерлерінің үлесі бар болғаны 466 млн теңге ғана болды. Бұл бөлінген қаржының бір пайызына да жетпейді. Сонымен бірге, «Қазагроқаржы» басшылығы да қызылордалықтардан ұсыныстар тым аз түсетінін айтып отыр. Сол секілді, «ЭКСПО-2017» көрмесіне де біздің өңірден түсіп жатқан жобалар жоқ есебі.

Отырыста облыстық Кәсіпкерлер Кеңесінің төрағасы Асқар Махамбетов аймақтың кәсіпкерлік саласының бүгінгі ахуалына тоқталып өтті. Мұнай бағасының арзандауына және өндіру көлемінің азаюына байланысты сервистік компанияларға деген тапсырыс біраз төмендеп отырған жайы бар. Ал бұл сервистік компаниялар ірі салық төлеушілер санатына жатады және оларда жұмыспен қамтылған адамдар да аз емес. Екіншіден, Ресей рублінің құны төмендеуіне байланысты өңірдегі күріш өндірушілердің қоймаларында әлі де өтпей жатқан Сыр маржаны бар. Бұл жағдай көктемгі егіншілік жұмыстарын уақытылы бастауға зиянын тигізіп қалуы ықтимал. Үшіншіден, банктердің кіші және орта бизнеске Ұлттық валютамен беріп келген несиелерінің пайыздық ставкасы өсіп отырғаны байқалады. Кеңес отырысында «Фрак Джет» сервистік компаниясының қаржы директоры Аслан Орынғалиев, «Таң ЛТД» ЖШС директоры Иманзада Шағыртаев бұл қиындықтардан шығу жолдары туралы өз ойларын ортаға салды.

Отырысты қорытындылаған облыс басшысы агроөнеркәсіп саласын қолдау енді «Байқоңыр» ӘКК» ҰК» АҚ-ның негізгі басым бағыты болып табылатынын жеткізді. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуде тек Еуразиялық одақпен шектеліп қалуға болмайтынын, басқа да рыноктарды іздей беру керектігін алға тартты.

– Бастама – кәсіпкерлерден, ал оларды қолдау бізден, – деді сөз соңында облыс әкімі.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жер ресурстарын пайдалану жағдайы мен оның заңдылықтарын сақтауға арналған жиын өтті. Шараға басқарма басшылары мен сала мамандары, селекторлық байланыс арқылы аудан әкімдері қатысты.

ЖЕРДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Жиында Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының басшысы Бағдат Мұхамедов баяндама жасады. Басқарма басшысы атқарылған жұмыстардың есебін айтып, өңірдегі жер мәселесінің нақты есебімен бөлісті.

Бүгінде облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жүргізілген түгендеу жұмыстары нәтижесінде, пайдаланылмай отырған 185 мың гектар жер анықталып, мемлекет меншігіне қайтарылып алынған. Өткен жылы жүргізілген әкімшілік реформаға сәйкес бірқатар салалардың функциялары, оның ішінде жер бақылау қызметі орталықтан жергілікті атқарушы органға берілген болатын. Осыған орай жыл басында жердің пайдаланылуы мен құрылымын бақылау басқармасы құрылды. Жаңа басқарма аймақтағы жерлердің жалпы жағдайы мен жерге қатысты заңбұзушылықтарды анықтау жұмыстарын атқарып жатыр. Қазір Қызылорда облысының жалпы жер қоры 24 млн 41 мың гектарды құрап, ол 7 санатқа бөлінеді. Оның 2 млн 438 мың гектары ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылуда. Олардың мақсатты пайдаланылуы мен бүгінгі ахуалын бақылап отыру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін түгендеу жұмыстары қолға алынған. Басқарма басшысына тиісінше тапсырма берген облыс әкімі жерді пайдалаушылармен тығыз жұмыс істеуге шақырды. «Жер – біздің негізгі байлығымыз, оны бүкіл халықтың мүддесі үшін пайдалану – баршаның қасиетті міндеті. Сондықтан жерімізді барынша тиімді және ұтымды пайдаланатын болсақ, тиісінше оның қайтарымы да мол болары сөзсіз» - деп қорытты аймақ басшысы.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЖОЛ ЖАҢҒЫРТЫЛЫП, ҚҰРЫЛЫС ҚАНАТ ЖАЯДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралады.

Аймақ басшысы әуелі «Жан Арай Жем» серіктестігіне қарасты агроөнеркәсіп кешеніндегі құрама жем өндіру және күріш ақтау зауыттарының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Серіктестік директоры Мұрат Айменовтің айтуынша, құрылысы аяқталған екі зауыт та биыл бірінші жартыжылдықта іске қосылады. Қазіргі таңда кафельдеу, сырлау, әктеу секілді жұмыстары жүргізіліп жатыр. Құрама жем зауыты тәулігіне 80 тонна өнім өндірмек. Мұнда Германиядан әкелінген жем шығаратын «Петкус» фирмасының қондырғылары орнатылды. Ал күріш ақтау зауыты 150 тонна күріш салысын өңдей алады. Зауыттың құрал-жабдықтарын монтаждау жұмыстары толық бітіп тұр. Іске қосылса, 40 адам тұрақты жұмыс жасайтын болады.

Облыс әкімі С.Торайғыров көшесінің жағдайымен де танысты. 4,8 шақырым болатын көшеге қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. 10 шақырымдық тротуар салу да жоспарланып отыр. Жобаның құны 1 млрд 142 млн теңгеден асады.

Бұдан кейін аймақ басшысы С.Есқараев көшесінің жай-күйін көрді. Мұндағы қайта жаңғырту жұмыстарының жобалық құны 219 млн 365 мың теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Қырымбек Көшербаев облыс орталығында салынып жатқан жетім балаларға арналған отбасылық ауылдың құрылысымен танысты. Ауыл аумағында екіқабатты 8 үй, бір әкімшілік ғимарат орын тепкен. Әр үйде 18 жасқа дейінгі 7-10 балаға арналған отбасылар тұратын болады.

– Құрылыс жұмыстарын тамыз айында аяқтауға тиіспіз. Бірақ мерзімінен бұрын мамыр айында бітіруге қауқарлымыз. Құрылыс алаңында 180 адам жұмыс істеп жатыр. Жалпы құны 538 млн теңге болатын нысан аяқталса, Балалар үйіндегі жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар осында көшіріледі, – дейді «Бест-Стройкомплект» серіктестігінің бас инженері Мұрат Өсербаев.

Дәурен ОМАРОВ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН» АКЦИЯСЫ ӨТКІЗІЛДІ

«Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысының белсенділері «SMALL» супермаркеттер желісімен бірлесіп, «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын өткізді. Бүгінгі күні «SMALL» сауда белгісімен облыста ең ірі 4 супермаркет желісі бар. Шара солардың барлығында өткізілді.

Акция аясында отандық өндірушілердің өнімдері орналасқан сауда сөрелерінің тұсына «Қазақстанда жасалған» деп жазылған түрлі-түсті белгі-тақтайшалар қойылды. Бұл қазақстандық өнімді ерекшелеп, сатып алушылар үшін тартымдылығын арттырды. Бүгінде «SMALL» супермаркеттер желісінің сөрелерінде отандық тұтыну тауарларының үлесі 70 пайыздан асып түседі.

Елбасымыз отандық өндірушілерді қолдауға шақырған болатын. Онда «Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық акциясын бастауды ұсынған еді. Акция барысында сауда желілерінде сатылатын қазақстандық өнімдер көзге бірден түсердей ерекше көрсетіліп қойылады.

«Отандық өнімді ала отырып, біз еліміздің кәсіпорындарының дамуына үлес қосамыз, жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигіземіз. Ал өнім-тауар өндірушілер жұмыс орындарын тұрақты өсіріп отырумен қатар, салық төлейді, айлық береді, осылайша ақша өз елімізде айналымда болады. Бұл тек бізге ғана емес, еліміздің экономикасына да өте тиімді», – дейді, «Қазақстан-2050» Жалпыұлттық қозғалысының Қызылорда облысындағы үйлестірушісі Жасұлан Серіков. Оның айтуы бойынша "Бүгінде қала тұрғындары шетелдік өнімдерден гөрі отандық өнімдерді алуды құп көреді. Мысалы, жеміс-жидектер, ет, балық, т.б. Осы акция барысындағы "Қазақстанда жасалған" деген жазуы бар сілтемелер арқылы адамдар керекті отандық өнімді дүкеннен оңай тауып алады", – дейді.

Өз тілшіміздің.

ОБЛЫСТЫҚ МЕДИЦИНА ОРТАЛЫҒЫ БІРІНШІ ОРЫНДА

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы 2014 жылдың қорытындылары бойынша республика стационарларының рейтингісін жариялады.

Ауруханалар қызметіне баға беру қорытындысы бойынша, ересектерге арналған көпсалалы стационарлар арасында бірінші орынды Сыр өңіріндегі теңдесі жоқ емдеу ұйымы – облыстық медицина орталығы иеленсе, екінші орын Қостанай облыстық ауруханасының еншісіне тиген, ал үшінші орынға Атырау облыстық ауруханасы лайық деп танылған.

Өткен жылы облыстық медицина орталығында 600-ге жуық жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіліп, сәтті шыққан. Соның ішінде республикада төртінші болып бүйрек ауыстыру отасы жасалғаны белгілі. Сондай-ақ, кардиологиялық, инсульттік, нейрохирургиялық, яғни хирургияның барлық саласы бойынша жетілген.

Барлыбек БАТЫР.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБ ҚҰРЫЛДЫ

Кеше ҚР Президенттігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевты қолдауға арналған республикалық қоғамдық штаб өз жұмысын бастады. Штаб төрағасы болып Мұхтар Абраруұлы Құл-Мұхаммед бекітілді.

Сонымен қатар барлық өңірлерде «Нұр Отан» партиясы атынан Президенттікке үміткер партия төрағасы Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдау мақсатында қоғамдық сайлауалды штабтар жұмыс жасай бастады.

Бүгінде «Нұр Отан» партиясынан ұсынылған кандидатты еліміздің ірі төрт партиясы – «Ауыл», «Ақ жол», «Патриоттар», «Бірлік» партиялары қолдап, сенім білдіруде.

Партия басшылығы, партияның облыстық филиал төрағасы және республикалық штаб басшысы Қызылорда облыстық штабын басқаруды «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамовқа тапсырды. «Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялық орталығында БАҚ өкілдеріне арнап брифинг өткізген облыстық штаб басшысы аймақта 1 облыстық, 2 қалалық, және 7 аудан бойынша 10 штаб құрылғанын айтты. Қазіргі таңда штаб құрамы нақтылануда.

Штабтар заң шеңберінде «Нұр Отан» партиясы атынан ұсынылған Президенттікке үміткер Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдаумен, тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен, барша азаматтарды 26-сәуір күні өтетін Президент сайлауына белсене қатысуға шақырумен айналысады. Облыстық штаб құрамына партия белсенділері, барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, ғалымдар, мемлекеттік емес ұйымдар жетекшілері, белсенді жастар, қоғамның әр саласының танымал өкілдері тартылуда.

Штабтар үстіміздегі жылдың 26 наурыз – 24 сәуір аралығында Сайлау туралы ҚР Конституциялық заңы шеңберінде сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жасайтын болады.

– Біз барлық елді мекенге, әрбір үйге жететін боламыз. Қоғамдық штаб жанынан кандидаттың қоғамдық қабылдауы жүргізіледі. Ол Жақаев көшесіндегі «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы ғимаратында орналасады, – деді облыстық штаб басшысы.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

СЪЕЗД ДЕЛЕГАТТАРЫ ПІКІР БӨЛІСТІ

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында «Нұр Отан» партиясының XVI съезінен оралған сырбойылық делегаттар Қылышбай Бисенов, Нұрмұрат Ерманов, Райкүл Байназарова, Нұрхан Жәлиев, Әлима Әбдіхалықова, Абылайхан Сабанбаев БАҚ өкілдеріне арнап баспасөз мәслихатын өткізді.

Қорқыт ата атындағы ҚМУ ректоры Қылышбай Бисенов Мемлекет басшысы ұсынған қазақстандық мемлекеттілікті нығайтудың 5 реформасына тоқталды.

Бес институттық реформа қоғам мен мемлекет біртұтастығын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Елбасы нақ осындай жолдан барлық табысты мемлекеттер өткенін айтты. Реформаның бірінші бағыты экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппаратты қалыптастыруды мұрат тұтқан. Екінші реформа меншік құқығына кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғауға жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсімге негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз етуді көздейді. Үшінші тармағы индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсімге бағытталған. Төртінші тірегі – болашағы біртұтас ұлт. Ал бесінші бағыты транспарентті және есеп беруші мемлекетті өркендетуді мақсат еткен. Аталған реформалар әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына енуді жеделдетіп, билік пен халықтың ерік-жігерін шыңдай түседі.

Облыстық мәслихат депутаты Нұрмұрат Ерманов съезде Елбасының Қызылорда облысының өсіп-өркендеуіне берген жоғары бағасы Сыр еліне жасалған қамқорлықтың нәтижесі екенін атап өтті. Аймақ экономикасы жылдан жылға нығайып, әлеуметтік саланың әлеуеті артып келеді. Облыстық мәслихат депутаты Райкүл Байназарова Елбасы тапсырған мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономиялы етіп жасақтаудың маңызына тоқталды. Президент атап өткендей, сайлаулар, министрлердің, әкімдер мен өзге де басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметке әсер етпеуі, әрбір басшы төменнен бастап барлық басқару сатыларынан өтуі тиіс.

Брифингте сөз алған съезд делегаттары алқалы жиында қабылданған тарихи шешім экономикасы тұрақты, халқы біртұтас қуатты мемлекеттің одан әрі дамуын қамтамасыз ететінін атап өтті. Сондай-ақ Елбасы осы жиында партияластары – барша нұротандықтарды, ел азаматтарын рухани күш біріктіріп, ізгі мақсат – Мәңгілік Ел болу жолында жасампаз істерді бірігіп атқаруға шақырды. Бұл съезд делегаттарына салмақты жауапкершілік, үлкен міндет жүктейді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

МҰНАЙШЫЛАР ПАРТИЯ ҰСЫНЫСЫН ҚОЛДАЙДЫ

«ҚазГермұнай» ЖШС еңбек ұжымы «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде делегаттардың Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Қазақстан Президенттігіне үміткерлікке ұсыну туралы қабылдаған шешімін толығымен қолдайды.

Біздің кәсіпорын мұнай өндіру саласында 20 жылдан астам уақыт жұмыс атқарып келеді. Біз үшін «Үздік әлеуметтік-жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша «Парыз» сыйлығының бас жүлдесін алуымыз үлкен абырой болды. Біздің үлкен жетістіктеріміз – елімізде жүргізіліп отырған сарабдал және көреген саясаттың нәтижесі.

Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан 24 жыл бұрын ойға да келмеген үлкен белестерді бағындырды. Біздің қызметкерлеріміз ертеңгі күнге сенімді, себебі жұмыспен, әлеуметтік жеңілдіктермен қамтылған және барлық өңірлер өсіп, табысты дамуда. 2014 жылы әлемде темір рудасы мен мұнай бағасы әлемдік төмендеуіне қарамастан, Қазақстан экономикасы тұрақты, өндіріс өнімдерінің өсуі байқалуда. Бұл индустриалды даму және жаңа экономикалық саясат бағдарламасын іске асырудың нәтижелері.

Біз, мұнайшылар, еліміздің әлі де ерен табыстарға қол жеткізеріне сенімдіміз. Өйткені, бағытымыз айқын, бірлігіміз бекем. Елдегі осы толайым табысты Елбасының есімімен тығыз байланыстырамыз. Қазақстанның қуатын одан әрі де арттыру жолында аянбай еңбек ете береміз.

«ҚазГермұнай» ЖШС еңбек ұжымы.

Қызылорда облысы ардагерлер кеңесінің облыс жұртшылығына ҮНДЕҮІ

Біздер, Қызылорда облысының ардагерлері, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидаттығын ұсыну жөніндегі шешімін қолдау мақсатында өзіміздің ортақ пікірімізді білдіруді патриоттық әрі азаматтық парызымыз деп білеміз.

Ұлт Көшбасшысының жетекшілігімен әлемге қарыштап дамушы, табысты ел ретінде танылған егемен елімізді қалыптастыруда біздер ауыр жолды бірге бастан өткердік. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында көпэтносты қоғамымызда татулық пен келісім орын алған. Қазіргі таңдағы көрші мемлекеттердегі жанжалдар мен қақтығыстар біздің еліміздегі тұрақтылықтың бағасын ерекшелей түседі.

Біздер соғыстың тауқыметі мен зардабын көріп, ащы дәмін татқан жандар бейбіт өмірдің қадірін жақсы түсінеміз.

Елбасының 1992 жылы ядролық қарудан бас тарту жөніндегі бейбітшіл бастамаларынан бастап, Украинадағы шиеленісті шешудегі үлесі, бүкіләлемдік деңгейде қолдау табуда. Бүгінгі күні әлемнің ірі державалар басшылары Елбасының пікірімен, көзқарасымен санасады. Бұл Мемлекет басшысының әлемдік беделі мен бейбітшілікті насихаттаудағы еңбегінің дәлелі.

Біз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Президенттігіне Кандидаттығын ұсыну жөніндегі шешімін толық қолдайтындығымызды білдіреміз.

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН ЕСКЕРГЕН ШЕШІМ

Облыстық ардагерлер кеңесінде “Нұр Отан” партиясының XVI съезіне қатысып қайтқан делегат Сейілбек Шаухамановпен кездесу өтті.

Кездесу барысында съезд делегаты алқа мүшелеріне жиыннан алған әсерін әңгімеледі.

– Президенттік сайлау өткізу еліміз бен халқымыздың мүддесі үшін өте маңызды, өте жауапты шешім екені белгілі, – деді Сейілбек Шаухаманов. – Бұл қадам Қазақстанның келешегі мен гүлденуі жолындағы қазақстандықтардың жігер-қуатын біріктіру болып табылады. Қазіргі таңда бірлік, келісім және тұрақтылықты бұрынғыдан да біріктіріп, мемлекеттің қайратын ұштау, қоғам мен елдегі барлық азаматтарды Елбасы маңына топтастыру аса маңызды мәселе. Сондай-ақ, бұл – “Қазақстан-2050” және “Мәңгілік Ел” стратегияларын бірлесіп жүзеге асырудың тарихи мүмкіндігі деп білемін. Сондықтан “Нұр Отан” партиясының Елбасы кандидатурасын Президенттікке ұсыну жөніндегі шешімін қолдаудың маңызы зор.

Кездесуде сөз алған алқа мүшелері Қаһарман Табынбаев, Жақай Бодықбаев, Аманкелді Әбдібаев және басқалар партия шешімін қолдауды патриоттық әрі азаматтық парызы санайтындықтарын жеткізді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Кеше Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының отырысы болды, онда Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Қанат Сбашұлы Турагелдиевтің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу және оған өз кандидатурасын қолдап қолдар жинау үшін қол қою парақтарын беру туралы қаулы қабылданды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Бахтияр Өксікбайұлы Естемесовтің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты оны Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ретінде тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдады.

Осы баспасөз қызметінің хабарлауынша аталған үміткерге қатысты жүргізілген тексерудің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Бахтияр Өксікбайұлы Естемесовті Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергендігін анықтау жөніндегі лингвистикалық комиссияның 2015 жылғы 12 наурыздағы №13 қорытындысының негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгермеген деп таныды.

ЖАСАМПАЗ ІСТЕР ЖАЛҒАСТЫҒЫ ИГІ

Шиелі ауданындағы «Волковгеология» АҚ-на қарасты Геологиялық барлау экспедициясы – аймақтағы ірі өндіріс орнының бірі. Еліміздің әр өңірінде 6 филиалы барлау жұмыстарымен шұғылданады. Онда бір мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың дені жергілікті тұрғындар. Аптаның бейсенбісі күні кәсіпорын жұмысшы-қызметкерлерінің ұсынысы бойынша жалпы жиналыс өткізіліп, онда еліміздегі ірі саяси науқан – Қазақстан Республикасы Президентін сайлауға қатысты мәселе өзек етілді.

Жиналысты кәсіпорын директорының міндетін атқарушы Василий Сковернюк ашып, жүргізіп отырды. Ол өзінің алғы сөзінде «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVI съезінде мемлекетіміздің қарыштап өсуімен қатар, онан әрі өркен жаюы сөз етілді. Алдағы Президент сайлауына Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың қатысуы туралы көпшіліктен ұсыныстар түсіп, оған Елбасы өз келісімін бергендігін мәлім етті.

Жиын барысында жарыссөзге шыққан заңгер Нұрдәулет Әлжанов, мекемедегі кәсіподақ комитетінің төрағасы Ғафур Жұмабаев және басқалар Н.Назарбаевтың кандидатурасын президенттікке үміткер ретінде ұсынған «Нұр Отан» партиясының ұсынысын қоладайтындықтарын айтты. Жиналыс жасампаз істердің өз қалпында жалғасуына сенім білдіріп, тиісті қаулы қабылдады.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы

ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ СЕНЕМІЗ

Мемлекет басшысы, Партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалық етуімен өткен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVI съезін ардагерлер болып бағдарладық.

Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылордадан көруге болатынын атаған Нұрсұлтан Назарбаев Арал аймағында жұмыс қалмай, Сырдың өзінде бірде су тапшы болса, енді бірде асып-тасып жатқандығын тілге тиек етті.

– Ақсақалдармен ақылдасып, бәрін қолға алып, жағдай жасауды бастадық. Кіші Аралға халық қайта келіп, балық кәсібіне ден қоя бастады. Қызылорда арқылы өтетін автокөлік желісі салынды. Газ құбыры да батыстан оңтүстікке келді. Сырдың үстінен көпір салынды. Қызылорданың өзі де көркейіп, әлемнің 20 елінде ғана жүрекке жасалатын операция қазір Қызылордада жасалатын болды, – деді Елбасы.

Қазақстан өз алдына шаңырақ көтеріп Тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап Нұрсұлтан Назарбаев көшбасшысы ретінде жас мемлекетті соны жолға салды, өзгеге ұқсамайтын нақты бағыт ұстанып, әлем алдындағы абыройын, өзіндік бет-бейнесін қалыптастыруға үлкен күш жұмсады. Әуелі экономикаға көңіл бөліп, халықтың әл-ауқатын арттыру жолына толайым күш жұмсап, Қазақстан мемлекетінің жаңа замандағы тарихи бағдарын қалыптастырды. Біздер де, алдыңғы буын өкілдері, еліміздің бүгінгі «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» берекелі шағын көріп, жас ұрпағымыздың білім мен өркениет жолында қол жеткізіп келе жатқан жетістіктеріне сүйсінеміз, әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерімен тең дәрежеде саяси-экономикалық қарым-қатынас жасаған жаңа Қазақстанның бағыт-бағдарына, келешегіне зор сеніммен қараймыз.

Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз. Біз алаңсыз жұмыс істей алатынымызға, лайықты табыс табатынымызға, балаларымызды тәрбиелеп, болашаққа сеніммен қарайтынымызға қуаныштымыз.

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТОВ,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР ФЛЕШМОБ ӨТКІЗДІ

«Нұр Отан» партиясының XVI съезінде Елбасы Н.Назарбаевтың кандидатурасы ҚР Президенттігіне ұсынылуына орай қызылордалық үш жүзге жуық белсенді жас орталық алаңға жиналып, флешмоб өткізді.

Шара өткізуге атсалысқан аймақтың белсенді жастар ұйымдары – ел болашағы үшін сайлаудың жастар арасындағы маңыздылығын жеткізуді көздеді. Сонымен қатар, жаңа қазақстандық патриотизмді, ұлттық рухты қалыптастыру, егеменді еліміздің қол жеткізген жетістіктерін дәріптеу, өскелең ұрпақты Отанын, елін, жерін сүюге тәрбиелеу және «Қазақстан-2050» жалпыұлттық қозғалысын насихаттау болып табылады.

Флэшмобқа белсенді жастар ұйымдарының жетекшілері, ерікті жастар, жастар комитеттері мен жастар парламентінің депутаттары қатысты. Шарада сөз алған «Жас Отан» Жастар қанаты қалалық филиалының атқарушы хатшысы Әлішер Қардашов Президент сайлауына қатысудың ел тарихы үшін маңызды екенін және үлкен жауапкершілік жүктейтінін айта келе, жастарды сайлауға белсене қатысуға шақырды.

Сондай-ақ, «Қазақстан - 2050» жалпыұлттық қозғалысы мен облыстың белсенді жастар ұйымдары «Small» сауда орталығында «Менің елім – Мәңгілік ел!» атты флэшмоб өткізді. Жас өрендер қолдарына «I love Kazakhstan», «Мәңгілік ел», «I love KZ» көрнекі құралдары мен жалаушаларын ұстап, бір сәтте Қазақстан Республикасының Әнұранын шырқады. Жастар, келешек ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруды көздейді және «Нұр Отан» партиясы атынан ұсынылған Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдауды қалайды.

Нұрбек САҒАТҰЛЫ.

АЙМАҚТА ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛМАҚ

Еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі С.Асфендияров атындағы университеттің негізі қаланғанына биыл 85 жыл толып отыр. Осыған орай медицина университетінің ұжымы өңірлерді аралап, мерейтойлық шараларын бастап кетті.

Білім ордасының оқытушылар құрамы осы бағыттағы ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысы мен шеберлік сыныбын Сыр өңірінен бастады. Облыстық медицина орталығының мәжіліс залында өткен жиында С.Асфендияров атындағы медицина университетінің ректоры Айқын Ақанов бастаған ғалымдар дәрігерлермен кездесіп, сапар мақсатына тоқталып, медицина университетінің тарихымен, қазіргі ахуалымен таныстырды.

Айта кету керек, еліміздегі алғаш құрылған медицина мамандарын даярлайтын жоғары оқу орны республикадағы үздік он университеттің қатарына кіреді. Сексен бес жылдық тарихы бар қара шаңырақтан 70 мыңнан астам маман түлеп ұшқан. Олардың арасында қызылордалық білікті мамандар да бар. Олардың ішінде, Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері Ернияз Омаров, облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова, профессор, академик Болатбек Баймаханов және білікті тіс дәрігері Жеңісбек Ысқақовтың есімдері ерекше аталады.

Шара барысында оқу орнының оқытушылары өңірдің 120 дәрігерін қайта оқытып, білімдерін көтеруде. Әсіресе, жаңа туылған сәбилер арасындағы кемтарлықты, неврологиялық өзгерістерді емдеу, инсульттен кейінгі ем-шаралар, анестезиология тәсілдері, бір сөзбен айтқанда, соңғы жаңалықтарды игеру тәсілдері жүзеге асырылмақ. Төрт-бес күнге созылатын семинар соңында қатысушыларға арнайы сертификаттар табысталады.

Сонымен қатар, аталған білім ордасының мамандары ақжолтай жаңалықтарымен бөлісті. Яғни, медицинадағы жетекші оқу орнының жоспары – Сырдың бас шаһарынан университеттің оқу бөлімін ашу екен. Бұл өз кезегінде облысымызда дәрігерлердің ғылыммен айналысуына мүмкіндік бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● БРИФИНГ

ОҢТҮСТІК АУДАНДА ӨНЕРКӘСІП ӨРІСТЕЙ ТҮСПЕК

«Сыр медиа» ЖШС жанындағы Қызылорда облыстық коммуникациялар орталығында өткен кезекті брифингте Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Қаржыбек Бүркітбаев ауданда дағдарысқа қарсы жасалып жатқан шаралар жөнінде әңгімелеп берді.

Қ.Бүркітбаев атап өткеніндей, аудан әкімінің өкімімен дағдарысқа қарсы жұмысшы топ құрылып, азық-түлік бағасының өсіп кетпеуін қадағалау мақсатында жұмыстар атқарылуда. Халық тұтынатын тауарлардың 33 түріне күнделікті бақылау мониторинг жүргізіліп, бағалар жайлы мәліметтер тиісті орындарға уақытылы беріліп отыр. Ауданда тұтыну тауарларының бағаларын шектен тыс көтермеу жөнінде жергілікті бірқатар кәсіпкерлермен меморандумдар жасалған. Тұрғындарды арзан ұнмен және нанмен қамтамасыз ету үшін кәсібі қалыптасқан «НұрӘділ», «Нұрасыл», «Ынтымақ», «Сырдария», «Магжан» және «Сұңқар» жеке кәсіпкерлікпен меморандум жасалды. 2015 жылдың басына дейін 1520 тонна әлеуметтік ұн жеткізілді. Халық көп тұтынатын ет, сүт, өсімдік майы, нан, күріш, бағалары өткен жылмен салыстырғанда тұрақты. Облыстық азық-түлік тұрақтандыру қорының негізін жасау үшін Жайылма ауылдық округінен үш шаруа қожалығы «Байқоңыр» ӘКК-нің «Қызылорда қаржы компаниясы» мекемесімен фьючерлік келісімдер жүргізілуде. Бұл шаруашылықтар компаниядан 25 млн теңге қаржы алып, тамшылатып суару технологиясымен картоп егіп, тұрақтандыру қорына 500 тонна көлемде картоп өткізуді жоспарлап отыр.

Аудан әкімінің орынбасары кәсіпкерлік жаңақорғандық көптеген азаматтардың тіршілік көзіне айналып отырғанын жеткізді. Олардың белсенді жұмыстарының арқасында аудан халқының азық-түлік, тұрмыстық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандырып келеді. Ауданда 2610 шағын кәсіпкерлік субъектілер тіркеліп отыр. Оның ішінде 134-і заңды тұлғалар, 606-сы шаруа қожалықтары, 1870-сі жеке кәсіпкерлер. Жұмыспен қамтылғандар саны 5470 адам болса, 7,8 млрд теңгенің өнімі өндірілген және қызметі көрсетілген. Ал бюджетке түскен салық көлемі 366,3 млн теңгені құрады. Қ.Бүркітбаев 2013 жылмен салыстырғанда белсенді кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2014 жылы 104,2 пайызға, жұмыспен қамтылғандар 102 пайызға, шығарылған өнім мен көрсетілген қызмет 123,7 пайызға, бюджетке түскен салық 104,2 пайызға артқанын атап өтті. Ал Жаңақорғандағы жұмыссыздар үлесі 4,9 пайыз, бұл облыстағы ең төменгі көрсеткіш саналады.

Аудан орталығында кіші кәсіпкерлікке арналған шағын индустриялық аймақ құру бағытында жұмыстар жүргізілуде. Бұл аймақта келешек шағын өндірістік бағытта жұмыс істейтін 50-60 нысан орналасатын болады. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автодәлізі бойындағы жұмыс істеп тұрған 3 жол бойы қызмет көрсету нысаны тиісті талаптарға сәйкестендіріледі, сонымен қатар үш жаңа нысан салынатын болады. Ал ауылшаруашылық саласында да бірнеше инвестициялық жобалар іске асыру көзделіп отыр. Ол бойынша жүзім, қызанақ, алма, басқа да бау-бақша өнімдерін өсіретін алқаптар құру жоспары бар.

Жаңақорған ауданы бойынша 2014 жылы өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі өткен кезеңмен салыстырғанда 130 пайызға өсіп, 38,7 млрд теңге жетті. Хабарламашы индустриалды-инновациялық дамудың екінші бесжылдығында ауданда бірнеше инвестициялық жобалар іске асырылу жоспарланып отырғанын айтып өтті. «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ «Тау-кен самұрық» АҚ меншігіне өтті. Кеніштен кен өндіру және байыту фабрикасын салуға дайындық жұмыстары басталды. Мұнан басқа «Южшахтострой» ЖШС-ның қуаты 75 мВт жел электр станциясы, «Жаңақорғанэнерджи» ЖШС-нің қуаты 50 мВт күн электр станциясы, «Global Energy Company» ЖШС-ның Шалқия және Жайылма елді мекендері аралығындағы Жанбай өңірінде салынатын қуаты 24,94 мВт жел-күн электрстанциясы инновациялық жобасы, «IBC Solar GmbH» компаниясының қуаты 50 мВт күн электр станциясы жобаларын іске асыру жоспарлануда. Жоба бастамашыларымен нақтылау жұмыстары жүргізілуде. Міне, осы жоғарыда аталған жобалар Жаңақорған ауданында мемлекеттік бағдарламалардың ойдағыдай жүзеге асырылуына, сонымен бірге жұмыс орындарының көптеп ашылуына мол септігін тигізбек.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

● ТАЛҚЫ

ДАҒДАРЫС ҒАЛЫМДАР НАЗАРЫНДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде "Ел Президентінің дағдарысқа қарсы бағдарламалары мен жаһандық үн қатуларын сараптамалық талқылау" тақырыбында ғалымдар пікір алмасты. Шараның мақсаты – қазіргі таңда туындап жатқан әлемдік дағдарыс, оның Қазақстан экономикасына тигізер салдары және оларды шешу жолдары туралы ой бөлісу.

Расында бүгінгі күні бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келуде. Экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Сондықтан Қазақстан әлемдік экономиканың бір бөлшегі болатындықтан барлық болып жатқан теріс ықпалдың әсері болуы мүмкін. Осы мәселелерді ескере отырып Елбасы жаһандық сыннан сүрінбей өту, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын бірқалыпты ұстау үшін "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауын жұртшылыққа ұсынғаны белгілі. Сол мезеттен бастап Үкімет жалпы экономиканың барлық салалары Жолдау аясында жоспарларын жасап, дағдарысқа қарсы бағдарламалар қолға алынуда.

Жиында университет ғалымдары, экономика ғылымдарының кандидаттары Асылбек Наурызбаевтың "Жаһандық дағдарыс жағдайында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету", Айгүл Мұхановаңың "Дағдарысқа қарсы бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділіктері", Бақытжамал Айдосованың "Қазақстан – 2050" стратегиясы аясындағы салық саясаты" тақырыбындағы баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Басқосуда сөз алған университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Ибадулла Таутенов, тарих, құқық және экономика факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлшат Дүзелбаева талқыланып отырған тақырыптың маңыздылығына тоқталса, өзге ғалымдар ойларын ортаға салды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЕҢБЕК ӨТІЛІНЕ САЙ БЕЛГІЛЕНЕДІ

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Светлана Жақыпова Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап негізгі базалық зейнетақы адамның еңбек өтіліне байланысты белгіленетінін айтты.

– Зейнетақы жүйесін қайта жаңғыртудың бірінші кезеңі 2014 жылы аяқталды. Бұл кезеңде біз ауыр және денсаулыққа зиянды жұмыс істейтін адамдар үшін басшылық міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын төлеу деген ережені енгіздік», – дейді ол. Вице-министрдің айтуынша, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда зейнетақы жүйесіне тағы өзгеріс енгізіледі.

– 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап негізгі базалық зейнетақы адамның еңбек өтіліне байланысты белгіленеді. Адам кемінде 10 жыл жұмыс істеген болса, зейнетақы бір ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 пайыз көлемінде белгіленеді. Одан кейінгі әр он жылға 2 пайыздан қосылып отырады, яғни, қызметкер 20 жыл жұмыс істесе, базалық зейнетақы көлемі бір ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызын құрайды», – деп түсіндірді вице-министр.

Ел құлақ түрген мәселені егжей-тегжейлі талдаған С.Жақыпова:

– Біз Кеңес дәуіріндегідей еңбек өтілі есептелетін базалық зейнетақы тағайындау тетігін сақтаймыз, 1991-1998 жылдар аралығы шектеусіз қабылданады, оған қоса 1998 жылдан бастап қатысушының жинақтаушы жүйедегі өтілі ескеріледі, осыған сәйкес базалық зейнетақы өседі деп күтілуде, – деді.

Сондай-ақ мамыр айынан бастап «Қазпошта» шалғай аудандарда тұратын азаматтардан зейнетақы мен жәрдемақы тағайындауға құжаттар қабылдай бастайды. Оған қоса медициналық-әлеуметтік сараптама қызметінің мүгедектікті белгілеуіне құжаттар қабылдау ұйымдастырылады.

М.МЕРЕЙ.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫ

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында еліміздің айтулы ұлық мерекесі Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақ хандығы тарихын зерттеу мен оқытудың келелі мәселелері» атты тақырып аясында дөңгелек үстел болып өтті. Басқосуға тарихшылардан бөлек, философтар, мектеп мұғалімдері мен студенттер қатысты. Шараны филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы жүргізіп отырды.

ТАРИХТЫ ТАРАЗЫЛАУДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ

Шараның басты мақсаты – жастарды отан сүйгіштікке тәрбиелеу, өз тарихын білуге үндеу, сондай-ақ, кейінгі ұрпаққа тарихтың ақиқатын үйрету.

Дөңгелек үстел барысында тарих ғылымдарының кандидаты, «Болашақ» университетінің аға оқытушысы Карпат Әлібеков «Қазақ хандығы – қазақ мемлекеттілігінің негізі» тақырыбы аясында баяндама жасаса, «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты директорының орынбасары Сәкен Серікбаев «Қазақ хандығы тарихының өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі маңызын» сөз етті. Ал, география ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Қали Омаров «Батыр ханның Отан тарихындағы орнын» айтса, тарих магистрі Аманкүл Әзірбекова «Қазақ хандығын нығайтудағы Қасым ханның еңбегін» баяндады. Сонымен бірге қазақ хандығының астанасы болған Сығанақ қаласы туралы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі Әзілхан Тәжекеев мағлұмат берді.

«Қазақ хандығы қазақтардың төл мемлекеті. Мемлекеті бар халық ол бақытты. Мемлекеті жоқ халықтың тілі, діні, мәдениеті мен рухани өмірі болмайды. Тіпті, ондай елдің болашағы бұлыңғыр. Сондықтан биыл қазақ хандығының 550 жылдығы мерекесі қазақ халқы ұлықтайтын мереке болып отыр. Осы айтулы күнді мерекелеу барысында мемлекетшіл бағыттағы идеяларды насихаттап, жастарды патриоттық тәрбиеге баулуымыз керек», - деді тарих ғылымдарының кандидаты Сәкен Серікбаев.

Жиында ауқымды да келелі тақырыптар қозғалды. Әсіресе, қазақ хандығының қалыптасу кезеңдері мен тарихи заңдылықтары, Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтудің тұжырымдамасы тілге тиек болды. Осыған орай, түрлі ұсыныстар мен пікірлер де айтылып, көпшіліктің талқысына түсті. Мәселен, орта мектептердегі «Қазақстан тарихы» оқулықтарын қайта қарау, яғни, тарихи оқиғалардан кеткен олқылықтардың орнын толтыру, қазақ хандығын дәріптеуді білім жүйелеріне батыл түрде енгізу, жас ерекшеліктеріне сай оқу үдерісіне қазақ хандығының құрылу тарихы, қазақ хандарының тарихтағы орны мен ролі сияқты тақырыптарды қосымша оқу бағдарламалары мен деректі фильмдерге түсіріп жастарға көрсету, сонымен бірге, мерекеге шетелдегі диаспораларды қатыстыру арқылы тарихымызды, тіліміз бен дінімізді қайта жаңғырту секілді маңызды ұсыныстар қатысушылардың көңілінен шығып жатты. Жалпы мемлекеттілігіміз бен елдігімізді, бірлігімізді дәріптеуді көздеген бұл шара тарихи тағылым беріп қоймай, көпшіліктің көңіліне ой сала білді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

«КӨШПЕНДІЛЕР» КӨРЕРМЕНІН ТАПТЫ

Биыл Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл. Осыған орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар өтуде. Соның бірі "Жібек жолы" ойын-сауық орталығының кинотеатрында жастарға арнап "Көшпенділер" атты тарихи фильм көрсетілді. Шара "Жастарды қолдау орталығы" МКМ-ның ұйытқы болуымен өтті.

Шара жастарды отансүйгіштікке баулуды, оларға ел тарихы туралы кеңінен мағлұмат беруді көздейді.

Фильмде жоңғар шапқыншылығы кезеңі суреттеледі. Туындының өн бойынан ұрпағын жастайынан батырлыққа, намыс пен қайсарлыққа баулитын ұлт қасиетін аңғаруға болады. Сонымен қатар Абылай ханның ерлігі де ерекше бейнеленеді. Жастар фильм арқылы тарихтан керекті мағлұмат ала білді.

Сондай-ақ, тарихи фильмді жастар тегін тамашалауға мүмкіндік алды. Алдағы уақытта мұндай игі шаралар жалғасын одан әрі табатын болды.

С.АДАЙБАЕВА.

ЕЛ ТАТУЛЫҒЫНА ЖАСТАР ДА ҮН ҚОСТЫ

Қызылорда қазақ гуманитарлық-заң және техникалық колледжінде «Алтын ұя» этнопедагогикалық және «IZET» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Бірлік – бабалар өсиеті, Сыр бойындағы сарпіліске себеп» тақырыбы аясында дөңгелек үстел болып өтті.

Ел бірлігін дәріптеуді мақсат еткен шарада ұлыстар мен ұлттар татулығы, тілге, дінге, туған жер мен Отанға деген құрмет сөз етілді. Әсіресе, қиын кезеңде қаншама ұлтқа пана болып, бауырына баса білген Сыр еліндегі халықтардың бүгінгі берекелі тіршілігі мен ынтымағы тілге тиек болды. Жиын барысында суретші, доцент Аппаз Жүсіпов «Қазақстан – әлемдегі көпұлтты мемлекет» тақырыбы аясында өз ойын жеткізсе, аталмыш оқу орнының студенті Ақгүл Ғалымжанова жастардың атынан сөз алып, ел бірлігін арттыруда жастардың үлесінің зор екенін, әрі оны дамытуға Сыр жастарының дайын екенін айтты. Сондай-ақ, дөңгелек үстел кезінде қатысушыларға Ассамблеяның өңірде атқарып жатқан жұмыстары турасында бейнероликтер көрсетіліп, ағаш шебері, қазақтың қолөнерін зерттеуші Фахруддин Садықовтың туындылары көпшіліктің назарына ұсынылды. Осылайша, еліміздің жеткен жетістіктерін бағалай білуді, аймақтағы достық пен ынтымақты сақтауды сөз еткен қатысушылар тұшымды ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді.

М.ОТАРАЛЫ.

ЭТНОСАРАЛЫҚ МӘДЕНИ СҰХБАТ – ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ ФИЛОСОФИЯСЫ

Өткен жолғы мақаламызда қоғамдық келісімнің негізгі тірегінің бірі – толеранттылық туралы айтып едік. Ал бүгін этносаралық мәдени сұхбаттың қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты қалыптастырудағы рөліне тоқтамақпыз.

Қазіргі Қазақстандағы этносаралық жағдайға келетін болсақ, қоғамның идеологиясы мен саясаты қазақ халқының мәдениетін негізгі тұғыр ретінде басқа этнос пен диаспора өкілдерінің ұлттық мәдениетке көзқарасын толеранттылық тұрғыдан қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек өзгермелі заманға бейімделу адамдардың өз мәдениетіне адалдығын сақтай отырып, титулдық этностың мәдениетін жан-жақты меңгеру арқылы үйлесімділігін табу тұрақты дамудың сәтті стратегиясы болып табылады. Біздің пайымдауымызша, осы стратегияны жүзеге асыру Қазақстан халқы Ассамблеясы негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Аталған стратегияның негізі Қазақстан Конституциясында жазылған. «Қазақстан унитарлық мемлекет» деген қағида егемендікке қол жеткізген қазақ елі. Осыған орай Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт – қазақтардың тілі мемлекеттік тіл болып қабылданды. Унитарлық мемлекетте жалғыз титулдық ұлттың тілі ортақ коммуникациялық құрал қызметін атқарады. Екінші мемлекеттік тіл қабылдау жасанды шара болар еді. Өйткені қазақ елі өз тарихының барлық кезеңдерінде федеративтік құрама болған емес. Сондықтан ел болмысында орын теппеген және дәстүрінде мүлдем болмаған полимәдениетті тіл саясатын ұстану логикалық жағынан да, тарихи шындық тұрғысынан да қате болып табылады. Біздің пайымдауымызша, мульти мәдениеттің кемшілігін анықтайтын және осындай сыңаржақтықты жоюдың бірденбір жолы елімізді мекендеген этностар мен диаспоралардың өзара қатынастарын реттеу құралы мәдени сұхбат болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйымдастырушылық жұмыстарының өзегі этносаралық сұхбаттың сан түрлі нұсқаларын ұйымдастыру. Этносаралық сұхбатты нәтижелі қамтамасыз етудің жағдайлары мен факторларын айқындауға кіріспес бұрын, мәселеге желі болып отырған сұхбаттың табиғаты мен методологиялық және әдістемелік мүмкіндіктерін талдайық.Осы мәселені тереңзерттеген ғалымдардың ішінде белгілі Ресей философы В.С.Библердің «Мәдениеттер сұхбаты» атты ғылыми еңбегінде арнайы қарастырылған. Сонымен қатар сұхбаттың мәдениет мәтіндерін талдау құралы ретінде пайдаланып, оның ішкі құрамы мен тұңғиық құрылымын және адамаралық пікір алмасудың мазмұнын қарастыруда белгілі ойшыл М.Бахтиннің еңбегін атап өтуге болады. Алдымен сұхбаттың табиғаты мен құрылымына тоқталайық. Сұхбаттық ұстаным таным субъектілерінің әртүрлігінен басталып, адамдардың өзара қатынастарына сүйенеді және танымның көптүрлі субъектілерінің ашық пікір алмасу барысында келісімдерімен айшықталады. Бұнда білімнің дәрежесі ерекше түсіндіріледі, себебі ол объективті-идеалды ақиқат түрінде дайын берілмейді және ол мәдени анықталатын өзара әрекеттің нәтижесі болып табылады. Өзара субъективтік білім ақиқаттығының кепілі бола алмайды, білім тек шындыққа ұқсас дәрежеде өмір сүреді. Ол модельді, себебі, мәдениет контекстіне байланысты. Ал білімнің модельдігі әртүрлі деңгейде – ықтимал және шартты пікірлерден қауымдастық пен өзара қатынастағы адамдардың барлығы мойындайтын жалпы пікірлерге дейін көрсетілген. Сөйтіп, таным процесіне әлеуметтік-мәдени өлшем енгізіледі.

«Әлеуметтік жүйедегі этникалық мәдениеттер сұхбаты» идеясының теориялық-методологиялық және практикалық-әдістемелік қоры шексіз. Сұхбат Мен және Сен, яғни, бір-біріне тең екі бастаулардың өзара қатынасы болып табылады. Олармен қатар Мен және Ол деген объекттік, тәжірибе әлемін сипаттайтын қатынастар да енгізіледі. Трансценденталистік ұстанымға сай жалпы сананың бар екеніне қарамастан, біз адам болмысының және әлемнің адамға қатынасы бар екенін мойындаймыз. Мен үшін міндетті түрде Сен қажет, ал Сен Менсіз ешқашан толық түрде емес. Мен және Сен қатынастары ой елегінен өткізіледі, олар бір-бірінсіз тіршілік ете алмайды. Мен өз алдына жеке өмір сүрмейді. Мен әрқашан Сен немесе Ол қатынасы арқылы тіршілік етеді.

Сұхбат философиясы эгоцентризмге қарсы. Ол арақатынас ұғымынан басталады. Себебі, Мен әрдайым қатынас арасында тіршілік етеді. Мен және Сен қатынасы – өзара қабылдау қатынасы болып табылады. Бұл заттар мен құбылыстар арасындағы қатынастар емес. Бұл – бір-бірімен кездесу, араласу қатынасы. Сен және Мен түсіністік арқылы кездеседі, оны ізденіс арқылы табу мүмкін емес. Сен және Мен бір-бірін өзара қарсы алады. Мен өзімнің саған қатынасым арқылы ғана өзімді табамын, ал Мен болған кезімде мен Сен деп сөйлеймін. Яғни, әрбір шынайы өмір – кездесу, қауышу болып табылады.

Мен және Сеннің өзара қатынасының нәтижесі – сыйластықта, ынтымақтастықта көрініс табады. Сыйластық, ынтымақтастық қос субъектілердің ортасында пайда болатын бірегей құбылыс. Сыйластық, ынтымақтастық міндетті түрде өзара жауапкершілікті қажет етеді. Осы ұғымның нәтижесінде «барлық адамдардың» өзара теңдігін бекітеді.

Егер «Мен - Сен» қатынастары теңдікте болмаса, онда «Мен-Ол» қатынасы жанама және жаттанған болып шығуы мүмкін. Мұндай жағдайда Мен және Сен қатынасы, Мен және Ол қатынасы арасында кібіртікке жол беріледі. Тілді сыйламау, түсінбеу Мен және Сен арасындағы қатынастарды қиындатады. Тіл Сен және Мен аралығында мәдениеттің объективті мәні болғандықтан, мәдениет, әдебиет, ғылым шығармаларының өмірге келу аймағы. Мен және Сен арасында Ол орналасқандықтан өзара қатынас, түсінушілік, мөлдірліктің жойылуына жол берілмеуі керек. Менің бейнем тіл мен мәдениет шығармаларында орын алып, қайтадан Сен болу үшін Ол әлемнің мәдени құрылымына еніп, оның құрамдас бөлігіне айналады. Адам Ол әлемінде объективтенбейінше, оның болмыс құруы мүмкін емес, бірақ ондай адам әлі тұлға болып қалыптаспайды. Ол әлі Мен тұлғасын меңгерген жоқ. Сөйтіп адамның әлемге және өзге адамға арақатынасында адамның өзіне жат, объектіленген, заттанған нәрсе орын алады. Кез келген мәдениеттің мәні Мен және Сен кездесулерінде жүзеге асатын бірлескен болмыс туғызуға, яғни рухани актіге негізделген. Осы мәдени шығармашылық келесі ұрпақ мүшелерінің күшімен тұрақтыланады және бекітіледі. Бірақ адам өзі ықпал жасап қана қоймай, оған әсер еткен кездерде мәдени жасампаздыққа қабілетті. Егер мәдениет тірі процесс – қатынас ретінде үздіксіз жаңаруға қабілетті болмаса, онда ол тоқтайды және жатсынады.

Мәдени сұхбат өзгені өзгертуді мақсат тұтпайды, оған өз шындығыңды түсіндіруге немесе сынауға болмайды. Керісінше адамилық пен адамзаттың шынайы бейнесін қалыптастырады. Сұхбаттың үш түрі бар: 1) күнделікті тіршілікті жүзеге асыру қажеттігі мен ұғынудың пәндік бағыты арқасында ынталанған техникалық-инструменталдік сұхбат; 2) сұхбат түрінде бейнеленіп, адамның өзіне ғана бағытталған, жеке адамның сөзі (монолог); 3) адамның жеке білімі және осыған қоса барлық болмысы өзектендірілген және өз-болмысы, өзгенің болмысымен, яғни сұхбаттасу әріптесімен қабысқан, шынайы сұхбат. Шынайы сұхбат әріптесіне тұтас болмысымен толық бұрылуын қажет етеді. Сұхбатта субъектілердің тұтастығы «оқиға» ретінде бейнеленеді. Осының арқасында адам өзін субъект ретінде сезінеді. Адам өзін болмыстың әртүрлі жақтарына – өткенге, қазіргі заманға және болашаққа, материалдық пен руханилыққа, табиғат пен әлеуметтік-мәдени ортаға, өндіріс пен тұтынуға енгізіп, кең арнада өз бостандығы мен жеке басын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Ең маңыздысы, ол мәдениетке өзін-өзі енгізеді.

Жоғарыда көрсетілген сұхбаттың логикалық құрылымы әлеуметтік практиканың этносаралық саласында да өз қолдануын табады. Этнос өкілдері арақатысындағы утилитарлық және прагматикалық бағдарларын жоюда және өзге мәселелерді шешу контекстінде осы идеяны кездейсоқ немесе үзік-үзік түрде бірқатар авторлар да пайдаланған. Біз мақалада «сұхбаттар идеясы» әлеуметтік жүйесі субъектілерінің этникалық сұранымдарына сайма-сай болуы мен оны жүзеге асыру тұрғысынан қарастырдық. Мақалада қойылған мәселелерді шешудің басты факторы – қазақ ұлтының толыққанды қалыптасуымен байланысты.

Еліміздегі этносаралық моделді бекіту үшін уақыт талабына сай рәсімдерді қалыптастыру керек. Рәсімнің субъективті мазмұны мен маңызы әлеуметтік процеске қатысушылар үшін өте зор. Ол дәстүрлі мәдениетке терең тамырланған. Оның мәні сөзден тысқары берілетіндіктен, ол сөз ретінде бейнеленуді мүлдем қажет етпейді. Рәсім дәстүрлі қоғам коммуникациясының өзге формасының бейнесі. Дәстүрлі қоғамдағы сана асықпайтын эволюция жолымен өзгергендіктен әрқашан тұрақтылыққа ұмтылады. Дәстүрлі қоғам өз-өзіне тепе-тең болғандықтан, рәсімді қажет етеді. Себебі, рәсім қоғамның семиотикалық құрылымын қарапайымданудан сақтайтын субъективті тәжірибені жүзеге асырудың интуициялық және магиялық каналдарын пайдаланады. Рәсім дәстүрлі сана кеңістігінің біртектілігінің құрылымын күрделендіреді және жеке адамдарды транссубъективті – болмыстың қасиетті деңгейіне шығарады. Осы нәтижеге шығу үшін рәсім сананың келесі үш деңгейінен өткізеді. Біріншісі – қарапайым ортаны түсіндіретін сана. Оның мазмұны адамның өздігін, өзін-өзі бекітудің, тұрмыстық жағдайын ой елегінен өткізетін деңгей. Екіншісі – магиялық сана, ол дүниені бейнелеп қана қоймай, оны белсенді түрде құрастырады және қалыптастырады. Үшіншісі – метафизикалық санада руханилық, мән туралы мазмұн алады.

Әлеуметтік процесс ұлттық менталитет пен практиканың екі типінің: монолог пен сұхбаттың арақатынасына негізделген. Олар әлеуметтік кеңістіктің мәні болып табылады. Олардың ешқайсысын алдын-ала таңдамай-ақ мазмұндарын ашамыз. Монолог әлеуметтік тәрбие мен білімді технократиялық тұрғыдан түсінуге негізделген. Ол сыртқары пошым, стандартталған және жаттанған құбылыс болып табылады. Монологизмді жабықтық, шектелу, авторитарлық көзқарас тұрғысынан сипаттау керек. Онда өзгенің пікіріне шыдамсыздық білдіру, тек өз тұлғасын ғана дәріптеу орын алады. Ол әлеуметтік субъектілер арасында утилитарлық, формальді қатынас орнатады. Ол тек жауырын болған пікірлерді жатқа қайталап, басқалардың көзқарастарын немесе ұстанымдарын таратумен ғана айналысады. Оның қызметі – ақпаратты ұғынбай, тек қабылдау және таратумен айналысу болып табылады. Яғни, Қазақстан халқы Ассамблеясы этнос өкілдерінің отанды сүю, патриоттық рух деңгейіне жеткізуге күш салуы керек.

Мәдени сұхбат-әңгімелесудің идеальдік-типтік үлгісі болып табылады. Әңгімелесудің барлық тізгіндері әртүрлі ұстанымдардың, көзқарастардың, пікірлердің тоғысуы, ұстанымдардың қабысулары мен алшақ болуы – барлығы осы үлгіге ұмтылады. Бұл төлтума оқиға. Себебі, жеке адамдар деңгейіндегі ақиқат жайындағы түсініктердің кездесуі, оның әңгімелесушілердің ешқайсысының жеке жағында емес екендігін көрсетіп, ол тек адамаралық мәдени сұхбаттасу барысында қосарланған ізденіс арқылы ғана туатынын айқындайды. Сұхбат әрбір қатысушысын өзінің түбегейлі толымсыздығын ашық мойындап, өзіне тән мәнін тауып және қайта қалпына келтіруге ынталандырады. Сұхбатқа қатысушы әрбір адам жеке тәжірибесі мен өздік Меннің шекарасының сыртына шығып, өзін өсіруге, жетілдіруге жеткізеді. Сұхбат әлеуметтік процестің этномәдениеттік мазмұнын, оның субъектілеріне әртүрлі этностың және ұлттың өкілдері ретінде қарастыру арқылы бір-біріне түсінісінің қалыптасуына әсер етеді. Субъектілер бірлесудің басты тізбегі ретінде өздерінің жеке бас этникалық белгілері мен салаларының маңайында тартылыс өрісін қалыптастырады. Сондықтан қоғамдағы өмір сүріп жатқан этностардың қазақ ұлтының маңайына бірігіп, өзара бейімделу мәселесін зерттемей, әлеуметтің ішкі жұмыстарының барлық салаларын этномәдени контексте сәтті ұйымдастыру мүмкін емес.

Мұстафа МАТАЕВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, академик,
Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор.

Облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысы Арал ауданындағы «Қамбаш» сауықтыру орталығында өтті. Мектеп оқушыларының жазғы демалысының тиімді әрі сапалы өткізу жайы кеңінен талқыланған осындай жиын Қазалы, Қармақшы және Жалағаш аудандарында да ұйымдастырылды.

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Қамыстыбас елді мекеніндегі «Ұландар» жазғы тынығу лагері жанынан бой көтерген «Қамбаш» балаларды сауықтыру және қосымша білім беру орталығы 15 ақпан күні жұмысын бастаған-ды. Айта кетейік, заманауи үлгімен бой көтерген 120 орындық орталықты «Саутс - Ойл» компаниясы өз қаржысы есебінен салды. Нақты кезеңде мұнда 100 мектеп бітіруші түлек алдағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуда. Комиссия отырысының жаңа орталықта ұйымдастырылуы кездейсоқтық емес.

Кеңеске облыстық мәслихаттың хатшысы А.Әлназарова, облыстық мәслихаттың депутаттары Р.Байназарова, А.Арысбаев, А.Оңғарбаев, сондай-ақ аудандық мәслихаттардың хатшылары мен депутаттары және жергілікті атқарушы органның, мекемелер мен ұйымдар басшылары, кәсіпкерлер мен түрлі кәсіподақтардың басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Кеңесті ашқан облыстық мәслихаттың депутаты, жұмыс тобының төрайымы Р.Байназарова оқушыларды қала сыртындағы лагерьлерге демалдырудың маңыздылығына тоқталып, тиімді жолдады іздестіріліп жатқанын атап өтті. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің қолдауы ауадай қажеттігіне тоқталды. Бұған дейін «Игілік» қоры арқылы жыл сайын мың бала облыстан тыс жерлердегі тынығу орындарына жіберіліп келген еді. Биыл ол тоқтап тұр. Сондықтан балалар демалысын ұйымдастыруға, әсіресе бизнес өкілдері күш салуы тиіс. Бұған облыстың барлық аудандарындағы кәсіпкерлер мен кәсіпорындар басшылары үлесін қосуға әзір екендіктерін жеткізді.

Мұнан соң Арал ауданының әкімі А.Мұхимов күн тәртібіндегі мәселені тарқатып, «Қамбаш» сауықтыру орталығын дамытуға қатысты пікірлерін білдірді. Аудан басшысының айтуынша, биылғы жылы 14 мыңнан аса баланы сауықтыру және демалыспен қамту жоспарланып отыр. Осы жылы қала сыртындағы лагерьлерде – 600 бала, шатырлы лагерьге – 750 бала, ауданнан тыс тынығу орындарына 360 бала жіберілмекші. Сонымен қатар, көркейту-көгалдандыруға – 828, экскурсияға –1620, аулалық клубтарға 780 бала тартылмақ. Ал, мектеп жанындағы ыстық тамақсыз лагерьлерге 6825 бала жіберіледі. Бұл бағытқа аудан бюджетінен тиісті қаражат қаралған. 43 мектептің жанындағы күндізгі лагерьмен 2370 бала қамтылмақшы. Оған жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан 3,5 млн теңге бөлінген. Ал, «Қамбаш» балаларды сауықтыру орталығына аталған қордан 7,5 млн теңге қаржы бөлініп, 500 бала қамтылады деп жоспарлануда. Тағы 100 бала білім мекемелері кәсіподағы есебінен тынығады. Аудан әкімінің есебінше, мұндағы жұмысты ұйымдастыруға және орталықты жабдықтауға облыс қазынасынан 215 млн теңге қаражат қажет. Бұл қаржының ішінде қосымша оқу ғимараты мен жабық спорт алаңының құрылысы да кіреді. Мұнан өзге автокөлік, катер және т.б. қажет. Ең бастысы, орталықтың 47 штатпен толықтай қамтылған жағдайда ғана жыл бойы жұмыс жасауына мүмкіндік бар. Алдағы уақытта облыстағы басқа аудандардың балаларын осы орталықта тынықтыру жоспарлануда. Жаз айларында балалар мұнда 12 күн демалысын өткізе алады. Жолдама құны 1 балаға 12 мың теңге. Жалпы, облыс бойынша 9 жазғы тынығу лагері бар. Оның 8-і типтік жобамен салынса, Шиелідегі «Сыр ұланы» лагері бейімделген ғимаратта орналасқан. Сегіз лагерь жергілікті бюджеттен, біреуі мұнай компаниясы бюджетінен қаржыландырылады. Өткен жылы 2 лагерьде, Жалағаштағы «Ақтерек» пен Сырдария ауданындағы «Жалын» лагерінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Облыстық мәслихаттың хатшысы А. Әлназарова алдағы уақытта осы мәселе бойынша Сырдария ауданындағы «Жалын» тынығу орнының базасында кеңейтілген отырыс өткізілетінін мәлім етті. Ал, комиссияның осы отырыстарында көтерілген мәселелер сонда облыс басшылығына ұсыныс ретінде айтылады. Жалпы, аймақ басшысы, жазғы тынығу лагерлерін маусым кезінде ғана емес, жыл он екі ай бойы пайдалану қажеттігін айтып жүр. Биыл «Жалын» мен «Қамбаш» сауықтыру орталығы соны бірінші болып бастағалы отыр. Тынығу орындарында мәдени шаралардан өзге салауатты өмір салты насихатталып, спорттық жарыстар, ардагерлер мен үздік спортшылармен кездесулер, балғындарды патриоттық, отаншылдыққа тәрбиелейтін шаралар жоспары бекітуі тиіс.

Облыстық тұтынушылар құқығын қорғау департаменті балаларға білім беру және тағам нысандарын санитарлық-гигиеналық қадағалау бөлімінің басшысы А.Шуақбаеваның айтуынша, облыстағы 9 тынығу орнының көбісінің асханасы мен бассейндері талапқа сай емес. Нақты дәлелдер келтірген маман «Қамбаш» орталығының емдеу-профилактикалық корпусы мен асханасының жабдықталуына ризашылығын білдірді. Ал, облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Ғ.Сиқымов барлық лагерьлерде түрлі спорттық жарыстарды ұтымды өткізудің жолын айтып, басқарма тарапынан спорт нұсқаушылары көмек қолын созуға әзір екендігін айтты. Балалар тек қолөнермен және эстафетамен ғана шектеліп қалмай спортпен де шұғылдануы тиіс. Мәселен, 12 күн ішінде жағажай футболын дамытуға, суда жүзуге үйретуге болады. Жүлдегер спортшылармен кездесулер де балғындардың есінде сақталып қалмақшы. Сондай-ақ, аула клубтары да жаз айларында толықтай жұмыс жасайды. Облыстық білім басқармасының басшысы Б.Сайлыбаевтың айтуынша, өткен жылы балалардың демалыспен қамту 92 пайызға жеткен. Ал, биылғы жылы 13 707 бала, яғни толық 100 пайыз қамтылмақшы.

Ауылдық округ әкімдері мен кәсіпкерлер, ірі компаниялардың кәсіподақ ұйымдарының басшылары балаларды демалысына нақты үлес қосатындарын жеткізді.

Қазалы, Қармақшы және Жалағаш аудандарында өткен комиссияның тұрақты отырысында осы мәселе қаралды.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ОҚУШЫЛАРДЫ ТЫНЫҚТЫРУ ҰДАЙЫ НАЗАРДА БОЛАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлының қатысуымен облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының кеңейтілген селекторлық отырысы болып өтті. Күн тәртібінде мектеп оқушыларының жазғы демалысын ұйымдастырудың жайы қаралды. Оған облыстық мәслихат депутаттары, қала, аудан әкімдерінің салалық орынбасарлары, облыстық кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысты. Селекторлық отырысты жұмыс тобының төрайымы Райкүл Байназарова жүргізді.

Отырыста мектеп оқушыларының жазғы демалысын сапалы ұйымдастыруға қоғамның және бизнес өкілдері тарапынан қолдау білдіру, жазғы сауықтыру орталықтарының жұмысын пысықтау және тиімді ұйымдастыру мәселелері талқыланды.

Жан-жақты ойластырған тірліктің нәтижелі болатыны сөзсіз. Осы орайда балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жайы алдын ала қаралып, депутаттар аудандарды аралаған болатын. Онда қала мен аудан лагерьлерінің жай-күйімен танысып, ондағы өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастырды. Себебі балалар жазғы демалысқа шыққанда лагерьлер толыққанды дайын болуы қажет.

Осы ретте баяндама жасаған облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайын сөз етті. Облыстық денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт, мәдениет, мұрағаттар және құжаттама, кәсіпкерлер палатасы және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің мамандары аталған мәселелерге орай атқарған жұмыстарын айта келе өз ұсыныс-пікірлерін де білдірді. Облыста өткен жылы 1-10 сынып аралығындағы балалар саны 118045 болса, биыл 121045-ті құрап отыр. Оның ішінде жазғы демалыспен қамтылған балалар саны 2014 жылы 92 пайызды құраса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 93 пайызға артады деп жоспарлануда. Өңірімізден тыс басқа қалалардың орталықтары мен лагерьлерінде кәсіподақ ұйымы мен мұнай компаниялары, мемлекеттік мекемелер, жеке кәсіпкерлер мен шаруашылықтардың есебінен өткен жылы 7969 бала демалыспен қамтылса, биыл 8500 балаға жеткізу жоспарланып отыр. Олардың қатарына “Ақсу-Жабағылы”, “Бәйшешек”, “Тау самалы”, “Орбита”, “Ерке”, “Мадагаскар”, “Машат”, “Лесная сказка” және “Балдәурен” лагері жатады. Ал аудандарда балалардың жазғы тынығу лагерьлерімен қамтылуы көнінде аудан әкімінің орынбасарлары нақты мәліметтер мен қолға алынып жатқан жұмыстарды таныстырды.

Сонымен қатар балалардың жазғы демалыста уақыттарын тиімді өткізу барысында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, заманауи үлгідегі лагерьлерде тынығуға жағдай жасау жайы да шет қалмады.

Сондай-ақ, шара барысында осы мәселеге байланысты қаулы қабылданып, облыс әкімдігіне жолданды. Алдағы уақытта тұрақты комиссия отырысы тағы бір ұйымдастырылып, атқарылған шаралар жайы пысықталатын болды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫЛАРЫ ҚАБЫЛДАҒАН ШЕШІМ

Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXX сессиясы болып өтті. Сессияға аудан әкімі Б.Жаханов, аудандық мәслихаттың депутаттары, тиісті дербес бөлім басшылары және жергілікті бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты. Сессияны аудандық мәслихат депутаты Ө.Түктібай ашып, жүргізді.

Сессияда «Қазалы ауданының басқару схемасын бекіту туралы», «Учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №209 шешіміне, «Аудан әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 наурыздағы кезекті XIV сессиясының №95 шешіміне және «Аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі аудандық ведомствоаралық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 29 қыркүйектегі XXIX сессиясының №230 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды. Сонымен қатар, «Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы аудандық комиссияның құрамын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 қыркүйектегі кезектен тыс XX сессиясының №136 шешіміне «Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы №187 шешіміне, «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлемесін белгілеу мен мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 маусымдағы №217 шешіміне және «Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру және құрамын сайлау туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 23 қаңтардағы №6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе талқыға түсті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Ғ.Рахметов, аудандық сайлау комиссиясының хатшысы М.Әбубәкірұлы, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Б.Төлегенова хабарлама жасады.

Аудандық мәслихаттың XXXX сессиясында қаралып, талқыланған мәселелер бойынша тиісті ұсыныс-пікірлер айтылып, заңдылықтарға сәйкес шешімдер қабылданды.

ӨМІРІ ӨШПЕС ӨНЕГЕ

Ешкімнің айтқаны мен ырқына көнбейтін уақыт алға озған сайын ұрпақ ауысып отыратыны заңды құбылыс. Осыған орай өмірден өтіп кеткен елеулі азаматтарды еске алып отыру – бүгінгі ұрпақтың парызы. Әрбір адам өзінің төңірегіндегі сыйластары үшін қызығы мол әлем. Олай болса, өзінің бойындағы адал ниетін, дарын-қуатын, терең танымын, білімі мен білігін, асыл арманын елге қызмет етуге арнаған жандардың бірі де бірегейі Ермағамбет (Ермақаш) Тұрабаев бүгінгі әңгімеміздің арқауы болмақ.

Жазбамыздың кейіпкері жайлы әңгімені өрбіту алдында кейін шегініс жасап, оның шыққан тегі, әкесі Сермахан Тұрабаев туралы бір-екі ауыз естелік айтуды жөн көрдік. Сермахан Тұрабаев өзі өмір сүрген Кеңес заманының үрдісін терең түсінген, көкірегі ояу, көзі ашық, сол кезеңнің талабына жетерлік сауаты бар, ел-халық қадірлейтін кісі-тұғын. 1937-1938 жылдары зұлмат заманның жаппай қуғын-сүргініне ұшырап, Сібірге айдалған. Тағдырдың жақсылығы болар, оның ісі қайта қаралып, аққарасы ашылып, жазықты емес екені анықталып, елге аман-есен оралған. Келген бойда ол Жалағаш ауданында партия-кеңес орындарында әртүрлі лауазымды қызмет атқарады. Мекемелерге басшылық жасайды. Әсіресе, оның 1955-1960 жылдары «Еңбек» колхозын басқарған тұстары көпшіліктің есінде қалды.

Бұл колхоздың егін, мал шаруашылығы салаларының өнімдері артып, экономикасы күрт өсіп, колхозшылардың еңбекақысы көбейіп, тұрмыстары жақсара бастаған кезең еді. Олардың еткен еңбектері бағаланып, көптеген марапаттарға ие болды, ал төрағасы Сермахан Тұрабаев «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталады. Сол кездегі заман өлшемімен қарасақ, шаруашылық бастығына еңбегі үшін жасалынған бұл марапат сирек құбылыс болатын.

Ол өзінің саналы ғұмырын өмір сүрген ортасының, ел-жұртының, ауданының экономикасы мен мәдени-әлеуметтік дамуының өсіп-өркендеуіне арнады. Осы мақсатта өткен ағалар сапында болды.

Ал Ермақаштың анасы Балым – кескін-келбеті келіскен, көркем, мінезі салмақты да сабырлы, жүзінен нұры төгіліп, мейірім-шуағын шашып тұратын, пайым-парасаты, қайырымы мол ана болатын. Қазақы тәуіпшілдігі бар, Сыр бойы Қармақшы ауданының жұртына танымал Қыржықбай сынықшының ұрпағы. Жаратушының кеңшілігінің арқасында отбасына алты ұл-қыз әкеліп өсірген ана. Тек, әттеген-айы, балаларының үлкені Ермақашты ғана үйлендіріп, Ләйлә атты немересін туған бойда бауырына басып, аналық мейірімін төкті. Қалған ұл-қыздарының қызығын көруге тағдыр жазбағандықтан қырық тоғыз жасқа қараған шағында дүниеден озған еді.

Өткендер тектілікке, қанның тазалығына әу бастан-ақ айрықша мән берген ғой. Атасы жақсыдан жаман ұл мен қыз тумайтынын анық білген, кіндік қан тамған топырақты аялап өткен, осы сезімді ұл-қыздарының бойына ұялата білген.

Олай болса, әңгімеге арқау болып отырған Тұрабаевтар отбасының үлгілі тәрбиесі мен өнегесін бойына сіңірген балалары келешекте өздері өсіп отырған қоғамына адал қызмет етіп, өмір деген ғимараттың кесегі болып қалануға ұмтылыс жасауына толық негіз бар екені байқалады.

Ермақаш та осындай қаймағы бұзылмаған отбасында, қазақы ортада өсті. Ол бүгінде арамызда болғанда 80 жасқа толар еді.

Ермақаш Тұрабаев 1935 жылы 15 қыркүйекте Қармақшы ауданына қарасты темір жол бойындағы «Қызыл там» станциясындағы елді мекенде дүниеге келген. Оның өмір өткелдерінің ең қызық, балғын балалық шағы тегіс тақтайдай, бұралаң бұрылысы жоқ оқтаудай түзу болды деп айта алмаймыз. Жаппай ел-жұртты жайлаған ашаршылықтың зардаптарын, репрессияны, қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың ащы-зәрлі дауыстарын құлағымен естіп, жүрегімен сезген. Оның есін толық білмейтін кезінде әкесін «халық жауы» деп түрмеге қамап, Қиыр Шығысқа, Сібірге айдаған. Адам төзгісіз көп қиыншылықтарды басынан өткізіп, одан аман-есен елге оралған.

Ермақаштың балғын дәуірі қанды майданның отты жылдарымен тұстасып, балалықтың базарлы шырынын шала татты. Соғыс зұлматының ауыр азабын өзінің қатарлары сияқты бастан өткізді.

Соғыс жылдарында оқуға жасы келіп, 1942 жылы Жалағаш ауданының орталығындағы Сталин атындағы №31 орта мектептің бірінші сыныбының есігін ашқан ол, 1946 жылы 4-сыныпқа көшкенде заман ағымына орай алдын ала орыс тілін білудің, терең меңгерудің артықшылығын болжаған әкесі екі сыныбын төмендетіп, оны екінші орыс сыныбына ауыстырады. 1954 жылы осы орта мектептің орыс сыныбын жақсы үлгеріммен аяқтап шықты.

Ол аласапыран кезеңде дүниеге келіп, нәубет-зобалаң заманда ер жетті. Бұқара халықтың мұқтажын жастай жүрегімен түсінген ол білімді азамат болуды армандайды. Бұл жолда тамыры тереңнен тартқан өжеттік, өткірлік, қайсарлық, намысқойлық, мәрттік қасиеттер бір бойында үйлесімін тауып, оны алға жетеледі. Жастықтың жалындаған қызуы мен қуаты олардың армандаған мақсаттарының алдында тұрған небір кедергілер мен тосқауылдарды бұзып-жарудан тайсалмайтыны табиғи құбылыс. Олай болса, Ермақаштың да алдында арман, мақсат, таңдау тұрғаны айқын. Осыған байланысты, ол өмір жолының бастауы, темір қазығы мамандық таңдауға зор жауапкершілікпен қарап, мамандықтың қоғамға зәрулігі, көңілінен шығуы, өзінің қолынан келетіндей болуын естен шығарған жоқ.

1955 жылы осы қағидаларды ойына мықтап түйген Ермақаш өзінің таңдауын жасады, Алматы зоотехникалық мал-дәрігерлік институтының мал-дәрігерлік бөліміне құжаттарын тапсырып, институтқа түсу үшін емтихан-сынақтардан ойдағыдай өтіп, мақсаты мен арманына қол жеткізді.

Асқаралы Алатау баурайындағы көркем қала Алматыға әр жылдары Жалағаш ауданынан осы институтқа білім іздеп келген Сартай Мыханов, Райхан Ибраев, Мақсұт Абдразақов, Сахи Бекжанов, Сәмит Далдабаев, Сарымсақ Аппазов, Әбдіқали Серікбаев осы жолдардың авторы көңілдері көктем, жандары жаз қызығы мол студенттік дәуірді Ермақашпен бірге өткіздік. Зымырап өткен жылдар уақыт тезіне ұшыраса да, әлі де көңілде сайрап тұр.

1958 жылы студенттік жылдардың жалыны атып тұрған шақта Ермақаш пен Күләштің мектеп қабырғасында басталған махаббаты маздап, екеуінің үйленуіне әкеліп соқты. Бұл біздің жадымызда сол күндерден сақталып қалған ұмытылмас қуанышты сәттердің бірі еді.

Әсем Алматы қаласында өзіне жарасқан қызығы да, қиыншылықтары да болатын студенттік шақтарда шаңырақ көтеріп, бас қосқан Ермақаш пен Күләштің қуанышты жылдары ешкім тоқтата алмайтын «уақыт» деген құдіреттің билігімен алға зымырап өте шықты.

1960 жылы Ермақаш оқуын тәмамдап, туған жеріне мамандығы бойынша жолдама алды. Елге оралғаннан кейін жолдамасына сәйкес Жалағаш аудандық малдәрігерлік емханасында еңбек жолын бастады. Мамандығы бойынша қадамын сәтті бастаған талапкер, ісіне сауатты маманды облыстық ауыл шаруашылыға басқармасына ауыстырады.

1960 жылдары кеңестік жүйеде ауылшаруашылық саласының құрылымдары жиі-жиі өзгерістерге ұшырап отыратын. Материалдық-техникалық базасы нашар, өндірісі төмен, пайдасы, табыс көздері аз, майда колхоздар біріктірілді. Осыған орай 1962 жылы Жалағаш ауданындағы «Мәдениет» су каналының төменгі бойында орналасқан Ленин, Жаңаталап колхоздарын бір-бірімен қосып, жаңадан «Жаңаталап» кеңшары өмірге келді.

Ермақаш осы кеңшарды кадрлармен нығайту мақсатында облыстық ауылшаруашылық басқармасынан арнайы жолдамамен келген болатын.

Жаңадан құрылған кеңшарға мемлекет тарапынан жан-жақты қамқорлық күшейді. Шаруашылықтың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мәдени-өндірістік нысандарын, тұрғын үй құрылыстарын салуға, егіншілік, жайылымдық жерлерді суландыру жолдары магистральдық каналдар мен арықтарды жөндеп, жаңадан қазуға арнайы техникалар, құрал-жабдықтар көлемді қаржы бөлініп, іске асырыла бастады.

Ермақаш осы жылдары шаруашылықтың қара қазанында қайнаған, өмірден мол тәжірибе жинақтаған малшылар қауымымен қызу араласып, мал шаруашылығының өзіне таныс емес көп қырлары мен сырларына қанықты.

Тағдырдың оған берген сыйы ауылдың құрметіне бөленген Шайымбет Есов, Әбіләкім Жүсіпов, Ыдырыс Ақмырзаев сияқты қазыналы қарттармен дидарласып, олардың тарихи, шежірелі әңгімелерін талай рет тыңдағанын жыр етіп айтып отыратын. Сондай-ақ ел ағалары мен азаматтары Алдаберген Бейсенов, Ағатай Рахметов, Бердалы Мамбетов, Бердібек Түбекбаев, Өмірзақ Тұңғышбаев, Зайыр Жаңабаевтармен жұмыс бабында қызметтес, сыйлас, дастархандас болып, үлгілі істерінен үйреніп, өміріне сабақ болғанын қанағат ететін.

Коммунистік партия басшылық ететін кеңестік қоғамда қызмет бабында жауапты қызметке ұсынылатын кадрдың партиялығы айрықша назарға алынатын. Келешегінен зор үміт күттіретін іскерқабілетті маманды партия қатарына қабылдап, тәрбие мектебінен өткізетін. Осы ретте жолы болған Тұрабаев Ермақашты аудандық партия комитеті өздерінің тікелей бақылауына алып, партия мүшелігіне қабылдады.

Кеңестік жүйеде кадрдың қызмет сатысында өсуіне қаншалықты орыс тілін меңгергеніне мән берілетін. Заман ағымының талабына орай, ол білімі терең жан-жақты, сауатты, орыс тіліне жетік, жаза да, сөйлей де білетін. Өз ісіне адал, зор жауапкершілікпен қарайтынын терең зерттеп, назарына алған басшы органдар оны партия-кеңес орындарына жауапты жұмысқа шақыра бастады.

1966 жылы облыстық партия комитеті оны өзінің аппаратына алып, ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы етіп бекітті. Облыстық партия комитетінде қаралатын ауыл шаруашылығының өзекті мәселелерін алдын ала терең талдауда, зерттеуде және сараптауда, оны уақытында сапалы дайындап, басшылыққа ұсынуда, оның шаруашылықта мамандығы бойынша жұмыс технологияларын көзбен көріп, ойына түйгендері мен бойына жинаған тәжірибелері көмекке келіп, оған ешқандай қиындық тудырған жоқ. Ол бұл жұмысқа өзінің білік-білімділігін, терең сауаттылығын, пайым-парасатының жоғары, қарапайым, кішіпейіл, адамгершілігінің мол, әділдік пен туралықтан таймайтынын таныта білді.

Уақыт құдіретте тоқтау жоқ, өмір өз жолымен өтіп жатты. Кейіпкеріміз партия талабына орай жаңа сенім артылып, 1974 жылы мамандығына сәйкес облыстық мал-дәрігерлік-бактериологиялық лабораторияның директоры лауазымына тағайындалды. Бұл қызметті 1978 жылға дейін абыроймен атқарып, облыстық ауылшаруашылық басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылады. 1980 жылы ол қайтадан партия қызметіне оралып, Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына сайланады.

Сол тұста Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев болатын. Ермақаш өз заманының толық мағынасындағы нағыз қайраткері Қонекең ағамыздың қарамағына келіп, шын мәнінде өзіне тән қолтаңбасы бар, жан-жақты кадр дайындау ұясына айналған Қазантаев мектебінің шәкірті атанып, өміріне сабақ алудың сәті түсті. Кезінде Қазантаев мектебінен шыңдалып шыққан кадрлар облыс көлемінен асып, Қазақстанның көп жерлерінде абыройлы қызмет атқарғаны белгілі.

Әңгіме тақырыбының кейіпкері Ермақаштың 1958 жылы Алматы қаласында студенттік шақта Күләшпен бас қосқаннан кейін үй-іші сәбилердің күлкісі мен ойын базарына толып, берекелі отбасына айналды. Өмірге көктемде құлпыратын қырдың қызыл гүліндей төрт қыз келді.

Жер басып жүрген пенденің әрқайсысының маңдайына Жаратушының жазған тағдырына ешкімнің таласы, өміріне өкпесі болмауы заңды құбылыс. Бір әттегенайы Күләштің өмірден ерте озып, жұлдызы тым ерте сөнді. Бұл ауыр қайғының ойдан өшпейтін орын алғанымен, алға зымыраған уақыттың жазбайтын жарасының жоқ екендігі барлық жанға аян.

Тұрабаев әулетіндегі орны толмас қаза уақыт табымен ескіріп, төбелеріндегі қара бұлт сейіліп, Жаратушының оларға ықыласы ауып, отбасына күн шуағын аямай шашып, жаңа жайлы нұрын төкті.

Әулеттің табалдырығын оң қадаммен аттаған Ұлманның аяғы күтты болып, өткендер айтқандай, «ұлың – ізің, қызың – көзің» дегендей, өмірге Дана, Еркін атты сәбилер келіп, жаңадан бас қосқан жұбайлардың қойындарына қуаныш толып, шаңырақтың ынтымағы жарасты.

Тұрабаев Ермақаш 1988 жылы "Жалағаш" кеңшарына жалпы қоғамда жүргізіліп жатқан әртүрлі реформалар елдің экономикасы мен әлеуметтік жағдайын көтеруге қомақты, тиімді ықпалын жасай алмай, тұралаған тұста директор қызметіне келген еді. Ол шаруашылықтың экономикасының төмен, малшылардың тұрмыстық жағдайының нашар, материалдық-техникалық базасының кейбір әлсіреген тұстарын көзбен көріп, өзінің іс-қабілетін, білім-біліктілігін, бойына жинаған тәжірибелерін, күш-қуатын аямай, жағдайды жақсартуға барлық қолдан келетін шараларды жүзеге асырды.

Ол өзінің өмір сүрген ортасына, түлеп ұшқан, кіндік қаны тамған жеріне адал еңбек жасап, туғандары мен ағайындарынан қамқорлығын аяған жоқ. Айналасындағы өзіне жақын жандарды дос-жолдастарынан бөле жармай, біте қайнасып, қуаныш-қиындықтарымен ортақтасып отыратын. Оның бала жасынан-ақ дос-жолдастары жетерлік, табиғатынан көпшіл еді.

Институт қабырғасында білім алып, одан кейінгі еңбек еткен тұстарда да бұл тағдырлас дос-жарандар іргелері сөгілмей, жұптарын жазбай, жарты ғасырлық мерзімге шыдас беріп, сыйластықтары жарасып, қашанда бірге болуға тырысты.

Жаратушының жазуымен «жазмыштан озмыш жоқ» деген, олардың көпшілігі өмірден озып, арамыздан мезгілсіз кеткені, жанымызды қатты күйзелткені әлі есімізден кетпейді.

Тұрабаев Ермақаштың еліне жасаған 32 жылдық еңбегіне үкімет тарапынан «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері, бірнеше медальдар берілді.

Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен 2 рет марапатталды.

Оның тағдырдың таңдауымен өзі өмірден озғанымен арты жақсы. Шаңырақтың отанасы Ұлман әлі тың, зейнет жасына келсе де, белді бекем буып еңбек етіп, шаңырақтың берекесін келтіріп, Еркіннен өрбіген немерелерінің қызығына бөленуде.

Ермақаштың артында атын жалғастыратын мұрагері Еркін, алтын асықтай немерелері барда оның аты өшпек емес.

Қаһарман ТАБЫНБАЕВ,
Қазақстан Республикасына ерекше еңбек сіңірген зейнеткер,
Қазалы, Жалағаш аудандарының құрметті азаматы.

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ – МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТ

Алдан СМАЙЫЛ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Мәңгілік Ел идеясын көтергеніне екі-үш жылдың жүзі болды. Елбасы оны Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры ретінде ұсынды. Халыққа биылғы Жолдауында сол ойын нақтылай түсіп, Мәңгілік Ел халықтың біріктіруші күші, ешуақытта сарқылмайтын қуат көзі екенін айрықша атап көрсетті. «Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік Ел деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю, бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесіңді қосып дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп табыстау… Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» деген болатын. Бұл – киелі парыз, ұлттық мұрат. Ал осы мұратты бүгін, ертең және ғасырлар бойы қалай жүзеге асырамыз? Мәңгіліктің саяси тұғыры не? Рухани тірегі қайсы? Сірә да, сарқылмайтын ұлан-ғайыр уақыттың ұзына бойында көнермеу үшін, өшпеу үшін, адамзатпен бірге жасай беру үшін мемлекет қандай мән-мазмұнға ие болуы керек? Ұлт пен оның есті қауымы – зиялы қауымның осы қазір және таяу болашақта атқаратын міндеттері қандай? Мәңгілікке бастар жолда бізге кім үлгі? Батыстың либералды капитализмі мен либералды демократиясы ма? Қытайды әлемге бейімдеудің негізгі және тиімді құралына айналған конфуциандық рационализм бе? Араб әлемінің діни-идеологиялық және мәдени-ғұрыптық оқшауланауы ма? Әлде ұлттық болмыс пен салт-дәстүрді сақтай отырып, жаһанмен жарыса дамуға мүмкіндік беретін, бақылауда ұсталынатын мәдени-рухани ашықтық па?

Мұндай қиын сауалдар сарсаңға салған елдер аз емес. Жауабын дәл тапқандар да бар, таба алмай адасқандар да жетерлік. Нақты мысалға жүгінетін болсақ, Жапония осы төңіректе ерте ойланған жұрттың бірі. Күншығыс елі мәңгілікке сыртқы әсерлердің қандайына да (мәдени экспансия, діни арбау, тікелей жаулап алу, т.б.) төтеп беретін, бастапқы қасиеттерін ешқашан жоғалтпайтын ұлттық діл мен ұлттық рух бастайды деп білді. 1542 жылы Батыспен қарым-қатынасты біржола үзді. Екі жақты байланыстың жекелеген залалсыз түрлеріне ғана рұқсат етілді. Мәселен – қару-жарақ сатып алу. Ал мәдениет пен дін, саясат саласындағы араласудың кез келген көрінісіне, әсіресе, христиандық көзқарасқа үзілді-кесілді тыйым салынды. XVII ғасырдың орта тұсында шетелдіктер түгел елден қуылды. Бұл ахуал XIX ғасырдың ортасына дейін сақталды.

Сонда жапон халқы не ұтты? Біріншіден, Еуропа елдерінің жаулап алуға бағытталған қатығез агрессиясынан туған жерін аман сақтап қалды. Екіншіден, төл ұлттың бастапқы этникалық қайнарлардан қайта сусындауына, жас толқынның ата дәстүрлерге шөлін қандыруына, ел ішіндегі түрлі ниеттегі топтар мен қауымдардың бір ортақ мұратты – ұлттық тұтастықты қадірлеуіне, ұлттық бауырмалдық пен намыстың күшеюіне қол жеткізді. Бұл ұлы жеңіс еді. Осыдан соң, жапондықтар енді ешқандай әзәзілдің азғыруына ермейтіндігіне, әлемге ұлттың көзімен, ұлттық мүддемен қарайтындығына, жапон рухының мәңгілігіне сенім орныққан соң ғаламға есік айқара ашылды.

Мұндай қадамға Қытай 1601 жылы барды. Елден христиан миссионерлері мен түрлі ағымдағы шетелдіктер қуылды, қытай мәдениеті әлемдегі ең озық мәдениет екендігін дәріптеу басталды. Аспан асты елі туралы идея мәңгілік идеясы ретінде асқақ жырланды. Миллиондар: «Біз өшпейміз!» – деп ұрандады.

Дәл осындай асқақ сезім түркі аспанында да қырандай саңқылдаған. Ол кезең ата-бабаларымыз өздерін жоғарыда Көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында жаралған адам баласына балады. Ол сондықтан үстем әрі мәңгілік болуға тиіс деп білді. Көкте түрік тәңірісіне, түріктің қасиетті жер-суына: «Түрік халқы жойылмасын, ел болсын» дегізді. Ал мұндай жойқын идеяны құдіреті күшті мемлекет қана көтере алатын еді. Тегінде мәңгілік дегеніміз – мемлекеттіктің жанартаудай қуатты рухани серпіні, елдіктің шырқау шыңына жетуі. Жаһанға жасқанбай қарай алған халықтың асқақ арманы. Мемлекеті жоқтың мәңгілікте несі бар? Оның мұраты – жан сақтау.

Осыған ден қойсақ, қазақ мемлекеттігінің бастауы жарты әлемді билеген Ғұн империясына тұспа тұс келсе, салтанат құрған кезі – Түрік қағанатының алтын ғасыры. Бумын қаған 552 жылы ту көтерген бұл қағанаттың шекарасы батыста Византияға, түстікте Персия мен Үндістанға, шығысында Қытайға дейін созылды. Мұндай айбынды мемлекет дәл сол тұста бірен-саран-ды. Ал алып елге ең қажеті ішкі бірлік болатын. Ол мәңгіліктің түпқазығы еді. Сондықтан даңқты қағандар, данышпан Тоныкөк аралық идеяны – «Тұтас түркі елі» идеясына ұмтыр берді. Дәл осы идеяның бұлжымай сақталуы үшін барын да, жанын да салды. Таққа отырған соң туған жерінің байырғы мәдениетінен алшақтап, Қытай мәдениетіне бет бұрған Қапаған қағанды 716 жылы Күлтегін биліктен тайдырып, басын алды.

Кім біледі, ғалымдар құндылығы жағынан атақты Орхон ескерткіштеріне теңеп жүрген Ұлытаудағы Таңбалы тас осы кездің мұрасы шығар. Оның тұрған жері де ерекше. 47 метр тереңдіктегі аңғарда аумағы 6 шаршы метр жартас бар. Соған 445 рудың (тайпаның) таңбасы ойылған. Қарап тұрып өзіңнен өзің сұрайсың. Неге 445 тайпа? Оларды ортақ ойға ұйытып, этностық белгілерін бір тасқа қашатқан қандай мұрат? Ұлытау неге таңдалды?

Жауап біреу: бұл түркі қағанаты көксеген «Тұтас түркі елі» идеясын қолдаған тектес жұрттардың өзара пәтуасы, бөлінбеске берген анты. Соған сүттей ұйыған, Ұлытауды төртқұл дүниенің алтын төріне балаған көк түріктердің айнымас серті.

Тарихқа терең көз салсақ, тұтасу идеясы мен бауырмалдық Сақ заманынан бар екенін көреміз. Әңгімені шырқатпай, дерекке жүгініп айтсақ, ел билеген көсемдерін бір жерге арулап қою рәсімі әлем елдерінің тарихында кездеспейтін ерекшелік. Сақтардың Шіліктіде ғана патшалар жерленген 150 обасы бар. Осы киелі дәстүр кейін Түркістанда жалғасқаны баршамызға белгілі. Егер аталған рәсім елдік мәнге ие болмаса, бұлай сабақтаспас еді. Біздің бабаларымыз тұтастық пен бірлікті тірліктен ғана емес, о дүниеден де іздеген. Екі әлемде де іргеміз сөгілмесін деген. Дүниеден озған рухтар қылаусыз табысып, жарық дүниедегі ұрпақтарының тілеуін тілеп жатса, түркі елі мәңгілікке бет алатындығына сенген.

Дәл сол сенім мен дәстүрді біз жоғалтып алмай, жаңғыртуға тиіспіз. Ол бір жағынан рухтар жалғастығына жетелесе, екінші жағынан ұлттық тамырдың үзілмеуіне, ұлттық қасиеттердің баяндылығына бастайды. Ұлттық мемлекет құруға құлшындырады.

Асылында Мәңгілік Елдің тұғыры – ұлттық мемлекет. Англияның тарихи тұлғасы Уинстон Черчилль: «Өркениеттің негізгі қағидаты – билеуші таптың халықтың көне дәстүрлері мен ерік-жігеріне бағынуы», деген ғой.

Осы дуалы ойды сәл өзгертіп парықтасақ: «Мемлекеттің негізгі ұстанымы – ұлттың тарихи арман-аңсауы мен мұраттарына адалдық» дер едік. Ал біздің тарихымыз, көне сақтар мен ғұндардың, Көктүріктер мен Қазақ хандығының ұлттық мемлекет құру идеясына суарылған. Сол идея жүзеге асқан ғасырларда Ұлы Дала дәуірлеген, мемлекеттіктен айырылған замандарда ұлардай шулаған. Осы жерде айрықша айта кетейік, республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Қазақ Елі» идеясын жайдан жай көтерген жоқ. Мәңгілік Ел мұратын жүзеге асыратын ұлттық саяси институт ретінде әлеуметтік-философиялық айналымға енгізді. Тілге байланыстыра отырып, баршамызға терең ой салды. Елбасының: «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ Мемлекеті деп атайтын боламыз» деуінде және «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды» екенін қадап айтуында терең мән бар. Бұлардың бәрі – ұлттық мемлекеттің белгілері.

Біз Президенттің: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел!», деген ұлағатын ұдайы басшылыққа алуға тиіспіз. Түйіп айтсақ, Мәңгілік Ел – шамшырақ идея, ал Қазақ елі мен Қазақ мемлекеті сол ұлы идеяның қозғаушы күші. Біз қазіргі таңда алғашқысын ел рухының мәңгі сөнбейтін жарық жұлдызына айналдырсақ, соңғысының керегесін керу үстіндеміз. Сондықтан бүгінгі кезең дана тарихтың ұлттың ұлағаты болып қайта оралған кезеңі, қазақ халқы өзінің төл арманымен табысып, ұлттық тағына сеніммен отырған шағы.

Ал әлемге қарасаң, тар жолды тайғақ кешкен таңдаулардан аяқ алып жүргісіз. Олардың әрқайсысы талай-талай қыл көпірден өткен және әр ұлттың тағдырын шешуде. Ұлттық мүдделер мен адамзаттық мүдделер арпалысып жатыр. Сол айқасқа өзіне жаһандық деген ат қойып алған еуропалық таңдаудың айдарынан жел еседі. Әлеуетті елдердің өзі онымен санасуға мәжбүр. Қытай сонау Цинь династиясы дәуірлеп тұрған кездің өзінде «Қытай даналығы іргелі (фундаментальді) қағидаттар үшін, Батыс кемеңгерлігі – іс жүзінде пайдалану үшін» деген ұстанымда болыпты. Ал оның әлді көршісі «Жапондық рух пен Батыстың техникасы» таңдауына тоқтаған. Бұдан екеуі де ұтылған жоқ. Өйткені, Еуропаның жетістіктерін барлық салада ұлттық құндылықтарды сақтай отырып игерді. Кей ретте Батыс өркениеті арқылы ұлттық өркениетті байытты.

Бүгінде осы екі ел де өздерінің мәңгіліктігіне күмәнсіз сенеді. Ал Батыс басқа әлемнен көптеген салаларда оқ бойы озып кеткенін айтып, күн сөнгенше сөнбейміз деуден жалығатын емес. Кәрі құрлықтың бұлай деуге толық хақысы бар. Оның өрлеу жолы ертеден басталса, әлі күнге жалғасуда. 1500 жылы Еуропа елдері жер шарының 10 пайызын иеленіп, адамзаттың 16 пайызына үстемдік етті. Ал 1913 жылы құрлықтың үштен бесін билеп-төстеп, әлемдік өндіріс өнімінің 79 пайызын өндірді. Ұлы Отан соғысынан соң аз уақытқа тоқыраса, соңғы жарты ғасырдан астам уақытта ғылыми-техникалық прогресте көш бастап келеді.

Еуропаның бүгінгі артықшылықтары қандай десек, олар мыналар: халықаралық банктер жүйесіне ие; барлық беделді валюта айналымына бақылау орнатқан; әлемде негізгі тұтынушы, дайын өнімдердің басым бөлігін береді; ірі әскери әрекеттер жасауға қабілетті, теңіз жолдарын бақылауында ұстап отыр, осы заманғы ең озық техникалық зерттеулермен айналысады, аэроғарыш индустриясында жетекші орында, т.б.

Америка Құрама Штаттарының әлеуеті бұдан бір де кем емес. 1990 жылы орта дәулетті американдықтың байлығы орта ахуалды қытайдан 75 есе артық болған. Қазіргі күнде де кеміген жоқ. Бүгінде Қытайдың ішкі жалпы өнімі әр тұрғынға шаққанда АҚШ-тың ішкі жалпы өнімінің 19-ақ пайызын құрайды. Бұл көрсеткішке Гонконг, Сингапур мен Жапония 1950 жылы, Тайвань 1970 жылы, Оңтүстік Корея 1975 жылы жеткен болатын.

XX және XXI ғасырларда өз тізгіні өз қолында болған елдердің басым бөлігі Еуропа мен АҚШ-қа жақындасуға ұмтылса, оның себебін жоғарыда айттық. Азияның дамыған мемлекеттері КСРО мен Ресейдің емес, Батыстың ғылыми-техникалық жетістіктерін, ел басқарудағы демократиялық үрдістерін, экономикадағы нарықтық қатынасын игеру арқылы өркендеді. Мемлекет пен ұлтты басқару жүйесінде де Еуропаның кейбір елдері секілді тарихи сабақтастықты сақтап қалды. Ел билеудегі көне дәстүрлерді жаңа дәуірдегі тиімді үрдістермен оңтайлы үйлестірді. Мәңгілік дегеніміз ұлттық болмысқа адалдық, салт пен санадағы тұрақтылық және тарихтың тәлім екені мемлекеттік деңгейде ескерілді.

Өзіміз жиі айтатын Малайзияны алайық. Ол – конституциялы монархиялы мемлекет. Ел басшысы – сұлтан. Он үш штаттың тоғызын мұрагерлік құқығы бар сұлтан әулетінің өкілдері билейді, қалған төртеуінің тізгіні губернаторлардың қолында. Сұлтандар жоғары басқару кеңесін құрады және өз араларынан Бас сұлтанды сайлайды. Ал атқарушы билікті премьер-министрге берген. Екі палаталы заң шығару органы бар.

Әлемде экономикалық қуаты жағынан ұзақ уақыттан бері екіншіүшінші орында келе жатқан Жапония да тарихи ұлттық басқару жүйесін сақтап отыр. Ол да конституциялы монархиялы ел болып табылады. 1947 жылы қабылданған конституцияда император мемлекет пен халықтың бірлігі деп жарияланды. Ол парламенттің ұсынысы бойынша премьер-министрді, соның ұйғарымымен үкімет мүшелерін тағайындайды. Жоғары соттың төрағасы мен мүшелерін тағайындау және орындарынан алу құқы да императорға берілген.

Екі ел халқы биліктің осы түрін тарихтан қол үзбеу деп біледі және құптайды. Ал сұлтандар мен императорлар мемлекет пен ұлтқа адалдықтың символы іспетті. Олар бұл адалдықты даңқты әулеттерінің ғана емес, тұтас ұлттың ұлы қасиеті ретінде құрметтейді.

Мемлекетті басқару институтының ықылым заманнан бергі жүйесін сақтап келе жатқан елдің бірі және бірегейі – Англия. Оның ресми атауы – Ұлыбритания Біріккен Корольдігі. Саяси құрылымы жағынан – парламенттік монархия. Осы уақытқа дейін жеке конституциясы жоқ. Қабылданған және қабылданатын заңдары ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлерге негізделеді. Елді басқарып отырған монарх сот жүйесінің төрағасы әрі жоғары бас қолбасшы болып табылады. Королева тарихи тұлғалардың бүгінгі көзіндей, ағылшын деген ұлттық атаудың өзіндей шексіз құрметке ие.

Осы жерде ат шалдырып алып ойланайықшы. Даму кезеңдерінде империя құрып үлгерген, әлемдік өркениетке сүбелі үлес қосқан, ғаламдағы ірі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің талайына ұйытқы болған, өнер мен мәдениетте де шырқап шыққан Англияда ұлттық салт-дәстүрдің конституцияның орнына жүруі талайларды толғандыруға тиіс қой. Ғасырлар жазып, дәуірлер өңдеген, қария тарих құптаған ұлттық дәстүр толқыннан толқын құып, барлық буынның ұлағатына айналса, ұлттың түрлі мәдениеттердің ықпалында кетпей, табиғи тазалығын сақтауына ықпал етсе, мәңгілікке бет бұру дегеніміз осы емес пе?! Тарихи жолынан адасқан ұлттың түбі – құрдым.

Ал Ұлыбританияны тарихи сабақтастық ылдидан шапса – өрге, ерteден шапса – кешке оздырумен келеді. Ағылшын тілінде жыл сайын экономика, әлеуметтану, медицина, т.б. тақырыптарда 550 000 атаулы еңбек жарияланады. Салыстыру үшін келтіре кетейік, орыс тілінде – 97 000, француз тілінде – 65 000, қазақ тілінде – 2300. Техника және жалпы технология жайлы ақпараттың 70 пайызы әлемге ағылшын тілінде тарайды.

Осы айтылғандарды саралай келгенде, Елбасының: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды», деген пайымы одан сайын салмақты бола түседі. Генетикалық кодынан айырылған ел – қаңбақ. Тамырынан үзілгендердің бәрі тексіз. Бүгінде мемлекеттігі мен туған тілін сақтап отырғандар – сол текті елдер. Ал тектіліктің қайнары – тарихи сана. Арийлердің кезінде егілген, сақтардың тұсында көктеген, ғұндар дәуірлеген шақта масақтанған, көктүріктер жемісін терген, талай да талай өңделген, мәңгілік ұғымын туғызған, соған және сендірген ұлттық сана.

Римдіктер асқақтап тұрған шағында астанасын «Мәңгілік қала» деп атаған. Қидандар өздерін «Күміс еліміз» деп жариялады. Маньчжуриялықтар (шұршіттер) «Алтын ел» атауымен айбаттанып, Қытайды басып алды. Ал бізге, азаттық үшін ғасырлар бойы арпалысқан халыққа, тарихымен табысып, ұлттық намыспен дүр сілкінген ұлтқа «Қазақ елі» деген текті ат жарасар еді. Қазақ елі нығайтқан Қазақ мемлекеті қазақты мәңгілік етер еді.

Тегінде қазақ халқының ерік-жігері ерекше ғой. Ішкі-сыртқы жаумен сан ғасыр қиян-кескі айқасып жүріп, түбінде айы оңынан туатындығына иланды. Қандай қиямет болса да Ұлы Даланың ұранды байрағы құламайтындығына сенді. Алтайы алтынмен, Ұлытауы күміспен, Алатауы аспанмен, Қаратауы көктүріктің киесімен көмкерілген ұлан өңір келер ұрпаққа мәңгі мұра болып қалатындығына күмән келтірмеді. Азаттықтан айырылып жүріп те тәуелсіздіктің түбі бір қайта шырайналатындығын ұрандап айтумен болды. Абзал ұлдарының, Сұлтанмахмұт секілді асылдарының тегеурінімен:

Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,

Жасасын Алаш, жасасын! – деп жар салды. Алаш дегенде, әрине, Алты Алаш еске түседі. Бүкіл түркі дүниесі көз алдында тұрады. Иоллығ-тегін тасқа қашап жазған «Тұтас түркі елі» идеясы жүрегіңді жылытады. Мәңгілікке түркі елдері тізе қосып бірге бет алсақ дейсің. Бұл арман-аңсау емес, солай болып жатқаны көңілді көншітеді. Осы игілікке ұйытқы болған бастамалардың қазақ елінде көтерілгеніне мерейленесің.

Анығында солай ғой. Тарихи тамырлас ағайындардың қайта бауырласуына қызмет етуге кіріскен түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі мен осы елдер парламенттерінің ассамблеясы, қандастардың ортақ тарихын түгендеп жатқан Түркі академиясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей ұсынысымен шаңырақ көтерді. Олардың аясы кеңейе беретіндігі ай мен күндей ақиқат. Түбі тұтастың тармақтанып барып қайта бірігетіндігі жаратылыстың табиғи заңдылығы.

Философ әрі саясаттанушы Самюэль Хантингтонның («Өркениеттер қақтығысы») пайымдауына жүгінсек, XXI ғасырда мәдениеттері тектес елдердің жақындасу, мәдениеті тамырлас емес ұлттардың бөліну үдерісі жүріп жатыр. Алып державалар ыдырап, бауырлас халықтардың одақтары бел алып келеді. Еуроодақ соның жарқын көрінісі. Ежелден қанаттаса отырған, көп ретте тағдырлас, ішінара қандас, экономикалық әл-ауқаты деңгейлес, саяси құрылымы ұқсас ұлттар бірігіп қана қоймай, әлемге ақыл айтуда.

Мұндай ымыраласу үрдісі Латын Америкасында да айқын аңғарылады. Экономикалық одақтасуға негізделген Анд пактісі, Үшеудің тобы (Мексика, Колумбия, Венесуэла), Орталық латынамерикалық ортақ рынок – тілдері ұқсас, этностық тамырлас ұлттардың жаңа жағдайда қайта табысу, сол арқылы адамзат көшінен қалмау үшін жасаған алғы қадамдары. Осындай ынтымақтастықты Шығыс Азия елдері де қалайды. Олар, атап айтқанда, АСЕАН елдері – Малайзия, Тайвань, Гонконг, Оңтүстік Корея, Қытай мен Жапония түптің түбінде тізе қосады деген болжам бар. Негізгі мақсат – Шығыс Азия экономикалық кеңесін құру арқылы әлемге биіктен қарау.

Жер шарындағы қандастар осылай тіл табысып жатқанда әдет-ғұрпы мен ұлттық мәдениеттері барынша ұқсас түркі халықтары бір-біріне қол созып қана қоймай, қоян-қолтық араласуға тиіс. Олардың символикалық ортақ елтаңбасы жасалып «Түркі тектес түгел бол!» деп айшықтасақ, артық па?! «Бауырластық сезіммен – мәңгілікке» деп тұлпарлансаң орынды ғой.

Францияның ұраны – Еркіндік. Теңдік. Ағайындық. Ресейдің ұраны – Державалық Россия. Америка Құрама Штаттарының ұлттық идеясы – Құдайға сенеміз. Біз, ата-бабасы Еуразия құрлығында ат ойнатқан, бүгінгі толқыны жаһанға парасатты ой-ұсыныстарымен жаққан ежелгі ел – Қазақ елі ізгілік пен имандылық ажарландырған, кеңдік пен жомарттық дархандандырған, қайтпас қайсарлық пен намыс шыңдаған ұлттық қуатымызға сенеміз. «Адамзатты махаббатпен жаратқан Алланы сүйеміз». Мәңгілікке құлшындырған даналыққа жүгінеміз.

«Егемен Қазақстан» газеті. 25 ақпан 2015.

Сейілбек ШАУХАМАНОВ,
қоғам және мемлекет қайраткері

АЗАМАТ

Адамзат өзінің бауыр етінен жаралған баласына ат қойғанда бар қыран-қиялын, асыл арманын, үкілі үмітін, періштедей пейілін, ақ, пәк тілегін жақсы ниетпен сол бір атқа сыйдырады. Әрбір қойылған адамның атының белгілі бір мәні, мазмұны, мағынасы, мақсаты болады. Өйткені ол ата-ананың көзі, ізі, өзі, өмірі, өмірінің жалғасы.

Сондай-ақ қалаға, шаруашылыққа, түрлі нысандарға, көшеге, тіптен кезкелген кітапқа, мақалаға ат қойып, айдар тағу, тақырып таңдау тарих, халық, уақыт, қоғам алдындағы жауапкершілігі аса жоғары іс. Бәрі де дұрыс, ретті, әділетті атына заты сай, сәйкес, үйлесімді, үндес ылайықты жарасымды болуы керек.

Осындай маңызды, мемлекеттік, халықтық іске аса жоғары жауапкершілікпен қарау керек деп ойлаймын.

Мен осы мақалаға «Азамат» деп ат қою үшін 2-3 ай ойландым, толғандым. Өйткені қазір сөздің қасиеті, қадірі кетіп, басынан бағы тайып, құнсызданып, арзандап тұрған заманда Ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, кемеңгер, данышпан, Абыз, Ақсақал, Азамат деген құдіретті, киелі сөздер еріккеннің ермегіне айналды, екінің біріне, егіздің сыңарына, тіптен ортаңқол адамдарға да арналып, ойланбастан, ерсілі-қарсылы, ретті-ретсіз, жөнді-жөнсіз айтыла беретін болды. Бұл нағыз: «Ағаш атқа жіп құйысқанның» өзі болып жүр.

Өйткені қолыма қалам алғалы жиырма жылдай уақыт болды, ауыл, аудан, облыс, республикаға белгілі көптеген арқалы, омыртқалы, қабырғалы атпал азаматтар туралы жаздым, талай тақырыптарды пайдаландым. Бірақ «Бекзат», «Азамат» деген абырой мен атақтың, бедел мен беделдің, мәртебе мен мерейдің, жоғары адами қасиеттердің тұмарындай екі тақырыпты жүрегімнің түбінде, санамның саясында сары майдай сақтап, өзімнің замандастарымның, достарымның, сыйластарымның, сырластарымның, қимастарымның арасынан осы екі тақырыпқа лайықты, өзім пір тұтатын, сыйлайтын, құрметтейтін, жаныма жақын кейіпкер іздеумен келдім.

«Талапты ерге нұр жауар» деген. Жолым болды, ойым орындалды, таңбам басылды, таңдауым жасалды. Жұырда «Бекзат» деген тақырыппен еліміздің, халқымызға белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, асқар таудай ағамыз Тәкей Есетов жайлы мақала жазып, оның шынайы образын ашуға ақылымның, білімімнің, пайым-парасатымның бар күш-қуатын салдым. Мақала республикалық, облыстық газеттерде жарияланды. Т.Есетовтың 90 жылдық мерейтойына арналған танымдық конференцияда баяндалды, зиялы қауым тарапынан терең түсініктік пен қызу қолдау тапты. Мақсат пен мұрат мәресіне жетті, үміт пен сенім ақталды.

Міне, енді «Азамат» деген тақырыптың талғауы мен таңдауы өзінің өмір сүрген заманынан, замандастарынан оқ бойы оза туған, Исекеңдерден, Тәкеңдерден, Закеңдерден кейінгі бір шоғыр буынның, келесі ұрпақтың ту ұстаушысы, көш бастаушысы, сөз бастаушысы, төбеде отырып төрелік айтушысы, елінің, халқының бесігіне сыйғанмен төріне сия қоймайтын асыл да адал перзенті Мақсұт Әбдіразақовқа түсіп отыр.

Ал мақаланың сәтті шығуының, жауапкершілігі жоғары таңбалы тақырыптың толық ашылуының негізінен екі шешуші шарты бар.

Біріншісі – кейіпкеріңді терең, жақсы, толығынан жан-жақты, тырнағынан түптұқиянына дейін білуің керек.

Екіншіден – кейіпкеріңді шын, шынайы, жан дүниеңмен жақсы көруің керек. Әрине, жек көріп отырып, жиреніп отырып, жиіркеніп отырып жазғаннан түк те шықпайтыны бесенеден белгілі.

Мен өзімді Мақаңды жақсы білетіндердің, жақсы көретіндердің бірімін деп есептеймін. Оған дәлел біздің бүкіл өміріміз, өзіміз, өрісіміз, замандастығымыз, әріптестігіміз, достығымыз, туыстығымыз, сырластығымыз, сыйластығымыз, қимастығымыз, іштей терең түсіністігіміз, тереземіздің теңдігі, керегеміздің, көзқарасымыз бен көңіліміздің, пейіліміз бен ниетіміздің кеңдігі.

Екеуміз де теңдесі жоқ тәрбие мектебі комсомолдан және болашақ жауапты кадрларды қуыратын да, суыратын да, пісіретін де, даярлайтын да шаруашылықтан, ал ең бастысы, сол заманның шылбырын да, жүгенін де қолдарында ұстаған кеңес, партия органдарынан шыңдалып шықтық.

«Кемеге мінгеннің жаны бір» дегендей Мақаңмен ұзақ жылдар қонысымыз да, өрісіміз де, кәсібіміз де, нәсібіміз де, мақсат, мұратымыз да бір болды.

Тереңөзекте мен кеңшар директоры, Мақаң аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, демек, менің бастығым болды. Жалағаштa Мақаң тағы да төраға, ал мен аудандық партия комитетінің екінші хатшысы – әріптес болдық. Кейін мен облыс басшысы болған жылдары Мақаң облыстың ауыл шаруашылығын басқарды. Өмір деген қызық қой, бұрынғы бастығыма енді мен бастық болдым. Осының бәрін аз десеңіз, «Құданы Құдай қосады» дегендей, Әбдіразақовтар әулеті мен Шаухамановтар әулеті өткен ғасырдың елуінші жылдарынан бері құда болып келеді.

Менің жалғыз ағам Шаухаманов Назарбектің жары, жансерігі Мақаңның жалғыз апасы Дина Әбдіразақова болатын. Біз Мақаң екеуміз жарықтық әке-шешелеріміздің қолдарынан дәм татып, ақ баталарын алып өстік, өндік, көктедік, көгердік. Бір күн дәмдеске 40 күн сәлем демей ме, ал біз өмір бойы тұздас, дәмдес болдық.

Міне, осылайша біздің тағдырластығымыздың, тамырластығымыздың, туыстығымыздың, әріптестігіміздің, сыйластығымыздың, қимастығымыздың тамыры терең, жапырағы жасыл, өзегі, темірқазығы берік болды.

Сондықтан да біз Мақаң екеуміз біріміздің біріміз сырымызды да, қырымызды да, шыңымызды да, шынымызды да, ішімізден де, сыртымыздан да, бірімізге біріміз төменнен де, жоғарыдан да сын көзімен қарап, әлденеше рет таразылап, елеп-екшеп, жан-жақты жақсы білеміз.

Сондықтан да мен адалдықтың, әділдіктің ақ жібінен аттамау үшін Мақсұт Әбдіразақовқа арналған мақаланың тақырыбын «Азамат» деп қойдым.

Атам қазақ «Аттың жақсысын қазанат», «Адамның жақсысын азамат» дейді. Бұл атақты «Құдайдың бір аты халық» деген, жоғарғы мәртебелі халықтың өзі береді. «Халық айтса, қалып айтпайды» дегендей бұл абыройлы атақты Махаңа сол халық берген.

Бұл атақ тек қана ақылыңа, пайым-парасатыңа, біліміңе, тәжірибеңе, іскерлігіңе, адами қасиеттеріңе, талантыңа, тағыңа, байлығыңа, бағыңа байланысты берілмейді. Бұл «Азамат» деген атақ екінің бірі, егіздің сыңарына емес, ел сенімін арқалап, ат арқасына мінгендердің, елдің, халықтың тағдырына, өміріне, тұрмысына тікелей оң әсер ететін ерекше іс-әрекеттері үшін, әрдайым адамдарға сенуге, сыйлауға, жақсылық жасауға бағытталған адами, иманды, қайырымдылық қасиеттері үшін, халықтың мұңын мұңлап, жоғын жоқтағандығы, сын сағатында ханның алдында да, қараның алдында да қасқайып тұрып, басын бәйгеге тігіп, ақты ақ, қараны қара, барды бар, жоқты жоқ деп халықтың, елдің сөзін айта алатын адамға ғана беріледі.

Қызылорданың қалың елі, қабырғалы халқы Мақсұт Әбдіразақовты осы мерейлі, мәртебелі атаққа ылайықты санаулы азаматтардың бірі, бірегейі деп есептейді.

Мақсұт Әбдіразақовтың өмір жолы, өсу жолы, өрлеу жолы аса жоғары жылдамдықпен, тез, сәтті, соқпақты да, тоқпақты да болды. Оны тәнір, тағдыр ерте есейтіп, биліктің ерттеулі ақбоз атына ерте мінгізіп, ерте ел ағасына айналдырды. Бір жыл кеңшардың бас зоотехнигі, тағы бір жыл шошқа базасының бас зоотехнигі, небәрі екі жылда Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, төртінші жылы төрге жақындап, облыс партия ұйымдарының бас штабы – облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, не айтарыңыз бар, сол бас-аягы он-ақ жылда, 30 жасында орынбасар, 33 жасында Сырдария аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып сайланады.

Мақсұт Әбдіразақов сол заманда облыстағы, республикадағы санаулы ең жас төрағалардың бірі болды. Осы ауыр да, ауқымды, жауапты қызметті Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш аудандарында он сегіз жыл нәтижелі, абыроймен атқарып шықты.

Мақаң облыс тарихында өз әріптестері арасында төрағалық қызметте ең ұзақ болған бірінші азамат. Ол төрағалықтың 12 жылын екі ауданда елімізге танымал тұлға Қазантаев Қонысбекпен, он жылын туған ауданы Жалағашта өткізді. Өзінің нәтижелі, абыройлы, жоғарғы лауазымдардағы еңбек жолын облыстың агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы қызметінде аяқтап, жаңа заманның, жаңа қоғамның талаптарына сай кәсіпкерлікті облысымызда алғашқылардың бірі болып қолға алды.

Мақаңның осы мәнді де мағыналы, өнегелі де өрнекті өмірінің, жеткен дәрежесі мен деңгейінің, табыстарының, жеңістерінің, жемістерінің сыры мен қыры, құпиясы неде, баянды бақытының бастауы қайда жатыр деген заңды сұрақтардың туындауы әбден мүмкін.

Адам сөзсіз өзінің әке-шешесінен гөрі, өскен ортасына, заманына, замандастарына, қызметтес әріптестеріне, жолдастары мен достарына, айналасына көбірек ұқсайды деген философиялық қасқабас қағида бар.

«Өзіңнің түріңді көргің келсе, айнаға қара, өзіңнің кім екеніңді білгің келсе, айналаңа қара» деп бекер айтылмаса керек. Сондай-ақ «Жақсы жерге жатсаң, жақсы түс көресің, жақсы іс көресің», «Жақсыменен жолдас болсаң жетерсің мұратқа, жаманменен жолдас болсаң қаларсың ұятқа», «Жақсы жерге түскен келін келін, жаман жерге түскен келін кепшік» деген халық даналықтары да бар.

Әрине, сайып келгенде жоқтан бар пайда болмайды, тақыр жерге шөп те шықпайды, тексіз, қансыз, затсыз түк те болмайды.

Мақаңның тегі, темірқазығы мықты. Оның атасы Нұрке әділ, қара қылды қақ жарған би болған, Нұркеден тараған қос әкелері Абыт пен Әбдіразақтар ұзақ жылдар шаруашылық, кеңес органдарын басқарған өресі биік, өркенді, халыққа сыйлы, дұшпаны да кеміте алмайтын ел ағалары болған.

«Таудан аққан тас бұлақ,
Құймай қоймас теңізге,
Жақсы әкеден туған ұл
Тартпай қоймас негізге» демей ме.

Жоғарыда айтылғандай жас маман, жас кадр жас келін сияқты, бәрі де қандай ортаға, қандай ұжымға, қандай басшының қолына түскеніне тікелей байланысты. Мақаңның бақытының бастауы тәнір, тағдыр оның пешенесіне әрқайсысы бір-бір тәжірибе, тәрбие мектебіндей жақсы басшылармен қызметтес болуды жазған екен.

Мақаң «басшы болып туғаным жоқ, басшы ағаларымды көріп, үлгілерін, өнегелерін, ақыл-кеңестерін алып өстім» дейтін.

Иә, Мақаң тағдыр тарту еткен тамаша ағаларымыздың бар жақсы қасиеттерін, үлгілерін, өнегелерін бойына, болмысына сіңіріп өсті.

Мақаң шаруақорлықты, шалымдылықты, алымдылықты, елді, халықты басқарудың қырлары мен сырларын, сан қилы әдістері мен құпияларын алғашқы рет сол заманның ең абыройлы да атақты, беделді де берекелі, ақылды да айбатты облыстағы шаруашылық басшыларының бірі, бірегейі Шәменов Мәрәлінің тәрбие мектебінен алғандығы баршаға аян ақиқат.

Мақсұт Әбдіразақовтың болашағына сара, түзу де тура жол ашқан, құсты ұшпай тұрып қияғынан, атты шаппай тұрып тұяғынан, баланы бесігінен таныған дана бабалардың ұрпағы Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Байбол Сопбеков болатын.

Ол жалындаған жас маман Мақсұтты таниды, табады, таңдайды, үш жылда үш өмір мектебінің баспалдақтарынан өткізіп, 26 жасында аймақтағы кадрлардың ұстаханасы – облыстық партия комитетінен бір-ақ шығарады. Ол облыста, аудандарда шаруашылықтарды әртараптандыру мақсатында дәстүрлі төрт түлік мал өсірудің үстіне тауық, үйрек, қоян, шошқа өсіру жаппай қолға алынған кезең болатын. Белсенді басшылардың қолдауымен ауданда колхозаралық шошқа базасы ұйымдастырылады. Жергілікті халықтың менталитетіне сәйкес келмейтін, қазақтардың қанына, жанына сіңбейтін «талпақтанау» өсіру ауданда көптеген кедергілер мен қиындықтарға ұшырайды. Шошқа өсіруге қазақтар ынтасыз, ықылассыз, тек партияның саясатының пәрменімен, тапсырмасының күшімен ғана ылажсыз кіріседі.

Осындай маңызды, қиын да қисынсыздау жұмыс тапсырылған мамандар мен басшылар шошқа базасының ішіне кірмей, сыртынан атпен айналып жүріп басқарып, іс оңға баспай қояды. Осы тұста Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы ізденімпаз, талғампаз, жаңашыл да жанашыр, байсалды да байыпты басшы Б.Сопбековтың таңдауы «Коммунизм» совхозының бас зоотехнигі Мақсұт Әбдіразақовқа түседі.

Ата-аналарының, ағайын-туыстың, жора-жолдастардың көпшілігінің қарсылығына, ашылығының қолдауына қарамастан осындай сын сағатында, тағдырлы кезеңде Мақаң партия комитетінің ұсынысын жерге тастамауға, сенімін ақтауға батыл да баянды шешім қабылдайды.

Осылайша Мақаң осы елдің, халықтың, партияның назарындағы, сол тұстағы пікір мен көзқарастың базарындағы қиын, жаңа да жауапты жұмысты ұйымдастыруда өзінің бар қадір-қасиетін, қауһар-қабілетін толықтай ашып, болашағына сенімді де серпінді қадам жасады.

Біздер, мұсылмандар «талпақтануды» қанша жаман, арам дегенімізбен, ол әлем халқының басым көпшілігінің қазығы да, азығы да, негізгі ырыс-несібесі, тамағы да емес пе?! Оның тарихта бүкіл тірі тіршіліктің, жан-жануарлардың, адамзаттың алдында атқарған елеулі еңбегі де бар. Нұх пайғамбардың кемесінің үстінде антисанитариялық қауіпті жағдай қалыптасқанда эпидемиологиялық апаттан бәрін тілімен жалап, тазалап, аман алып қалған, сол үшін Алла тағаланың ризашылығына бөленіп, тілегін берген мақұлық осы «шошекең» емес пе?!

«Жамансыз жақсы болмас, қобызсыз бақсы болмас» дегендей, мүмкін Мақаңа осы «жаманның» да шарапаты тиген болар.

«Сыныктан басқаның бәрі жұғады» дегендей, М.Әбдіразақовтың бойындағы ізденімпаздық, талғампаздық, жаңашылдық, жаңашырлық, жанасылдық, кісілік қасиеттер алғашқы ұстаздарының бірі Сопбеков Бәкеңнен, оның тәлім-тәрбиесінен, үлгі-өнегесінен бастау алғандығына ешқандай шүбә келтіруге болмайды.

Мақаң облыстық партия комитетінде нағыз сауаттылардың, салихалылардың, салауаттылардың ақылды ортасына түсті. Көрнекті партия, кеңес, қайраткерлері Х.Бектұрғанов, кейінірек И.Әбдікәрімов, Т.Есетов, Е.Әуелбеков, С.Құбашев, С.Сарсенбаев, С.Тәнекеев, Қ.Жарқынбеков, Ш.Бәкіров, З.Жарқынбаевтардың әрқайсысы бір университет емес пе?!

Мақаң биліктің қара шаңырағы – облыстық партия комитетінен барлық дәрежедегі басшыларда сирек кездесетін сауатты жазуды, сызуды, әлеуметтік, экономикалық сараптама, талдау жасауды, саяси сахнадағы басты қаруы – құдіретті сөз өнерін, адамдармен, кадрлармен мәдениетті сөйлесуді, түсінісуді, сендіруді, көндіруді, салыстырмалы түрде ненің, кімнің жақсы, жаман екендігін, ненің ақ, ненің қара екенін де ажырата, айыра білудің сан алуан қырлары мен сырларын, әдістерін шебер меңгерді.

Келесі тәрбие мектебі – облыстағы аудандардың бірінші хатшыларын тәрбиелейтін, дайындайтын ұстахана – Сырдария ауданы еді. Шындығында да солай болды. Қ.Қазантаев, Е.Көшербаев, Н.Ергешбаев, С.Далдабаев, О.Сәпиев, Б.Каюпов, И.Әбибуллаев, мен бәріміз де Сырдариядан шықтық. Бұл кездейсоқтық емес, заңдылық, елдің, жердің қасиеті, киесі. Мақаң Сырдарияның елінен, еңбекқор, жасампаз халқынан, оны жиырма жылға жуық нәтижелі, абыройлы басқарған, аймағымыздағы ең тәжірибелі, тағылымды бірінші хатшы Еламан Жүнісбаевтан елдің ауызбіршілігін сақтаудың, кадрларға деген байыпты, байсалды көзқарастың, кеңдіктің, кешірімділіктің, халықты сауатты, сыпайы, салдарлы, салиқалы, мәдениетті, өгіз өлтірмей, арба сындырмай, терісі тескен, қан шығармай басқарудың жайлы, жағымды үлгілері мен үрдістерін, әдістері мен формаларын қанына, жанына сіңіре білді.

Келесі баянды баспалдақ Тереңөзек ауданында «Аққөңілдің аты арымас, тоны тозбас» дегендей екі аққөңіл, аққөкірек, ешкімді бөлмейтін, жармайтын, алаламайтын, құлаламайтын, ешкімге қиянат қылмайтын, ешкімнің ала жібін аттамайтын, бәрі де оңсын, бәріне де болсын дейтін, халықшыл, мемлекетшіл, періште пейілді, бірінші хатшы Н.Ергешбаев, төраға М.Әбдіразақов бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып, бірін-бірі қолдап, қажет жерінде бірін-бірі қорғап, бірін-бірі толықтырып, терең түсіністікпен, іскерлік қарымқатынаспен, үндестікпен, үйлесімділікпен белсенді еңбек етіп, партия, кеңес органдарының қалай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тізе қосып, бірлесіп жұмыс істеу керектігінің үлгісін көрсетіп, елдің берік бірлігін, жарасымды, нәтижелі, абыройлы тірлігін қамтамасыз еткендігі әлі күнге дейін елдің есінде.

Хатшы да, төраға да өз қазандарында өздері қайнап, өз қазандарында өздері пісті.

Дегенмен, «мәністің де мәнісі бар, мәніс білмегеннің мәністе не ісі бар» дегендей, мектептің де мектебі бар, басшының да басшысы бар, хатшының да хатшысы бар.

Ол облыс, республика жұртшылығына танымал қарымды қайраткер, тұғыры биік тұлға Мақаңның, бәріміздің ұлағатты ұстазымыз бір өзі бір мектеп – Қонысбек Қазантаев.

Көршілес орыс халқында «С кем поведешься, от того и наберешься» деген ұлағатты сөз бар.

Мақаңның бойындағы адамдық, азаматтық, адалдық, тазалық, әділдік, іскерлік, талапшылдық, қайраткерлік, көсемдік, шешендік қасиеттердің қалыптасуында Қонекеңнің қайталанбас қолтаңбасының барлығы адамға да, айға да, күнге де, аспанға да, жерге де, Аллаға да аян.

Мақаң Қонекеңмен Тереңөзек, Жалағаш аудандарында он екі жыл бірге қызмет істеді. Сол жылдары осы екі ауданның бағы жанып, еңбек, өмір, өнер бәйгесінің алдын бермеді, шашасына шаң жұқтырмады. Екі азаматтың мол өмірлік тәжірибесі, табиғи таланты, білегінің, жүрегінің бірлігі, қажыры мен қайраты, үйлесімді, үндес іскерлік, жасампаз қызметтері елге де, өздеріне де бақ-береке, ырыс-несібе, абырой, атақ болды. Бірлік бар жерде тірлік бар деген осы да.

Қонекең мен Мақаңның арасында өмірлерінің соңына дейін терең түсіністік, сыйластық, сырластық, қимастық қарым-қатынас болды. Қызмет бабында біріне бірі сенімді серік, терезесі тең, керегесі кең әріптес, ал жалпы тұрмыста, өмірде біріне бірі сүйеу, біріне бірі тіреу, бауырлас, қандас аға, інідей болды.

«Жақсылардың достығы кеудеден жан шыққанша» деген осы да.

Мақаңның азаматтық, қайраткерлік шоқтығының биіктігі, әсіресе, Жалағаш ауданында 10 жыл төраға болғанда айшықтала түсті. Әдетте, облыста, республикада өзінің туған ауданында он жыл төраға болу өмірде сирек кездесетін жағдай. Өйткені біздің қазақ ағайын «Ауылдағының аузы сасық», «Ауылда өскен атанның тайлақ аты қалмайды» деген дерттерден әлі де толықтай арыла қойған жоқ. Менің өмірден көргенім, түсінгенім, түйгенім, өзіңнің туған ауылыңда, ауданыңда, облысыңда жұмыс істеуден гөрі сыртта қызмет істеу әлденеше рет жеңілдеу болады.

Мақаңның ақылдылығы, азаматтығы сол керағар қағиданы жеңе білді. Елді, халықты тыңдай білді, тыңдата білді, сыйлай білді, сыйлата білді, бағындыра, басқара білді.

Ешкімге, ешуақытта бәс бермеген Қонекеңді де тыңдай білді, тыңдата білді, сыйлай білді, сыйлата білді.

Мақаң осындай атағынан ат үркетін, анау-мынауға өңі түгілі, түсін де жорытпайтын, ешкімді де төрі түгілі төңірегіне жуытпайтын айбатты, қайратты, сұсты бірінші хатшы мен халықтың, атқа мінген азаматтардың арасында алтын көпір болды.

«Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан» дегендей, елдестіре білді, ешкімді де жауластырған жоқ, талай азаматтардың тағдырына оң әсер етті, талай азаматтарды жаладан, жазалаудан сақтап, қорғап қалды. Бірде 8 мамыр күні, Жеңіс мерекесінің қарсаңында «Мәдениет» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері бүкіл республикаға белгілі азамат Ұзақ Еспановтың мәселесі аудандық партия комитетінің бюросында қаралды. Қабылданатын қаулының жобасында «Мал шаруашылығын өсіп-өркендетудегі, әсіресе сүт өндірудегі жіберген өрескел кемшіліктері үшін есеп карточкасына жазылған сөгіс берілсін» деп ұсыныс жасалынған. Бірқатар бюро мүшелері жазаны жеңілдету жөнінде ұсыныстар жасады.

Бірақ, бірінші хатшының қаһарынан қайтар түрі жоқ, мәселе ушығып, шиеленісіп барады.

Сонда Мақаң тұрып: «Қонысбек Төрешұлы, шаруашылықта қаулыда көрсетілген кемшіліктердің орын алғаны рас. Ол үшін директорды қандай да бір жазаға тартуға әбден болады. Бірақ бүкіл ауыл, ел, халық Жеңіс мерекесін тойлап, арқа-жарқа болып жатқанда облысымыздың беткеұстар директоры Ұзақ Еспанов сөгіс арқалап, қай бетімен ауылына барады. «Орнында бар оңалады» деген, көрсетілген кемшіліктер таяу күндерде жөнделеді, жөндетеміз, оған бұдан да ауқымды, ірі, іргелі істерді тындырып жүрген ұжымның күш-жігері, директордың қабілеткауһары жетеді. Сенім білдіргеніміз дұрыс болар» деп өз сөзін аяқтады.

Сұңғыла саясаткер, дипломат, қабағынан қар жауып, түнеретіні бар, бірақ жаппайтын, құз басына әлденеше апаратын, бірақ жықпайтын, халықты, елді айбатымен, қайратымен, сұстымен, қарқынымен кадрлардың бір тал шашын да түсірмей, жауға да бермей, жағасын да жыртқызбай басқаратын алды тар, арты кең, кешірімді хатшыға керегі де осы еді. Осындай сын сағатында хатшы райынан қайтып, бұл мәселені осы талқылаумен шектейік деп бюро мәжілісін жабық деп жариялады.

Міне, дуалы ауыздан шыққан киелі сөздің құдіреті қандай десеңізші?!

М.Әбдіразақов ақыл парасатын, білімін, білігін, қажыр-қайратын елдің ауызбіршілігін сақтауға, ауданның экономикасын, әлеуметтік жағдайын, мәдениетін өркендетуге, бірінші хатшының төңірегіне халықты, елді жұмылдырып, оның беделін көтере түсуге сарқа жұмсады.

Міне, нағыз азаматтық, адалдық, ақылдылық деген осы.

Адалдық демекші, әйелдердің жартылай екіқабат бола алмайтындығы сияқты адамдар да жартылай адал, жартылай арам бола алмайды. Сол жылдары Қонекең бәрімізді жұмысты жұмыс, тұрмысты тұрмыс, демалысты демалыс деп білуге үйретті, әріптестік, жолдастық, аға-інілік қарым-қатынасымызды қалыптастырды.

Қонекең мен Мақаңның жүрген жері бір мысыр шаһар еді. Екеуі де отырыстың, дастарханның көркі, гүлі болатын, бәріміз де жанымыз жадырап, жақсылықтың нұрына, сәулесіне, шуағына бөленетін едік.

Барлық бюро мүшелері бірге жүреміз, бірге тұрамыз, қонаққа да бірге барамыз. Осының өзі елдің берік бірлігін, белсенді тірлігін қамтамасыз етудің алғышартына айналды. Кейде, қонақтан шыққасын Мақаң екеуміз, төраға мен екінші хатшы ұзақ серуендеп әңгімелесеміз, ақылдасамыз, сырласамыз. Әрдайым, негізгі тақырып елдің ауызбіршілігін сақтау, ауданның шаруасын алға бастыру, бірінші хатшының беделін көтеру, ат арқасындағы азаматтарды, халықты оның төңірегіне топтастыру жайлы өрбиді.

Қазір ойлап қарасам бұл не деген адалдық десеңізші?! Сол заманның, сол қоғамның, барлық дәрежедегі басшылардың басым көпшілігінің адалдығы.

Екі бірдей туған құданы бір ауданға екінші хатшы, төраға етіп жіберген облыстық партия комитеті, оның басшылары қандай ақылды, қандай адал, оларды қабылдап отырған бірінші хатшы Қонысбек Төрешұлы қандай ақылды, қандай адал, сол сенімді ақтай білген, жақсыларды, жақсылықты жақтай білген, біздер қандай адал болғанбыз деп әрдайым рахаттана еске аламын.

Шіркін, Мақаң шоқтығы биік, болмысы бөлек, түрі де, түсі де келген кеңінен пішілген құдайдың үйе салған бір мәртөбесіндей азамат еді-ау. Әрине, адамдардың бойындағы жақсы қасиеттер жалпы жақсылардың бәріне ортақ, бәріне тән болуы заңдылық. Бірақ, Мақаңның бойындағы жақсылықтар басқалардан гөрі бөлектеу, бөтеншелеу, ерекшелеу болатын.

1. Оның ақкөңілділігі – дарақылықтан, даңғазалықтан, көңілжықпастықтан, жалпақшешейліктен, шектен шығып, аңқаулық пен алаңғасарлыққа, ақымақтыққа ұласып кету қаупінен ада еді.

2. Оның кішіпейілдігі – қолбалалықтан, қолжаулықтықтан, жүндеген түйеден де жуастықтан, қойдан да момын, қояннан да қорқақтықтан, ләппай тақсырлықтан, кез келген жолы болған жолаушы мініп кете беретін жайдақтықтан, кез келген пенде киіп кете беретін кеңкебістіктен ада болатын.

3. Оның қарапайымдылығы – қарадүрсіндіктен, қарабайырлықтан, жасандылықтан, жалғандықтан ада болды.

4. Оның кісілігі – үлкендердің қатарында кіші емес, кішілердің қатарында үлкен емес, ретсіздіктен, жөнсіздіктен, жолсыздықтан, жағымпаздықтан, әдепсіздіктен ада-тын.

5. Оның шешендігі – көпсөзділіктен, көпірмеліктен, лепірмеліктен, көлгірсінуден, көсемсінуден, көзбояушылықтан, білгішсінуден, шындықтың, әділеттіліктің соңғы стансасы болып көрінуге талаптанушылықтан, ұмтылушылықтан мүлдем ада еді.

6. Оның талапшылдығы –дөрекіліктен, үрдажықтықтан, менмендіктен, кеудемсоқтықтан, зәбірлеуден, жәбірлеуден, жазалаудан, ретсіз мазалаудан, арға, намысқа тиюден, әлімжеттіліктен ада болатын.

7. Оның ақылдылығы, білімділігі, парасаттылығы, іскерлігі, барлық адами жақсы қасиеттері ненің не, кімнің кім екенін білетіндігінде, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырата алатындығында, сезімталдығында, сергектігінде, сайып келгенде өзін-өзі басқара, бағындыра, бағыттай, шектей, тежей, өзін-өзі сыйлай, өзін-өзі тыңдай біле алатындығында жатыр.

Адамның өміріндегі ең шешуші орта, үлкен мектеп – ол отбасы. «Отан от басынан басталады» деп бекер айтылмаған ғой. «Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды» деген де бар. Мақаң қосы оңған азамат. Мақаңның тән, жан, өмірсерігі Сара да зиялы отбасында тәрбиеленген, текті әулеттің қызы. Әкесі Айтбалаев Әбуәзи партия, кеңес, шаруашылық органдарында жауапты, басшылық қызметтерде болған, атасы Айтбала діни сауатты, кітап ашатын, көріпкелдік қасиеті бар, оқымысты кісі болған. Сәкең де Мақаңа сенімді серік, көмекші де, кеңесші де, ақыл қосар да, ашу басар да бола білді. Ұзақ жылдар комсомол, тұтынушылар одағында басшы жұмыстарда нәтижелі, абыройлы еңбек етті. Қыздары Сәрсен, Майра, Ақмарал, ұлдары Мұрат әрқайсысы өмірден өз орындарын тауып, шаңырақ көтеріп, қыздары тон пішіп, Мұраты оқ жонып, ел қатарлы жүріп жатыр.

«Жігітке мың дос көптік қылмайды, бір дұшпан аздық қылмайды» дейді халық даналығы. Мақаң жолдастан да жолы болған, адал достарға бай дос. Олар: дос, сырлас, сыйлас, ағасы Бименде Баймаханов, Бөлебай Есжанов, Өмірзақ Тұңғышбаев, Қаһарман Табынбаев, Сәмит Далдабаев, Ермақаш Тұрабаев, Нұрмақ Токмырзаев, Камал Шөкенов, Әбдіржан Қалыбаев, Сақтаған Жанасбаев, Ақпантай Пірназаров, Сапа Исмаилов.

Мақаңның бүкіл өміріндегі жиынтерген байлығы да, бақыты да осы өмірлік достары. Олар бір-біріне тілектес болды, сүйеу болды, тіреу болды, сыйлас болды, сырлас болды, қуанғанда да, қайғырғанда да бір-бірінің қасынан табылды, бір турам нанды бөліп жеді.

Мақаң бір күні суық тиіп, сырқаттанып қалады. Сол күні үйіне бір семіз жылқы соғымға арналып келеді. Мақаң Қаһарман Табынбаев бастаған достарына түгел телефон шалып, ештеңе білмеген болып менің көңілімді сұрап келіңдер дейді. Ләппайға зар болып отырған достары жедел жиналып, сау ете қалып, Мақаңның көңілін сұрайды. Сара да аң-таң, Мақаңда аң-таң болғандай кейіп білдіреді. «Көргеннен көз ақысы» демей ме, Сәкең қазан көтеріп, соғымның алғашқы сыбағасы осылайша достарына бұйырады. «Бұйырған кетпес, жүгірген жетпес» дегендей, Мақаң жатыңқырап қалып, көңіл сұрау мерзімі недәуір ұзарып, сол соғымның соңғы асымын жегенге дейін жеткен екен. Міне, Мақаңның, Сәкеңнің мәрттігі, жомарттығы, қонақшылдығы, жолдасшылдығы, досшылдығы осындай еді.

Олардың өмірлері мәнді болды, ішкен-жегендері дәмді болды, кигендері сәнді болды.

Мақаңның өсу, өрлеу жолында өшпестей қолтаңбасы бар басшылардың, асыл ағаларының бірі, бірегейі Бакишев Жұмабай болатын. Ол кісі даланың даналығын, қазақтың даралығын бойына терең сіңірген отты да, суды да, оқты да көрген, барды да, жоқты да көрген бір тамаша данагөй, бір өзі ақыл мен парасаттың ашық сабағындай азамат еді.

Мақаң шаруақорлықты Шәменовтен үйренсе, ұшы-қиыры жоқ кеңес жұмыстарының қыры мен сырын Бакишев Жұмабайдан үйренді. Өзінің алғашқы басшылық жұмысын Бакишев Жұмекеңе орынбасар болудан бастап, ел, халық басқарудың алғашқы сабағын осындай ұлағатты азаматтан алды.

Мақсұт Әбдіразақовтың ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Үш рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет Белгісі» ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы кеңесінің грамотасымен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Жиырма жылдан астам уақыт облыстық партия комитетінің мүшесі, облыстық советтің депутаты болып сайланды.

Мақаң атаққа, мадаққа, мансапқа құмар да, аса ынтызар да болған жоқ. Оған дәлел, Х.Бектұрғанов Мақаңды бірінші хатшылыққа ұсынғысы келгенде, оның әлі жаспын, тәжірибе жинайын, жұмысты үйрене тұрайын деп бас тартуының өзі өмірде сирек кездесетін жағдай емес пе?!

Сондай-ақ Тереңөзек, Жалағаш аудандарының көрсеткіштері бірінші хатшыны «Социалистік Еңбек Ері» атағына ұсынуға лайықты болып тұрғанда, төрағаның үш рет «Еңбек Қызыл Ту» орденінен аса алмауының өзі де ретсіздеу, әділетсіздеу жағдай ғой.

Облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, арқалы, біртуар азамат Қаржау Жарқынбеков бірінші хатшы Х.Ш.Бектұрғановқа: «Хасан Шаяхметұлы, бір пәленше деген шопан шал үш жыл қатарынан социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, үш жылда да оған сыйлыққа мылтық беріліпті. Басқа шопандар кілем, палас, мұздатқыш, телевизор алып жатады. Сонда мылтықты ұнатпаған кемпірі «шалым-ау, ел аман, жұрт тыныштa сені-ақ жау шабады да тұрады екен» депті. Сондай-ақ осы «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен үшін шығарылған екен де», – деп өкпесін айтқан екен. Ал Мақсұт Әбдіразақов болса тіс жармады. Талай рет Мақаңның тырнағына тұрмайтын кейбір «Қалтабай», «Дорбабай», «Қоржынбайлар» алдын орап кетіп жатсада жақ ашпады. Жамандарға жалынбады, жақсыларға табынбады.

Сөз жоқ ең жоғары баға, награда, ол халықтың бағасы. Халық, ел, зиялы қауым Мақаңды барлық марапаттан жоғары нағыз Азамат деп бағалады. Ел, Халық Мақаңды ұмытқан жоқ, ұмытпайды да, оны іздейді, сағынады, әрдайым ретті жерінде жиі еске алады, кейбір келбетсіздердің келеңсіздіктерін көргенде, бір кем дүниеай, әттең Мақаң болғанда ғой деп армандайды Қызылорданың адал, әділ азаматтары Қожахмет Баймаханов, Тұрғанбай Маханов, Жарылқасын Шәріпов, Алмагүл Божанова, Жорабек Сарбалақов, Қорғанбек Қайруллаев, Мұқан Әмірғалиевтер.

Менің осы мақаланың аясында айта алған, айта алмаған Мақаңның сан алуан, сан қилы жақсы қасиеттерін, қырларын, сырларын оның 75 жылдығына арналған мақалаларында тура сөздің туын жықпай келе жатқан еліміздің зиялы азаматтары Нұрекең Тоқмырзаев, Қаһарман Табынбаев, Шыңғыс Айбосынов, Рысбай Каримовтер толығымен аша алды деп ойлаймын. Бәрінің де, бәріміздің де пікіріміз Құдайдың 99 атының бірі жоғарғы мәртебелі халықтың бөлінбейтін, жарылмайтын, қатесіз, қалтқысыз пікірінен туындайды.

Қонекең Қазантаев: «Кезінде ақылымызды алып, ақылымызға ақыл қосатын, айқайымызға шыдап, ашуымызды басатын, ізгіліктері мол ізбасар болған, туысқаннан да артық, туғанға бергісіз інілерімнің бірі, бірегейі Мақсұт қой» дейтін жарықтық.

Жұмекең Бакишев: «Мақсұтжанмен қызметтес болу жаныңды жай таптыратын ғанибет қой» деп, оған сенгендігі соншалықты Мақаң дайындаған шешімдерге оқымай-ақ қол қоя береді екен.

Бірде Мақаң біздің үйде қазақтың көрнекті жазушысы, академик, маған дос, сыйлас, сырлас аға болған Зейнолла Қабдоловпен қонақта болды. «Адам сөйлескенше, ат кісінескенше» дегендей, екеуі ашық-жарқын, емін-еркін сұқбаттасты, сыр сандықтар ашылды, небір даналықтар шашылды, талай текті әңгіменің тиектері ағытылды. Екеуі бір дастарханның үстінде тез түсінісіп, ұғынысып, дәрежесі, деңгейі, адами қадір-қасиеттері сәйкес келіп, елу жылдық достардай, 40 жылғы құдалардай бір тамаша, әкім ұлықпанның мың жасағанындай күй кешті.

Мақаң әңгіменің арасында жүрегім ауырады деп қалды. Сонда жарықтық Зәкең: «Қарағым, өзің бір түрің де, түсің де келген, ақыл-парасатың асқар таудай, ойың қалың ормандай, жаның жаздай, көңілің күздей, пейілің періштедей жан екенсің, жігіттің нағыз сұлтаны, сұңқары екенсің, сендей ақ, әділ азаматтың жүрегі ауруы мүмкін емес қой» деген еді.

Иә, Мақаң өте зерек, сергек, сезімтал, жүрегі нәзік, жараланғыш, ешнәрсеге, ешкімге бей-жай, бейтарап, немқұрайлы, немкетті қарай алмайтын, заманның, қоғамның, өмірдің бар жақсылығы мен жамандығын, қызығы мен қиындығын, дұрысы мен бұрысын өзінің ақ, пәк жүрегімен қабылдайтын жан еді.

«Адам өмірінде өрлеу мен құлдырау кезеңдері болады. Өмір сонысымен де қызық» деп Мақаңның өзі айтқандай – өмір деген өмір, қиял деген қиял, арман деген – арман, арман кейде жетелейді, кейде жеткізеді, кейде жеткізбейді. Бұл дүниеде тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ. Төрт жағы құбыла, кедергісіз, кемшіліксіз, қиындықсыз, майдан қыл тартқандай мамыражай өмір сүрген мұнсыз Мұстафа пенде де жоқ, болмайды да. Өмір деген күрес. Күресте жығу да, жығылу да болады. Мақаңның да әттеген-айы, өкініші, өкпесі, «ақылсыз адам армансыз» дегендей ақылы да көп еді, арманы да жоқ болды деп айта алмаймыз. Бірақ осының бәрін қосқанда Мақаңның жақсылығының, жайсаңдығының, бүкіл өміріндегі сәттіліктерінің, тәттіліктерінің жүзден біріне де тұрмайды, оның азаматтық биік тұлғасына көлеңкесін түсіріп, тырнақтап жинаған абырой, атағын бір мысқалда төмендете алмайды.

Сондықтан мен ол жөнінде айтып, аузымды былғағым жоқ.

Дегенмен, осының бәрін өмірдің қызығын да, қиындығын да, сынын да, сынағын да өзінің жұдырықтай жүрегіне сыйдырып келді. Өкінішке орай, түптің түбінде сыйдыра алмады, жүрек жарықтықтың да табиғи мүмкіншілігі шектеулі ғой.

Пайғамбар жасы 63-ке екі апта қалғанда ғазиз жүрек тоқтады.

Ғұмыры қысқалау болғанмен, мемлекет, халық үшін атқарған қыруар игілікті, ізгілікті ісі, өшпейтін, өлмейтін ізі, тек өзіне тән қолтаңбасы, мыңдаған адамдарға жасаған жақсылығы жүз жылға тұрарлық – мәнді, мағыналы, мақсатты, жасампаздық, жарқын өмір деуге әбден лайықты.

Қазақта: «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» деген аталы сөз бар. Мен де Мақаңның жақсылығын, шарапатын көргендердің бірімін.

Бірінші жақсылығы: ұзақ жылдар жекжат, туыс болғанда, қызметтес болғанда, бірімізге біріміз бастық болғанда, жолдас болғанда, көрші болғанда – ешқашан адамгершілік, азаматтық әдептен озған емес, әріптестіктің қасқабас қағидаларын бұзған емес, туыстықтың, жоладастықтың шектеулі шеңберінен шыққан емес, өзінің орнын, ісін, сөзін әр нәрсенің жөнін, ретін мықты меңгерген, айттырмай ойындағыны орындайтын, қасың мен қабағыңнан-ақ бәрін байқайтын тамаша, зерек, зерделі азамат еді.

Екінші жақсылығы: мен алты жылдың үстінде облысты басқарғанда мемлекеттік қызмет бабынан басқа өзгеге байланысты біреудің атын атап, түсін түстеп, бірде-бір рет өтініш, ұсыныс, пікір айтқан емес.

Әрине, Мақаңа өтініш айтып, қолқа салушылар аз болған жоқ, бірақ Мақаң Секең өзі жерді, елді, халықты, кімнің кім екенін, ненің не екенін біледі, сондықтан жоғарыны да, төменді де, ешкімді де кадр мәселесіне араластырмайды деуден танған емес. Мақаңның осы принципті мәселедегі азаматтық ұстанымына қалай риза болмассың.

Үшінші жақсылығы: Мақаң тоқсаныншы жылдардың басында қазіргі қаланың ең бір көрнекті орталығына айналып отырған «Арай» мөлтек ауданының қазығын қағып, бірінші үй салып, негізін қалады. Қазір «Арай» өсіп-өркендеп көктеп, көгеріп, елімізге белгілі азаматтардың, мыңдаған халықтың құтты мекеніне айналды. Сол кезде «Арай» Қызылорда қаласының көрікті де, көркем орталығына айналады деп кім ойлаған?!

Бұл да бір Мақаңның елге, халыққа, бәрімізге жасаған жақсылығы, болашақты болжай білетін көрегенділігі деп бағалауымыз керек.

Бірде тамыз айының ортасында, сәрсенбінің сәтті күні Мақаң түсте үйіне шақырып, құдасы әрі бәріміздің досымыз, елге, халыққа белгілі, беделді де, берекелі азамат Өмірзақ Тұңғышбаев екеуі қарсы алып, қонақ етті, ақ лақты сойып, бүйрегін шарбы майына орап жегізіп, құрмет, сый-сияпат көрсетті.

Сосын үйінің алдындағы бұрындары дарияның топан суынан қорғану үшін салынған бөгеттің төбесіне шығарып: «Секе, мынау 15 гектардай құнарлы жер, анамыз Сырдарияның жағасы, 500-дей саяжайдың аясы, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан, жиде, жыңғыл, шеңгел, жантағы мен миясы сыңсып тұрған, ішінде қырғауыл, қояны да бар бір қасиетті жер. Егер сіз қаланың әкімі Әбдіржан Қалыбаев екеуіңіз осы жерге келіп, қоныс тепсеңіздер келешекте өздеріңізге де құтты мекен болар еді, қаланың жаңа мөлтек ауданы «Арай» да өсіп-өркендер еді, мұнда жол, су, жарық, мектеп, балалар бақшасы, басқа да әлеуметтік құрылыстар келер еді, халықтың, елдің ризашылығына бөленер едіңіздер» деді.

Сол сәтте, айтқандай-ақ бір-екі қырғауыл пырылдап ұшып, Мақаңның сөзін қоштағандай болды. Мен көндім, Мақаңмен көрші болуға келісімімді бердім. Осылай мен Мақаңның жеке ұсынысымен, үгіт, насихатымен, қамқорлығының арқасында осы құтты мекенге қоныс тептім.

Келешек үлкен бақ жасау үшін бұрын дендропарк болады деп салынған жол, қазылған канал, қашыртқының бәрін қамтып, құрғақ тоғай ағаштарымен, тікен сыммен қоршаған болатынмын. Бірде Мақаң сол жерге бір соғып кетуімді өтінді. Соқсам қада үшін қағылған құрғақ ағаш жаз ортасында көктеп тұр екен. Бұл керемет қайталанбайтын, таңғажайып, таңғаларлық, таңданарлық, бұрын-соңды естіп, көрмеген құбылыс еді.

Сонда Мақаң: «Секе, мына керемет жағдайды мен жақсылыққа жорып тұрмын. Бұл жер сізге құтты қоныс, бейбіт өріс болады екен, сіз осы жерде мына ағаш сияқты көктеп-көгеріп, өсіп-өнеді екенсіз, бар жақсылықты, бар бақытты осы жерден табады екенсіз» – деп еді.

Жарықтық Мақаң тегін емес текті, киелі, сөзі пәтуалы, аузы дуалы азамат екен. Мен қазір бірнеше мыңдаған ағаш өсіп тұрған, қалың орманның арасында, халқымның ортасында, балаларыммен, немерелеріммен бақытты өмір кешіп жатырмын. Күнде сол бақтың, орманның ортасында серуендеп жүріп, әр ағаштың тұсында Мақаңды үлкен ризашылықпен, ілтипатпен еске аламын, жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдасыңыз, орныңыз пейіштің төрінде болсын деп рухына құран бағыштаймын.

Тарихта өздерінің ірі, іргелі істерімен талай қазақтың тақымын қыстырып, тамсандырып, айызын қандырған, тіл-көзден аулақ, бәрекелді, жарайсың дегізген Азаматтар аз болмаған. Соның бірі сізсіз, құрметті Мақа!

СЕНІ КҮТІП ЖҮРМІН

Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ

Сәлем! Хатыңды алдым. Төпеп жазып жатырсың. Мила екеуміз оқыдық. Әзілдеріңе күліп алдық. Тезірек жаз хатты, – деп Мила жанымды алып болды. Мен ойланып, толғанып жүргенімде, мына хатың да жетіп келді тереземіз қағып. Оқас досың әкеліп берген. Жынды, сол ғой мезгілсіз терезені тықылдатқан. Әрнені айтып қылжақтайды. Тас төбесінен жұдырығыммен бір қойдым. Содан қолым ауырып қалды. «Сен қызға айлы түнде жұлдыз санатар ма еді» дейді. Ол не дегені?

Жайлаубек, арамыздағы жайлардан мамаң хабардар екен ғой. Әл-әзір білдірмей қоя тұрмадың ба, сенің үш жылың біткенше кім бар, кім жоқ. Бізге қайда-а әлі... Енді ол кісінің алдында бұрынғыдай «тайраңдап» жүре алмайтын болдым ғой. Мен біздің құпиямызды Мила үшеуімізден басқа бір жан білмейтін шығар деп жүрсем. Түнде төсекте көпке дейін ұйқым келмейді. Білмеймін неге екенін. Әдейі телевизорды сөйлетіп кеш жатсам да ұйқым қашып кетеді. Сосын төсекте кітап оқып жататын әдет таптым. Содан бір уақытта көзім іліне бастайды. Сол кезде ғана жарықты сөндіріп ұйқыға бас қоямын.

Сені отпуск дейтінге жібермей ме? Көзіме бір көрініп кетсең қайтеді... Қой, қайдағы-жайдағыны айтып басыңды ауыртпайын. Жақсы жауынгер болып оралуыңа тілектес – Мен.

***

Сәлем! Сонымен бұл хатың да келіп жетті. Конверттер сатып алайын деп поштаға барғанмын. Сенен хат келіп тұр екен. Алдыңғы хатың да тез келген сияқты еді, бұл хатың да жедел жетіпті. Қалай тез келген?! Мектепті сенен екі класс кейін бітірген Ибаны білесің ғой. Ол да келе қалған поштаға. Хатыңның сыртындағы «Вручить лично в руки» дегеніңді көре қалып жабыса қалғаны. Хатыңды маған біреу әдейі әкеліп қолыма құрметпен табыстайтындай сол ескертпеңді жазбай-ақ қойсаң қайтеді. Иба Милаға айтып жүрген сырыңды маған айтайын демейсің, жасырасың. Үстінен түстім ғой, ең болмаса Жайлаубектің осы хатын екеулеп оқиықшы, – деп қиылып қоймағасын оған да оқыттым. Иба қызық екен, өмірі хат алысып көрмегендей хатыңды бас алмай оқып, соңында демін бірақ алды. Сосын әрнеңені бір айтып басымды ауыртты, көзі жасаурап, дауысы дірілдеп. Сен оған бұл өмірде ұмытпайтындай жақсылық жасаған екенсің. Бірде оны мотоцикліңмен базарға алып барып, алып қайтқаныңды, жолда суға түскендеріңді; сосын «Арман» асханасына барып тамақтанғандарыңды, тағы-тағы бірдеңелерді шұбыртып айтып аузы тозды. Жайлаубекке менен сәлем айт та сәлем айт деп болар емес. Сірә, осы қызға ұнап қалғансыңау деймін. Хат сыртындағы адресіңе жабыспағанына шүкір дедім. Сонымен біздің жайымыз сүйреңдеп сөйлейтін Ибаға да мәлім болды. Енді ол қыз ауылға жаятын болды-ау деп қорқып жүрмін. Неғылам енді...

Хатыңда сағындым дегенді айтыңқыраған екенсің. Қайтейін, сен сағынғанда мен сағынбайды деймісің. Әлгі қыздан ұят болды. Ұялғаннан не дерімді білмедім. Үндемей құтылдым. Аядай ауылдық жер. Сыбырлағаның да жетеді ел шетіне. Хатыңды ендігәрі байқап жазатын болшы. Саған хат жазып отырғанымда, жүрегім дүрс-дүрс соғып отырады. Неге өйтеді екен. Міне, осы жолы да дүрсілдей бастады. Болар. Хат күтемін. Аман болғайсың. Сені сүйген– Мен.

***

Сәлем – Менен! Хатың келді. Амандығыңды біліп, жағдайыңа қанығып, қуанып қалдым. Мендегі жаңалық: шілде туа басталатын қырық күндік жазғы сессияға дайындалып жүрмін. Амандық болса биыл жаз тәуекел деп екінші курсты қайыратын шығармын. Сосынғы екі жылда жоғары білімді кітапханашының дипломымен қарсы аламын ғой, азаматтық борышын өтеп қайтқан жауынгерімді. Аптаның алты күнін кітапханада өткіземін. Оқырман-дарым сол өзің білетін мұғалімдер мен олардың шәкірттері. Оқушылар мені жалықтырмайды. Алты күннің қалай өткенін білмей қаламын. Ауылда кітапхана жалғыз, кітаптар әлемінде мен жалғыз. Қызық, ә?

Демалыс күндерімде аудан орталығынан жеткізіліп тұратын жаңа киноларды көруге өзің білетін қыздармен клубқа барамыз. Мамам да есесін жібермейді, үйдің жұмысына жұмсап алады. Қол қусырып қарап отыра алмаймын. Үйге қараймын. Кешке жұмыстан келіп, тамаққа тыңқиып тойып алғасын далаға шығып демаламын. Ойға берілемін. Сені ойлаймын. Мамамның кейде «қызым үйде, көңілі түзде» деп отыратыны есіме түсіп күліп аламын. Шынында солай екен. Таза ауаға тойып алғасын бөлмеме кіріп алып телевизордан дүние әлемнің күнделікті жаңалықтарына қанығамын. Әр күнім осылай өтіп жатыр.

Тағы бір жаңалық: сүр бойдақ Бөртай уһ деп үйленіп алды ақыры. Бәле екен өзі. Алматыда эстрада студиясын бітіріп жолдамамен осында келген, өзі елікше еленделп, секіріп басып ойнақтап жүретін қағылез қызды жылға жеткізбей бағындырды. Әлгі қыздың тұла бойы түнған талант: өзі әнші, әрі өлеңді биші, күй де тартады. Ауылдың балғын бұлдіршіндерін ән мен биге баулуда. Қыз Бөртайдан он жас кіші екен. Сырын білмеймін ғой, көкесіндей кісіге қосылғаны маған біртүрлі көрінді. Мейлі ғой, ауылымыздың бір сүр бойдағы аяқтанып жақсы болды.

Қызық болғанда, осы хатымды қайтадан жазып отырмын. Хатыңды оқып болу бойына отыра қалып жауап жазғанмын. Поштаға ертең барып салармын деген оймен оқып жүрген кітабымның арасына тығып қойғанмын. Ертеңіне кітапты қолға алғаным сол, сенің де, менің де хатым жоқ. Іздеп, іздеп таппадым. Ойым Ибадан болды-ау деймін. Сол қыздан басқа «шпион» келген жоқ. «Киноға барсақ қайтеді, соңынан би болады екен» деп жетіп келген. Мен шай ішіп алайық деп кухняға кеткенмін. Қайдам, сондай сәтте қағып түспесе. Білмеймін неге екенін, осы қыз соңғы кезде мені айналшықтап жүр.

Сонымен бір жылыңды бітіріп, екінші жылыңды бастадың. Күзде кетіп едің, міне, осы күзде жыл толды. Құттықтаймын! Уақыт тезірек өтсе екен, ә, Жайлаубек? Аман бол. Сенің аман, абыройлы болуыңды тілейтін – Мен.

***

Сәлем, солдатым! Хатың құстай ұшып тағы келді. Конвертін ашқанша асықтым. Біздің үйдің кішкентай еркесін білесің ғой. Інім Әленді айтам. Ол мені осы жолы қатырды. Сенің өткенде салып жіберген суретіңді фотоальбомымнан алып Мамама көрсетіпті. Ұят-ай, кім көрген мұндай ессізді. Бұрын жыным ұстағанда өзін томпылдатып алатын едім. Енді іштей қыпылдап, аяғымның ұшымен басып жүрмін. Үйдегілердің көзінше бірдеңе деп қояр деп. «Тәте, а Тәте, сені әскерден келгесін Көлжан алады ғой, ә» дейді. Құрсын, бұған не дерсің. Сенімен талай кездесіп жүргенде ерітіп баратын едім, Мамамның көзін алдап. Содан тапқан пайдам ғой.

Сен суретке тымжақсы түседі екенсің. Әскери формаң да жараса қалыпты өзіңе. Сұлу суретіңнен алаалмадым көзімді. Қайта-қайта қарай бергім келеді.

Жаным Жайлаубек, осы бірер күнде мені біреулер жаман қатты қорқытты. Мұны саған айтпағанда, кімге айтамын. Мила, Иба, Гүлия төртеуміз киноға барғанбыз. Үнді филімі, кәдімгі махабат жыры. Кино аяқталып сыртқа шыққанымызда, сенің достарың Беркін, Оқас, Кешубай, Мүрсәлім қыздарды үйлеріне шығарып салайық деп бізді күтіп тұр екен.

Үн-түнсіз келе жатырмыз. Әркім өз ойымен. Қилы хикаяға толы кинодан алған әсермен ойға батып. Клубтан ұзап кеткенімізде артымыздан бір топ біреулер ентелеп қуып жетті. Төрт қыз төрт баланың қолынан ұстай алып зыта жөнелдік. Олар қуып келеді. Тоқтаңдар! – дейді. Тоқтау қайда. Өздері біраз-ау деймін, бізді құтқармады, төрт баланы бөліп әкетті. Ал төртеумізді төрт еркек тырп еткізбей ұстап қалды. Біз қорыққаннан қалтырап, дірілдеп бақырып жылап жібердік. Мені ұстап алған кісі шошып кетті-ау деймін, қолы білегімнен ажырап кетті. Бір қарасам, состиып тұр. Мен тұра қаштым. Бірақ ұзатпады. Ұстап алып: «Сен қыз бүгіннен бастап мендік боласың, менімен жүресің» дейді. Ал керек болса. Зәрем ұшты. Білегімнен қысып ұстап алған. Енді жіберсейші. Қанша бұлқынсам да босатар болмады. Әлім келмегесін мен тағы бақырып жыладым. Өзі ішіп алған екен, арақтың иісі мұңкіп тұр. Жігіт басымен қалай ұялмайды, а?!

Білегінен қыршып тістеп алып, тәлкегіне беріспей тұрғанымда, қалай болғанын білмей де қалдым, әлгі мені қалпақша көтеріп алып тапырақтай жөнелді. Мен жібер, жібер деп бетіне сабалап келемін. Ол тұра қалып аузыма бірдеңені тыға салды. Үнім шықпай қалды. Абырой болғанда, бір жағынан Беркін жетіп келді, үштөрт жолдасымен. Олар: «Жаныңның барында қызды босат!» деп алқымға алсын. Батырға да жан керек деген, әлгі мені келіге келсапты түйгендей жерге дік еткізіп қоя салды. Оңбаған, аузыма беторамалын тыққан екен. Онысы темекі сасиды. Жүрегім айнып лоқсыдым. Әлгінің зорлығына ызадан жарылып кете жаздадым-ау деймін, бетіне қалай қол жұмсағанымды білмей де қалдым. Сол сәтте біреу атылып кеп мені құшақтай алды. Беркін екен. Ол мені жүр-жүр, кеттік деп қолымнан жетектеп дедектете жөнелді. Ышқынып жүгіріп келем. Жүгіріп келе жатып жылап келем.

Әлгілер сол жерде керілдесіп қалған. Артыма қайырылып қарауға да қорықтым. Беркін екеуміз үй-үйдің тасасымен дедектеп желіп отырып ұзап кеттік-ау әйтеуір. Біздің үйдің іргесіне келгенде екеуміз демалып екпінімізді басуға тізе бүктік. Бұлар кімдер болды екен деймін Беркінге. «Шамасы сонау темір жолдың арғы бетіндегі жұмысшы поселкесінің бұзық жындыбастары-ау деймін, ертең күн жарықта біле жатармыз» деді. Өз-өзімізге келгесін ол үйіне кетті. Мен үйге келгесін үнімді шығармастан жуынып-шайынып алып төсегіме жатып қалдым. Содан түнімен үзік-үзік қорқынышты түстер көріп, қайта-қайта шошып ояна бердім. Ертеңіне әрең тұрдым. Біреу сабап тастағандай тұла бойым қозғалтпай қалыпты. Енді ме енді, көшеге мезгілсіз шықпаспын-ау. Ендігәрі жазда болмаса, түнде аяқталатын киноға бармаспын. Әскерден келгесін өзің алып барарсың. Әзір үйде телевизордан көрсем де болады киноны.

Жаным, сен қобалжып қорықпа. Мен енді бұдан былай абайлап сақ жүретін боламын. Еркінсуге болмайды екен. Мамамның екі күннің бірінде абай бол, байқап жүр деп ескертіп, қайырмалап отыратыны бекер емес екен. Ал сен мені ойлап уайымдама. Беркін, Кешубай, Мүсірәлімдей достарың барда, менің жолымда жылан да жата алмайды екен. Олар және олардың достары бізді қорғап қалды. Осы менің жаңалықтарым.

Жайлаубек, сен темекі шекпейсің ғой. Шекпе, шекпе, иісі жаман болады екен. Мен десең арақтан да аулақ болғайсың. Көріскенше деп– Мен ғой.

***

Сәлем, менің солдатым! Хатты көп күттірмей жазып тұратының қандай жақсы! Сенен хат-хабар келген сайын көңілім бір көтеріліп қалады...

Рас, ел шетінде жүрген жігітінен хат алған күні ол өзінен өзі ыңылдап ән салып, күй тартып жүргендей күйде болады. Сол күні оның арманшыл көңілі ән болып қалықтайды, көкірегін кернеп күй әуені күмбірлейді. Қанатты қиялы кең дүниені шарлап кетеді, көкке шарықтап. Өзін жер мен көктің кеңіс-тігінде табаны жерге тимей жүзіп жүргендей сезінеді. Оқуын ойындағыдай аяқтап, сүйгеніне қосылуды армандап аңсайды. Көңіліндегі күй күмбірі, ән әуені осылай қанаттанып шалқиды. Күй күмбірі, ән әуені арманын әуелетіп ғарышқа алып ұшып, қиялы қиырларды шарлап қайтады. Сол күні ол әдеттен тыс көңілді жүреді, жан дүниесі сағыныш толқынына толып. Бір сарқылмайтын сағыныш...

Не айтарыңыз бар, қыз жиырмаға толған еді.

...Мені осындай күйге бөлейтін – сенің хаттарың. Сірә, сен ақын шығарсың. Сенің хаттарыңнан мен ақ өлең оқығандай боламын. Қиялымды қозғайсың, ойымды оятасың. Ондайда мені не ойландырмайды дейсің. Қуанған күндерім де, көңілсіз сәттерім де қайтып оралғандай болады. Өткендегі оқиға да елес береді. Өңімде емес, түсімде болғандай. Сондағы бұзақылардың кімдер екенін Беркіннен сұрасам, қайтесің деп айтпады. Ибаның маған жеткізуіне қарағанда біздің балдар аналармен жұдырықтасып қалған. Оқас амалын тауып зытып кетіп балдардың тағы бір тобын жинап жеткен. Содан шеке қызбай болған.

Өткенде Иба киноға барайық, кинодан кейін би болады екен деп тағы келген. Ол қыз маған келгіштеп тұрады. Киносына сылтау айтып бармай қалдым. Беркіндер егер киноға барғыларың келсе, бізбен хабарласыңдар деген. Жоқ, енді киносына да, басқасына да бармаймын.

Есіңе алшы, жазғы кинотеатрдың іргесіндегі бақтың ішінде серуендеп жүргенімізде, екеуміз: «мәңгі бірге боламыз» деп қол алысып уәделескені-мізді. Кино көруге барғанымызбен серуендегіміз келген. Іште кино лентасы зырылдап жатты. Біз бақта киноның сөзін де, музыкасын да есітіп отырдық. Сен: «Мына фильм махабат туралы екен ғой, бекерге кірмеген екенбіз. Ертеңгі сеансына келейік», – дегенсің. Ертеңіне барып көрдік.

Сондай күндеріміз жиі оралады есіме. Сондай күндерге жетуге асығамын кейде. Сен ол жақта неғып жүр екенсің. Сол күндерді сен де есіңе алып жүретін шығарсың. Мен дәл осы мезетте күнделік дәптерімді парақтап өткен күндерімізді еске алып отырмын. Ал сен осы сәтте қайда екенсің. Суретімді салып жіберемін. Бұл суретімді де сақтарсың. Я деші. Бүгінгі заман фотоғылымының жемісі ғой. Менің бір жаңалығым: екеуміз көрген сол махаббат туралы киноны кеше түнде телевизордан көріп, өткен шаққа қайта оралғандай қиялымды шарықтатып алдым. Тағы бір жаңалығым: Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым» романы бойынша жоғары класс оқушыларымен оқырмандар конференциясын өткізу дайындығына кірісіп кеттім. Баяндаманы өзім жасаймын. Бастап жазып жатырмын. Бұл роман жастардың сүйіп оқитын романтикаға толы шығарма ғой...

Мен – Лизамын, сен Рахметов бола аласың ба, Жайлаубек?

Сені күтіп жүрмін...

БОЯМАСЫЗ ӨМІР

АҒА АМАНАТЫ

Ауылдан хат алғалы Сағыныштың ойы астаң-кестең. Сүлесоқ кейпі інісінен келген көгілдір конвертті қолына ұстап, қайталап оқуға кірісті.

– Аға, – деп бастапты Тұрар хатын. – Өзіңіз білесіз, сабақтан, яғни тарихтан ғана үшпін. Қалайша деп таңдануыңыз анық. Дегенмен, мен үшін ең сүйікті пәнімнен бағамның төмендеуіне анам кінәлі. Тіпті не жазарымды да білмеймін. Ол (анам деуге де арланамын) ішкілікке әбден салынды. Күндіз-түні таусылмайтын той-думан, жанжал, өңшең мастар тобыры үйімізді жайлап алған. Өткен жолы сабақтан кештеу келсем, біздің ағай екеуі арақ ішіп отыр екен. Мені көріп өтірік күлген ұстазым шатып-бұтып әрнемені айтқан болды. Сенесіз бе сол жолы тұңғыш рет қатты қорландым. Еріксіз сыртқа шығып Нұрланға барғанмын. Ата-анасы мені жақтырған жоқ. Көшеде жүріп-жүріп амалсыздан үйге оралдым. Мамам ұйықтап жатыр, ағай жоқ. Осыдан кейін тарих пәніне қатысқан емеспін.

Жуырда мектепшілік «Жігіт сұлтанының» ақтық сынында Нұрланнан озып шығып жеңімпаз атандым. Сондағы оның әке-шешесінің ашуланғанын көрсеңіз. Тіпті мені атарға оқтары жоқ.

– Алқаш қатынның бағын қарашы, баласының топ жаруын. Көрерміз әлі кімнің озарын, – деп кіжінген екеуі жанымнан өте шықты. Ал мамам... Әрі-бері теңселіп, есін білер-білмес халде ...Аяғында әрең тұр еді.

Сағыныштың күзгі жаңбырдай тамшылаған көз жасы бетін жуды. Солқылдап ұзақ егілді. Тұрар ауыр науқастан көз жұмған ағасы Қайраттың жалғыз ұлы еді. Интернационалдық борышын Ауғанстанда өтеген бауыры сабырлы да жігерлі мінездің иесі тұғын. Жоғары оқу орнын бітірген білімді азамат болатын. Әскерде бірге болған қаруластары Қайраттың батылдығын әлі ауыздарынан тастамайды. Бірде Қандағар қаласына азық-түлік, қару-жарақ апара жатқан олардың керуеніне дұшмандар тұтқиылдан тап беріпті. Тар шатқалда ұзыннан шұбақ тізілген көліктердің бастаушы мен соңғысын өртеген жаулар колоннаны оқ астына алыпты. Әп дегеннен командирлері мерт болыпты. Көп шығынға ұшыраған жауынгерлер тіршіліктен күдер үзеді. Кенет.. От-жалынға оранған алып КамАЗ суырылып алға шығыпты. Іркілместен жолға кесе-көлденең тұрып қалған қираған машинаға соғып, құздан құлатып жіберіпті. Өмір жолы қайта ашылыпты. Осылайша қыруар солдат аман қалғанға ұқсайды. Өздерін туралап келген ажалдан құтқарған Қайратты қаруластары көзі жұмылғанша қастерлеп өтті.

Бұл ағасының кең кеудесіндегі орден-медальдарына қызыға қарайтын. Іштей мақтаныш тұтатын. Қайрат аман-есен елге оралды. Үйлібаранды болды. Қызмет сатысына да тез көтерілді. Өкініштісі, бақыты ұзаққа созылмады. Қарғыс атқыр соғыста алған жарақатының әсерінен қыршынынан қиылды. Қайран Қайрат!

Иек қағарда бауыры бұған мұңды жанарын қимастықпен ұзақ қадады. Әлсіз дауыспен сыбырлап жалғызын қайта-қайта тапсырды.

Сөйткен Тұрар... Сағыныш өкіріп жылап жіберді.

Сәлден соң дүр сілкінді. Нық шешімге бекінді. Ертеңіне өзінің бастығы, ағасының майдандас серігі Сәбитке мән-жайды білдірді. Ол шамырқана ширықты. Ажарлы жүзі өрт шалғандай түнеріп кетті. Құзырлы мекемелерге жолығып, бұның қызметін ауылына ауыстырды.

Жүйрік пойыздың жұмсақ купесіне орналасқан Сағыныштың жадына аға бейнесі оралғанда «Жалғызыңа аландама, бауырым. Тірі болсам аманатыңды ақтаймын» деп күбірлей берді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ӨКПЕСІН ОҚ ТЕСКЕН ЖАУЫНГЕР

Сол бір сұрапыл соғыс жылдары естен кетер ме?! Ұлы Отан соғысына қатысқандардың маңдайы о бастан тасқа тиіп, аштықты да, кәмпескені де, құғын-сүргінді де аз көрген жоқ. Оның үстіне Германияның басқыншылық соғысы батыстан шығысқа қарай ауып, айналаны қауіп-қатерге толтырып, жолындағының бәрін жайпап өртеп те, қан қақсатып өлтіріп те жаншып бара жатты.

Ол кезде Битілеу бар-жоғы он сегіз жаста болатын. Кейіпкеріміз жарық дүние есігін 1924 жылы «Құндызбай» мен «Шөгірлі» көлдерінің арасындағы мал жайлымы мен егістік алқапта ашқан. Әкесі Қожбан орта бойлы, шүңірек көз, қатқан қара кісі еді. Еңбекқорлығына туған-туыс түгіл, ауыл жұрты түгел таңғалатын. Анасы Нұрғанша орта бойлы, аққұбаша арық болса да үй шаруасының бәрі өзінен ауыспайтын, шалт әрі тындырымды, жинақы жан болды. Битілеу ауыл мектебіндегі оқуын Қызылорда қаласында жалғастырып, сегізінші сыныпты үздік бітіріп келгенде, бірталай есейіп, көзі ашық, алды-артын байыптайтын жігіт болып қалыптасқанды. Оны көрген ата-ана «Баламыз үмітімізді ақтайтындай ержетіпті-ау» деген ықыласпен іштей шүкіршілік етті.

Сол жылы ауылды айнала бірнеше шақырымға созылатын «Жетікөл» каналы қолдап қазылуда еді. Барлық күш соған жұмылдырылған. Егін егу, жайылымдық жер дайындап, төрт түлік малдың жем-шөбін тауып беру басты мақсатқа айналған кез. Екі қолға бір жұмыс деген Битілеу кетпенін иығына салып, канал қазуға кірісіп кетті. Тілерсегі қатып, буыны бекімесе де ешкімнен кем қалмай, нормасын асыра орындап, бар күш-қуатын аянбай жұмсады.

– Жарайсың, Қожбанның баласы! Ерлеп тұрсың, – деп көзкөргендер арқадан қағып, қайратына көңілі толатын.

Бұл неміс армиясы Мәскеу мен Ленинградқа жақындап қалған кез. Елдегі баскөтерер азаматтың бәрі әскер қатарына алынып, майданға кетіп жатыр. Кезек Битілеуге де келіп жетті. 1942 жылдың мамыр айының бір шуақты күнінде 38 ауылдасымен ел қорғауға аттанбаққа жиналды. Ауыл адамдары тайлы-таяғымен, әке-шеше, бауыр, ағайын-туыс, әйел, бала-шаға түгел жиналған. Тірі не өлі келері белгісіз сапарға ер жігіттерді аттандыру да оңай емес. Сай-сүйегі сырқырап, бауыр еті үзіліп, екі көздің жасына ерік беріп тұрғандар қаншама?! Бұларға дейін де талай жерлестерінен «қара қағаз» келіп, ауыл үйлерінің шаңырағын қайғы бұлты тұмшалап, айналдыра бастаған.

Әкесі қанша сыр бергісі келмесе де, анасы Нұрғанша көз жасын көрсетпей, жаулық ұшымен сүрткілейді. Өзі ғана емес, жүрегі де жылап тұрғанын Битілеу сезеді. Шаңырақтағы ең үлкені де өзі. Сейілхан, Әбдіғаппар, Қайырхан есімді үйелмелі-сүйелмелі бауырлары әлі жүгіріп жүрген жас балалар.

Қызыл вагон толы жас жігіттер. Батысқа қарай аттанып барады. Ел үміті осы жас жігіттерде. Жау қарқыны жаман. Қанша күн жүргені белгісіз. Бұларды Башқұртстанның бір қаласына әкеліп, түсірді. Майдан даласы бұл жерден қашық. Әскери жаттығуға қызу кірісті. «Өлмеймін десең, жауыңды ең бірінші өлтіруге тырыс. Сондықтан әскери дайындықты терең де шебер меңгер», деп қайта-қайта қайталайды жаттықтырушы офицер. Бұларға күндіз-түні тыныштық жоқ. Шырт ұйқыдан дүркіретіп, оятып алады. Әйтеуір, бұрын мылтық ұстамағандар бірдеңе үйренгендей болып, қайраттанып алды. Бір түнде бұларды оятып, қайта вагонға тиеп, Сталинград облысының әскер бөліміне әкеліп түсірді. Бұл жерде де қысқамерзімді жаттығу асығыс өткізілді.

1942 жылдың қараша айы. Айналаға біраз қар түсіп, ақ көрпесін қалың жамылыпты. Ат шаптырымдай жерде сарқыраған тентек өзен ағып жатыр. Су қатпай, сең үсті-үстіне мініп, толассыз жылдам жылжиды. Оқ борап тұр. Айнала гүрсілдеп, алау отын жарқыратып снарядтар жарылып жатыр. Құлақ тұндырар соққылар, жер құйқасын аудара дірілдетіп, сілкілейді. Дон өзені жағалауында қорғанысқа көшіп, окоп қаза бастады. Жаралыларды тылға қарай жіберіп жатыр. Өлгендері қаншама?! Жүрегің ойнайды. Зәрең зәр түбіне кетеді. Мұндайды көрмеген жастардың көзі атыздай болып, командирлерінің айтқанына еленделп, құлақ түреді.

Өзеннің арғы беті тұтасқан жау. Қайықтармен бері қарай жүзіп келеді.

– Жігіттер! Қорықпаңдар! Олар да өздерің сияқты адамдар. Енді әскери дайындықтарыңды көрсететін шақ туды. Мақсат – жауды бергі бетке өткізбей, кейін шегіндіріп, тосқауыл қою, – деді рота лейтенанты жігерлендіріп.

Неміс-фашистерінің құлашын кеңге жайып, жаппай анталаған шабуылына бұлар біраз тойтарыс берді. Әр оқты текке жібермеуге тырысуда. Битілеу төрт жігітпен қатар жатқан. Жағалаудан автоматтарымен оқ жаудырып, жау бұларға қарай беттеді. Әр атқан оқтары босқа кетіп жатқан жоқ. Талайын қарауылға ілдіріп, мұрттай ұшырып, сұлата берді. Жаудың жанталасқан шабуылын тойтарып, қарсы шабуылға шықты. Бетпе-бет айқастарға да барды. Жігіттер талайын жамбасқа алып, ұшырып түсіріп, қанжар да қадап, оқты да үздіксіз атқылап жатты. Сондайда бір дәу неміс Битілеудің төбесінен төніп, алыса кетті. Әдіске салды да қолын қайырып, тізесімен басып, ту сыртынан мылтық дүмбісімен ұрып түсірді. Сол кезде өкпе тұсы қатты шаншып, көзі қарауытып, құлап бара жатты. Содан кейінгісі есінде жоқ. Есін госпитальда бір-ақ жиды. Жарқыншақ оқ өкпеге бойлай кіріп, тұрып қалыпты. Дәрігер «Ота жасап, алып тастауға болмайды. Алса, қан тоқтамай, өліп кетуі мүмкін» деді. Сонымен ұзақ емделіп, аяғына тұрды. Тағы да соғыс майданы. Смоленск облысы, Васильевка селосын жаудан босату басталды. Кескілескен соғыс. Талайы мерт болды. Жау кейін шегінді. Бұлар тоқтамай, танк тасалап қуып келеді. Жан-жағынан зуылдаған оқ. Кенет сол жақ құлағын күйдіріп жібергендей сезінді. Қан бетін жуып кетті. Санитар да дереу жетті. Оқ сол жақ құлағының қалқанын жұлып, томпақ сүйегін паршалап, жарып жіберіпті. Тағы да госпитальға түсті. Жастық жалынды қайрат па, көп ұзамай жазылып, қатарға қосылды.

Жау кейін шегініп, кеңес армиясы батыс елдеріне дендей еніп келеді. Бұл біраз әскери тәжірибе жинақтаған. «Жалаңаш барда жауға шап, ажалың жетпей өлмейсің» дегендей, өлімнен қорқу деген жоқ. Бойда кек, ойда «елге аман жетсем» деген үміт қамшылайды. Жауды жеңбей, соғыс тоқтамайтыны белгілі. Осындай бір қарсы шабыл кезінде балтырынан оқ тиіп, ойып кетті. Әйтеуір жанынан дәрігер табылып, тез жәрдем берді. Үшінші рет әскери госпитальдан жазылып шығып, тағы да майдан даласына жолдама алды. Сұрапыл соғыс бұрынғыдан да үдей түсті. Қан майдан Германия жеріне көшкен. Жан-жақтан қоршап, жанталасқан жауды ұясында талқандауға құлшыныпты. Берлинге 170 шақырым жетпей, 1945 жылдың 17 ақпанында қаңғыған жау оғынан ауыр жарақат алды. Бұл жолы қанша емделгенмен, әскери комиссия соғысуға жарамсыз деп тауып, тылға жіберді. Куйбышев қаласы маңындағы «Ил» ұшағын жасайтын зауытта арнаулы оқу курсынан өтіп, электр-жөндеуші деген мамандық алып, жұмысқа кірісті

Жеңіс хабарын естігенде Битілеудің қуанышында шек болмады. Мамыр айы. Майданға аттанғанына табаны күректей үш жыл толыпты. Бұл зауытта осы жылдың 19 қазанына дейін болып, елге аман-есен оралды. Өкпесіне жарқыншақ оқ қонған, екінші топтағы мүгедек. Битілеу Қожбанұлы майдандағы жанқиярлық ерлігі үшін берілген «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерін әскери киімінің омырауына тағып келгенін көрген ауыл тұрғындарының қуанышында шек болған жоқ. Аман-есен отбасымен қауышқанына әке-шеше жүздері жайнап шаттана қуанысты. «Ана заманда елге қорған болған ата-бабалары Жалбыр, Мәмбет, Аппаз, Мырқы, Өтетілеу, Байсақалдар желеп-жебеп қорғаған шығар» деп аруаққа сыйынып, Алла тағаладан тілеуін тілеген ата-анада ес болсайшы.

Майданнан кейінгі қызмет баспалдағы облыстық атқару комитетінде аға іс жүргізуші және дін істері бөлімінің нұсқаушылығынан басталды. Кейін Интернационал ауылдық кеңесінің хатшысы, қаржы бөлімі салық инспекторы қызметтерін атқарды. Абай атындағы колхозда кадр бөлімінің меңгерушісі, колхоз, совхоз болып қайта құрылғанда кәсіподақ ұйымының төрағалығына сайланып, абыройлы қызмет етті. 1946 жылы Жұптыбайқызы Зылиқаға үйленіп, шаңырағында Сатыбалды, Алмагүл, Әріп, Баян, Сара деген ұлқыздары дүниеге келіп, ер жетті. Олардан өрбіген немере, шөберелерінің қызығын көріп, бейнет пен еткен еңбектің зейнет дәмін де татып үлгірді.

Битілеу ақсақал халқымыздың бар болмыс-тіршілігімен мол сусындап, ұлтымыздың салт-дәстүрін терең меңгерді. Жақсы мен жаманды ажырата біліп, өзі би болмаса да, би түсетін құт қонған отбасы болды. Ел бірлігі мен ұлттық тілдің тазалығын қызғыштай қорғап, дін, имандылық тұрғысында өз білгенін айтып, құлаққа құйып, үйретуден жалықпайтын озық ойлы жан болып өмір сүрді. Артында өшпестей із қалдырды.

Ата-бабаларынан қонған қасиетті даралығы мен дарқан даналығын балаларына да бергендей. Бәрі де бірбір мамандық иесі атанып, еліне адал қызмет етіп, әке үмітін ақтады.

«Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады» дегендей, кім-кіммен де көңіл бөліп, ықылас қойып сөйлесіп, ортақ тіл тапты, қолдан келгенше қамқорлықтарын жасады. Кім болса да өзінің ұлтымен, өзінің өскен ортасымен мерейлі. Көпке адал, қалтқысыз қызмет жасағанының арқасында тұрмыстың рахатын да, сый-сияпаты мен алғыс, мейірімін де көрді. Қызылорда қаласында Битілеу Қожбанұлы атына бір көше берілген.

Ол еңбек еткен шаруашылық әдепкі жылдары әр гектардан 19 центнерден өнім алса, кейін гектарына 42-50 центнерден Сыр маржанын жинап, еңбек шамшырақтары Бүкілодақтық Халық шаруашылығы көрмесінің алтын, күміс медальдарын, мемлекет ордендері мен Құрмет грамоталарына ие болып, республикалық жарыстардың еңбек озаттары атанып, көш бастады.

Бүгінде Битілеу Қожбанұлы Байділдаев тірі болғанда 91 жасқа толып, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын халқымен бірге тойлар еді. Бірақ татар дәмі, жұтар демі таусылса да елінің ортақ жеңісі мерекесін рухымен желеп-жебеп жүретін шығар деп мерейіміз өседі. Одан басқа істер шара бар ма?!

Бегімбай ҰЗАҚБАЕВ.

ЖЕТПІС ЖЫЛ КҮТКЕН ХАБАР

Сәбитбекпен бір ауылданмын, жасымыз шамалас. Төртінші сыныпқа дейін ауыл мектебінде оқыған ол кейін қаладағы П.Д.Осипенко атындағы орта мектепті тәмамдады. Демек, ауылда өскен біздерге қарағанда өркениетке жақын, орыс тіліне жетік болды. Алматы мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, инженер-механик мамандығын, Иркутск қаласындағы ауыл шаруашылығы институтында оқып, Қазақстанда сирек кездесетін «аңшы-биолог» біліктілігін меңгерді. Кеңестік кезеңнің көп тәрбиесін алғандықтан болар, біздер сол кездегі кадр таңдаудағы талаптарды тамсана айтамыз. Қай қызметтік лауазымға тағайындауда білім мен біліктілігі, ұйымдастырушылық қабілеті бірінші кезекке қойылатын. Армия қатарынан келісімен Сәбитбектің гараж меңгерушілігінен 1998 жылға дейін, яғни 18 жыл бойы облыстың фаунасы мен флорасын, жануарлар дүниесін қорғау мекемесін басқаруы сөзіміздің дәлелі. Әкесін Отан соғысы жұтқан Сәбитбек тіреп тұрған көкесі болмаса да аталған қызметті абыроймен атқарды, қазір зейнеткер.

Сәбитбекпен жиі кездесіп, сыр ақтарысып тұрамыз. Жақында бір жолыққанда әкесі Әбсадықтың жерленген жерін тапқан қуанышын жеткізді. Иә, сұм соғыс талай тағдырдың ойранын шығарып, көз жастарын көл етті. Енді әңгімені Сәбитбектің отбасына бұрайық. 1903 жылы дүние есігін ашқан Әкімов Әбсадық 1942 жылдың қазан айында, соғыстың қайнап тұрған кезінде әскерге шақырылғанда, Нағима апа 12 жасар Перизат, 4 жасар Нағызхан мен 2 жастағы Сәбитбекті жетелеп қала берді. Шиеттей бала-шағаны асырау мен тәрбиелеу Нағима апаның мойнына ілінгенімен, қайсар ана жеңіс үшін еңбек етуден еш аянбады. Келесі жылы Тынымкүл өмірге келді. Емізулі нәрестесі болса да, Нағима апа егін даласындағы тынымсыз тірліктен қалған емес. Көп ұзамай отбасының тірегі болып отырған қайнысы Әкімов Кенжекожа да әскер қатарына алынып, соғысқа кете барды.

Майдангер ақын Әріпхан Әбілқасымов соғыс даласынан жазған бір өлеңінде:

Сайлаубек пен Сәбитбекті сағындым,

Нағызды ойлап жазған хаттан жаңылдым - деуінде, Нағима апаның басынан өтіп жатқан ауыр сағаттарды ақынның нәзік жүрегі сезінген болу керек. Соғыс кезінде хаттасушы болып, кейін атағы әлемге әйгілі Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов: «Маған ең қиыны майданнан келген қаралы «қара қағазды» жеткізу болатын» деп тебірене еске алатын-ды. Майданнан асыға күтетін үшбұрышты хатты ашып оқығанша асығатын талайлар үрейлі «қара қағаз» алғанда жоқтау зарына тұншығатын. Құдай қосқан қосағы Әбсадық пен қайнысы Кенжекожадан «қара қағаз» қатар келгендегі Нағима апаның көңіл-күйін ақ қағазға түсіріп жеткізу мүмкін болмас. Аман келіп қалар деген үміт оты «қаралы қағаздан» кейін сөнгенмен, Нағима апаны сөгілдіре алмады. Уақыт зымырап өтіп жатты. Ұлдары мен қыздары өсті. Олардың ендігі арманы әкесі мен ағасының жерленген жерлерін тауып, зиярат етеді.

1-ші қатарда. Тынымкүл,апаның немересі, Нағима апа
2-ші қатарда: Нағызхан, Сәбитбек. 1959 жыл.

Тереңөзек аудандық әскери комиссариатынан 1950 жылдың ортасында алынған: «Жауынгер Әміров Әбсадық 1944 жылы наурыз айында хабарсыз кетті» деген қысқаша хабарламада жерленген жері көрсетілмеген. Ал «Боздақтар» кітабында: «... Тереңөзек аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылы әскерге алынған. 5-армия, 8-дивизияның 23-гвардиялық полкі құрамында соғысқа қатысып, 1944 жылы 3-ақпанда қаза тапқан» - деп жазылыпты. Аталған кітапта Әбсадықтың інісі Кенжекожаны 1943 жылы хабарсыз кеткен деп көрсетіпті. Олардың қан майдан даласында, қаласында, елді мекенінде соғысқаны туралы ештеңе айтылмаған.

Сәбитбек әкесі мен ағасы жайлы іздестіруді жалғастыра берді. Облыстық әскери комиссариаттан соғыста 5-армияның Ресейдің Псков облысында әрекет еткенін білгеннен кейін сол жақтың әскери комиссариаттарына өтініштер жазды. Биылғы Жеңістің 70 жылдығына орай Отан үшін өмірін қиған жауынгерлер жайлы мәліметтерге мұқият қарау керектігі тапсырылғандықтан жақында Қызылорда облысы бойынша Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының атына жіберілген жазбаша хат келді. Сөйтіп, қуанышты хабар иесін 14 жылдан кейін тапты.

Иә, қуаныш пен өкініш қатар жүретіні өмір шындығы. Қуаныштысы – Отан үшін өмірін қиған әкенің зиратына ұрпақтарының зиярат ету мүмкіндігі туса, өкініштісі – Нағима апаның бұл хабарды естімей өмірден кеткені. Жақында ғана дүниеден озған Әбсадықтың үлкен ұлы Нағызхан ауыр науқас құрсауында жатса да, әкесінің жерленген жерін естіп кетті. Ал Сәбитбек әкесі жерленген Ресей жеріне барып қайтуға қызу дайындалуда.

Күннен күнге кеңейіп келе жатқан қаламыздағы өзім тұратын «Жасыл өлке» көшесіне ерлікпен қаза тапқан әкемнің есімі берілсе, көшелер сайысында әрдайым алдыңғы сапта болар едік, – деген Сәбитбектің сөзімен жат жерде жан тапсырған майдангер жайлы мақаламызға нүкте қойдық.

Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың профессоры.

ӘКЕ ДЕРЕГІН ТАПҚАН

Биылғы жылы Ұлы Отан соғысы жеңісіне 70 жыл толу мерекесі кең көлемде аталып өтуде. Осы жеңіс үшін елден небір жақсылар мен жайсаңдар елім мен жерімді қорғаймын деп аттанғандар ішінде хабар-ошарсыз кеткені қаншама?

Сондай жандардың бірі – Бәйменов Әбдіқалық. Ол 1898 жылы қазіргі Сырдария ауданы Сәкен Сейфуллин елді-мекенінде дүниеге келген. Әбдіқалық әкесі Бәйменнен сауатын ашады. Әкесі Бәймен Тілемісұлы ахун дәрежесіндегі ғұлама болған. Ол Уфа, Троицк қаласындағы «Расулия» медресесінде ұстаздық қызмет атқарып жүрген кезінде, Қараөзек бойынан шыққан сол заманның алпауыты әрі қажысы Кіребай деген кісі Бәймен ахунмен жүздесіп, өз елінде салдырған мешітіне бас имам болуды өтінеді. Бәймен ахун шақыруды құп алып, Қараөзек дариясының арғы бетіндегі Қыр мен Сырдың орта шенінде бүгінгі күнге дейін «Кіребай мешіті» аталып келген мешітте ел балаларының сауатын аша жүріп, келешегінен үміт күттіретін жастарды Уфа, Троицк қалаларындағы медреселерге білімін жетілдіруге жіберіп отырған. Солардың бірі болып Әбдіқалық та қаласындағы «Расулия» медресесінде білім алады. Кеңес өкіметі орнаған кез 1919 жылы «Ақсу» станциясында (қазіргі Жалағаш кенті) ел балалары үшін мектеп-интернат ашу жұмысына басшылық етіп, жаңа заман талабына сайкес жаңа әдіспен 1924 жылға дейін еңбек етеді. Бүгінде осы мектеп-интернат негізінде Жалағаш кентіндегі үлкен орта мектепке айналған.

1924 жылы Қызылорда округтік ағарту бөлімі Әбдіқалықты Тереңөзек ауданы №10 ауылындағы «Айнакөл» мектебінің меңгерушісі әрі оқытушы қызметіне тағайындайды. Әбдіқалық халықты сауаттандырып, жас ұрпақтың білімге-ғылымға деген құштарлығын арттыра отырып, жалпы халықтың мәдени-әлеуметтік, рухани дамуына айрықша үлес қосқан абзал жан.

Сұрапыл соғысқа 1942 жылы қазан айында сұранып, Әбілда Күзембаев, Оразақ Кеделбаев, Әбдіқалық Жотаев, Байзақ Жаманов, Смайыл, Мұхамбедияр, Дауылбек, Аққұлақ есімді ауылдастарымен бірге аттанады. Осы аттанғандардың бірде-біреуі елге оралмаған. Әбдіқалықты Ақмола қаласындағы запастағы №79 атқыштар полкына қосады. Осында әскери даярлықтан өтеді. Қазақстандық дивизияны 5-14 желтоқсан 1942 жылы Тихвин қаласына таяу жердегі майдан даласына жеткізеді.

Әбдіқалық осылай соғысқа кірісіп кетеді. 1942-1944 жылдардың қыркүйек айына дейінгі уақытта Волхов, Тихвин, Ленинград майдандарындағы қанды шайқастарда ерлік көрсете білді. Елі Әбдіқалықтан сол қыркүйек айынан бері хабарсыз қалады. Ұлы Әбдіқалықұлы Рахымжан әкеден айырылғанда небәрі он бір жаста баланың. Әкесі хатты көбіне арабша жазатын. Рахымжан ол кезде латынша оқи алатын. Кейіннен араб әрпімен латын әрпін салыстыра отырып, араб әрпін оқи алатын дәрежеге жетеді. Почта келгенде әкеден келген хатты танып, өзі алып үйге оқып беретін.

Ол ұзақ жылдар бойы әке туралы мәліметтер жинап, мүмкіндігінше ақпарат құралдары арқылы көпшілікке ұсынумен келеді. Десе де әкесінің соғыстағы ерлік істерінен бейхабар-ды.

Рахымжан қария жақында аудандық әуез мектебінің директоры Жантемір Айсиннің көмегімен интернет желісі бойынша жиналған тарихи құжаттарымен аудандық мұражайға келді. http://www.blockade.ru/press/ сайтындағы 86 атқыштар дивизиясының ұрыс жолдары атты құжаттар жинағы ішінен әкесі Бәйменов Әбдіқалықтың осы дивизия құрамындағы 330-шы атқыштар полкында болғанын көреді. Бұл 86 атқыштар дивизиясы 1943 жылы қазан айында Ленинград шайқасынан шығарылып, құрамы қайта толықтырылып, 14 қаңтар 1944 жылы 42 Армия құрамында бірінші эшелонмен Пулков ауданына жеткізіледі. Осы аудандағы бір биіктікті және Александровск станциясы үшін болған ұрысқа қосылады. Аса ауыр шайқаста дивизия 80 пайыз жауынгерінен айырылады. Әбдіқалық осы қырғыннан да аман шығады.

Әбдіқалық құрамында болған 330-шы полкта Ресей Федерациясының президенті В.В.Путиннің әкесі Владимир Спиридонович Путин де бірге соғысыпты. Сөзімізге дәлелді болу үшін құжатты сөйлетсек. «Отец Владимира Владимировича Путина. Владимир Спиридонович Путин (родился в 1911 году, умер 1999 году) участник Великой Отечественной войны. Он проходил службу в 330-том стрелковом полку» - деп беріледі.

Осы полктың құрамында 1944 жылдың сәуір айының 8-і күні Оленино селосы үшін болған қырғын шайқаста ерен ерлік көрсеткен Әбдіқалық бір өзі жаудың үш жауынгерінің көзін жояды. Осы ерлігі үшін 3 – Прибалтика майданы 86-шы атқыштар дивизиясы 330-шы атқыштар полкының бір топ жауынгерлерімен бірге осы полктың 4-ші атқыштар ротасының қатардағы жауынгері Ә.Бәйменов те 13 шілде 1944 жылы СССР Жоғарғы Советі Президумы «За отвагу» медалімен марапатталады. Бұйрық астына «Бәйменов Әбдіқалық 1898 жылы туылған. Ұлты қазақ. ВКП(б) мүшесі, 1942 жылдан бері Қызыл Армия қатарында. Қызылорда облысы, Тереңөзек аудандық әскері комиссариатынан шақырылған. 1943 жылы жеңіл жарақат алған» деп көрсетілген.

Сонымен бірге «За боевые заслуги» медалімен де марапатталыпты. 24-25 тамыз 1944 жылы Тарту қаласы үшін болған аса ауыр шайқаста мерт болғанға ұқсайды. Бұлай деуге осы уақыттан кейін елге Әбдіқалықтан хабар болмайды. 1944 жылы «Қоштасу» атты өлеңімен өріліп жазған хатынан кейін дерек үзіледі.

Сексенді еңсеріп, тоқсанды алқымдаған қарт ұстаз Әбдіқалықұлы Рахымжан ақсақал әкесі сияқты ағарту саласында жемісті еңбек ете білген. «Ел азаматтары әкемді мәңгі есте қалдыру мақсатында бастама көтерсе, көзімнің тірісінде оның алдындағы перзенттік борышым ақталғандай болар еді» – деген қарияның көзінен әкеге деген сағынышты көргендей боласыз.

Жәнібек МАХАНБЕТ.
Сырдария ауданы.

ЖЕТПІС ЖЫЛДЫҚҚА – ЖЕТПІС ШАРА

Жуырда Арал көпсалалы колледжінде Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай «Жетпіс жылдыққа – жетпіс шара» атты кеш ұйымдастырылды. Оқу орнында осыған дейін "Жетпіс жыл желбіреген Жеңіс туы", "Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс", "Ерлік – елге мұра, ұрпаққа аманат", "Қаһармандарға құрмет – бізге міндет", "Ұлы Жеңіске жетелеген әндер" атты тәрбие сағаттар апталығы, әскери-спорттық шаралар, соғыс ардагерлерімен кездесу, патриоттық әндер байқауы, танымдық сағаттар өтті. Кеш қонақтары сонау отты жылдардан естеліктер айтып, бүгінгі жастарды өз Отанының патриоты болуға шақырды. Іс-шараның өту барысында тарих пәні мұғалімі Сара Дәрменова Ұлы Отан соғысы жайындағы тың деректер мен мәліметтерге тоқталды. Ал, М.Әуезов атындағы қалалық балалар кітапханасының меңгерушісі Мирамкүл Өтегенова «Ерліктің даңқы мәңгілік» атты кітап көрмесін өткізсе, «Мәңгі жан жарасы – Ауғанстан» атты кітап көрмесін Сағира Алданбергенова кеңінен таныстырды. Сонымен қатар кітап сөресінен «Тағзым» және «Даңқ» энциклопедиялық анықтамалығы да назардан тыс қалмады. Кеште Ислам Әділов, Әли Әкімжан, Нұрбол Әбдігизат сынды колледж студенттері соғыс, жеңіс, ерлік жайындағы әндер шырқады.

С.АДАЙБАЕВА.

Құрманәлі Тұяқбаев 1925 жылы Қазалы ауданы, Арықбалық ауылдық кеңесінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. 1931 жылы 6 жасқа келген кезінде елде ашаршылық жайлап, әке-шешесі Тәжікстанға ауады. Термез қаласына келіп, бір әскери совхозға Қазалы ауданынан барған он шақты үй қоныстанады. Сол жерде әке-шешесі мал бағып, жұмыс істеп күн көреді. Бірақ бұл жерде бұларды әскерилер жақтырмайды. Немере ағасы Бермаханның қолына баруға тура келеді. Ол бұлардың 50-60 шақырым жердегі «Тонькара» совхозында қоныстанған. Бұлар ағасының қолында екі ай тұрады. Ағасының тұрмысы күйлі, мамандығы етікші болатын. Құрманәлінің әкесі Бағыберген осы жерде жібек өсіретін артельге жұмысқа орналасады. Бірте-бірте тұрмыстары түзеле бастайды. Енді, атамекенді аңсап Бағыберген елге қайтқысы келеді. 1937 жылы маусым айында Қазалыға келіп, №15 ауыл атанған «Жиделі» колхозына қоныс тебеді.

ОН СЕГІЗІНДЕ ОТ КЕШКЕН...

Әкем өзінің өмірінің соңғы күндерінде артымда қалған ұрпақтарыма естелік болсын деп бейнетаспаға және маған жазбаша түрде өзінің өмір жолдарын жазыратын. Ол өз естелігінде, «1943 жылдың 25 қаңтарында армия қатарына шақырылдым. Ташкенттің қасында «Азатпаш» деген жерде 17 артиллеристік полкте алты ай оқыдық. Қасымда Өтепбергенов Жұмағали, Төлемісов Керім деген ауыл балалары болды. Алты ай өткен соң батысқа отправка жасады. Москваның Казань вокзалына түстік, содан Москвадан Ленинградқа қарай шығатын тас жолдың үстіне немістер келіп қайтқан жерге апарды. Одан кейін бізді бөліп тастады. Мені сонда артиллерияның зенит бөліміне қабылдады. Бес ай сонда оқып, 1943 жылы қарашаның 28-де Великие Луки қаласы тұсында 2 Прибалтийский фронтқа жөнелтті. Мамандығым – зенитчик. 29 қарашада сағат 10-дардың шамасында немістің 11 самолеті ұшып келеді екен. Көздеп екеуін құлаттық, сөйткенше біздің ЯК-12 маркалы самолеттерден 9-ы келді. Аспанда самолеттер айқасы басталып кетті. Біз атысты тоқтаттық, біздің истребительдер немістің «Мистер Шмит -110» маркалы ұшақтың үшеуін атып түсірді. Содан жоғарыдағы басшыдан хабар келді, «ертең 30 қараша күні артиллериядан 1-1,5 сағат артподготовка жасалынсын» - деген. Таң қараңғысында артиллерия артподготовка жасады. Великие Луки қаласының үсті көкпеңбек көк түтін болды. Қызыл ракеталар атылып белгі берілді, артиллерия атысты тоқтатты. Жаяу әскерлер атакаға шықты, сөйтіп таң ата Великие Луки қаласын жау тырнағынан босаттық» - деген еді жан әкем.

Тағы бірде, әкем майдандас достарын еске алғанда, «Біздің 88-атқыштар корпусы Великие Лукиды азат ету мақсатымен қала іргесінде кескілескен ұрыстар жүргізді. Сызды окопта немістердің шабуылын күтіп жатырмыз. Бір мезгілде арт жақтан «Тылда немістер! Парашютист десантшылар!» - деген айқай естілді. Рота командирі аға лейтенант Котовтың басшылығымен бір топ байланысшылар десантқа қарсы шығып, немістердің бірқатарын аспанда оққа ұшырдық. Дегенмен көпшілігі жерге аман түсіп, іле қарсы атысты бастады. Батальон болып немістердің шабуылын тойтардық. Енді көзім көпір маңында қаннен қаперсіз рациямен айналысып жатқан бес фрицке түсті. Байқатпай жақын келіп, автоматпен атып жібердім. Екеуі құлап түсті. Бұдан әрі шүріппені қалай бассам да автоматым атылмай қалды. Сөйтсем оғым таусылыпты. Фашистер не болғанын түсіне қойған болуы керек, автоматтарын кезене асықпай маған қарай келе жатты. Олардың екі-үш адым жасауы мұң екен, бұта арасынан жеделдете атылған мылтық даусы естіліп, екі неміс сұлап түсті. Үшіншісі құлап бара жатып атып үлгірді. Алғашқы оқ оң қолымды жалай өтті де, екіншісі кеуде тұсыма тиді. Есімді жиып, құтқарушыма қарасам, ол өз көйлегімен жарамды таңып отыр. Бұл менің майдандас досым Абдуллин екен»,- деп үнемі айтып отыратын. Әкеміз алақандай ауылдан майданға аттанып, қайта оралмаған азаматтардың балаларына, қарт ата-аналарына үнемі жәрдемдесіп отыратын. Ауыл жастарына, «сендер жаңа дәуірдің азаматы деген атқа лайық болуларың керек» - деп, үнемі ақылын айтып отыратын.

Өз кезегінде Отан – Ана өзінің батыр ұлдарының еңбегін ескерусіз қалдырған жоқ. Тұяқбаев Құрманәлі де 1944 жылы «Қызыл Жұлдызбен», 1947 жылы 17 наурызда Кеңес Одағының Маршалы Жуковтың және бейбіт еңбекте медальдармен марапатталды.

Ел еңсесін басқан, қаншама адамдарға қайғы-қасірет әкелген Ұлы Отан соғысы Жеңіспен аяқталды. Бірақ Кеңес Армиясының алдында, соғыста күйреген қалаларды қалпына келтіру жұмыстары тұрды. Тұяқбаев Құрманәлі жарақаты жазылған соң Владивостокта 2-3 ай қираған қаланы қалпына келтіру жұмысына қалып, елге 1945 жылы 25 қазандағы «Жоғарғы Кеңестің» жарлығымен қарашада елге қайтады. Бұл Тұяқбаев Құрманәлінің отбасы үшін үлкен қуаныш болды.

Соғыстан келген соң колхозда еңбек жолын жұмысшы болудан бастайды. 1947 жылы, қазіргі 85 жастағы жұбайы Қымбатпен отбасын құрды. Бейбіт өмірде әкем үлгілі ұлқыз өсіріп, ұлағатты жанұя басшысы бола білді. Сол жылдардан бастап қазіргі Жанқожа батыр ауылында шофер болып жұмыс істеген. Ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан орасан зор еңбегі бүкіл жұртқа үлгі болды. Жұмыстың көзін тауып, күн-түн деместен бел шешпей, жанын сала атқарды. Осы ауылда тұңғыш автокөлік жүргізушісі болып, ізіне шәкірттер ерітті.

Осындай адал еңбегінің арқасында ауылда абыройлы болып, 60 жасқа дейін еңбек етті. 1985 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Бірақ, сұм ажалға дауа барма 2003 жылы әкем Құрманәлі 78 жасында қайтыс болды.

Әкесіндей абыройлы ұлдары Қуантқан, Оңғарбай, Онталап бүгінде бір-бір үйдің отағасы. Бүгінде әкеміз Құрманәліден тараған 9 бала, 34 немере, 52 шөбере, 4 шөпшек бар. Қазіргі кезде үйдегі асыл қазынамыз, анамыз Қымбат немере-шөберелерінің қуанышына бөленген бақытты әже. Жарының айтқан ақыл-кеңестерін, өнегелі істерін артында қалған ұрпақтарына мақтанышпен әркез айтып отырады.

Бағила ҚҰРМАНӘЛІ.
Қазалы ауданы,
Жанқожа батыр ауылы.

СТАЛИНГРАД САРБАЗЫ

Жаңақорған елді мекенінде өмір сүрген Ибадулла Омаров 1941 жылы Қырғызстанның Ош облысына қарасты Алайгүне аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы міндетін атқарып жүрген кезде соғыс басталып кетті. 1937-1939 жылдары әскер қатарында болып, әбден ысылған солдатқа жаңадан жасақталған №32 бригаданың жауынгерлерін соғыс тәсілі мен өнеріне үйрету міндеті жүктелді. Снаряд жарылып, ерт жалын шарпымаса да бұл жұмысты атқару оңай болған жоқ. Талап күшті. 1942 жылдың тамызында запастағы бригаданың құрамынан іріктеліп алынған жүздеген жауынгерлердің қатарында Ибекең Сталинградқа аттанды.

Қала ерт құшағында. Жау ұшақтары көкте ойқастап, ауыр бомбаларын қала нысандарына үсті-үстіне тастауда. Батальонға Волга өзенінен өтіп бекініс жасауға бұйрық берілді. Қаланың басым бөлігі жау қолында. Осындай ауыр кезеңде батальонға Сталинградтың шет аймағында орналасқан Товарная стансасын жаудан босату міндеті жүктелді. Рота командирі Акопян мен взвод командирі Вдовский таңғы сағат төртте жауынгерлерді шабуылға бастады. Бекіністің аты – бекініс. Мұндайда қорғаныста жатқандардың артықшылығы сезіледі. Ибекең алғы шепке өз бөлімшесінің пулеметін жеткізіп, жау траншеяларына оқ боратты. Атқыштардың шабуылы нәтижесінде станса бірнеше сағаттан кейін босатылды. Бірақ небәрі тоғыз адам қалды, басқа бөлімшелердегі шығын да аз болған жоқ. Взвод командирі де қаза тапты. Иә, соғыс салған жараның жеңіл еместігін осы жағдаймен-ақ түсіндіруге болады. Қаншама жас өмір қыршын кетті. Бірақ соғыстың қатал заңына бағынбасқа лажың жоқ. Шығынсыз жеңістің өздігінен келмейтіні тағы түсінікті. Сол тағдырдың ауырлығына көндігуге тура келеді. Ибекең басқарған пулемет взводының жауынгерлеріне қаладағы бұрынғы ішкі істер үйін жаудан босату міндеті жүктелген. Төрт пулеметті жау бағытына қарай орналастырып жауынгерлер түйдек-түйдек оқ боратты. Осы сәтте бір пулеметтің үнсіз қалғаны байқалды. Солай қарай еңбектей жөнелді. Келсе қос пулеметші снаряд жарықшағынан ауыр жараланыпты. Қалған үш пулемет жауынгерлері мен взвод командирі Ибекең жау бекінісіне жақындай түсті. Осы сәтте сол қолы дыз ете қалды, байқаса жау мергені оғынан денесін қан жуып кеткен. Қысылтаяң уақытта да шабуылды басқара берді. Тек ұрыс саябырлаған сәтте госпитальға барып емделудің мүмкіндігі туды.

Ибадулла ақсақал Сталинград шайқасының басынан аяғына дейін қатысқан. Екі рет жараланды. Бірақ соның бәрінде де қатарға қайта қосылып, 1943 жылдың екінші ақпанына дейін фельдмаршал Паулюстің армиясының толық қоршалып, тізе бүккеніне дейін ұрыс шебінде болды. Майдан жолы жалғаса берді. 1943 жылдың шілдесіне дейін Ибадулла Омаров Полтава танк училищесінің жеделдетілген курсын үздік бағамен бітіріп шығып, офицер шенін алды. Украинаның қалалары мен селоларын азат етуге, Кенисберг қаласын алуға қатысты. Фашистік Германия тізе бүксе де, Ибекең үшін майдан жолы жалғаса берді. № 395 гвардиялық танк полкінің құрамында Жапонияны талқандау шайқастарына қатысып, елге 1946 жылы ғана оралды. Көптеген орден, медальдармен наградталды.

Елге оралғаннан кейін қырық жыл мұғалім болып, мектеп директоры қызметін атқарды. Соғыстан кейін көптеген жылдарын бала тәрбиесіне арнаған Ибадулла Омаров зайыбы Жұмаш екеуі бес қыз, екі ұл тәрбиеледі, ұлдарын ұяға, қыздары қияға қондырды. Қыздары Жәмилә, Назира, Мәрия, Әлия, Әсия, ұлдары – Серік, Орынбасар. Серік те Ауған соғысына қатысқан жауынгер. Ұрпақтары Жеңістің 70 жылдығына жете алмаған қарт жауынгердің ерлігін әрдайым мақтан тұтады.

Қожамберді ӘБДІМӘЛІКҰЛЫ,
ішкі істер саласының ардагері.
Қызылорда қаласы.

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №36 шешімі
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 02.03.2015 жылы № 4891 тіркелген

2015 ЖЫЛҒА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРГЕ СУАРМАЛЫ СУДЫ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫН СУБСИДИЯЛАУ ТУРАЛЫ

«Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі № 237 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес 2015 жылға аудандар және Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын суармалы суды беру жөнінде алынған қызметтер үшін су пайдаланушылардың шығындарын ішінара өтеуге (көрсетілген қызметтердің құнын арзандатуға) арналған субсидия көлемі айқындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев**.

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы «30» қаңтардағы №36 шешіміне қосымша

2015 жылға аудандар және Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарын суармалы суды беру жөнінде алынған қызметтер үшін су пайдаланушылардың шығындарын ішінара өтеуге (көрсетілген қызметтердің құнын арзандатуға) арналған субсидия көлемі

Аудандар (қала)	Барлық егіс көлемі, гектар	Барлық субсидия көлемі, мың теңге
Жаңақорған	29070	58250,0
Шиелі	24095	52050,0
Сырдария	29792	81380,0
Жалағаш	30000	80580,0
Қармақшы	19632	56310,0
Қазалы	17600	40930,0
Арал	749	1104,0
Қызылорда қаласы	7055	15800,0
Барлығы	157993	386404,0

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы №851 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10.03.2015 жылы № 4905 тіркелген

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ 22 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 710 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 710 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4777 нөмірімен тіркелген, «Қызылордынские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2014 жылғы 31 қазанында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулының орыс тіліндегі тақырыбына өзгеріс енгізіліп, мемлекеттік тілдегі нұсқасы өзгеріссіз қалдырылсын;

аталған қаулының 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса берілген «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.»;

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі»;

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақта:

6) тармақша алып тастасын;

мынадай мазмұндағы 41-1), 41-2) және 41-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«41-1) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

41-2) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне «мамандандырылған» деген мәртебе береді;

41-3) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;».

2. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев**.

ЖОБА

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

2015 ЖЫЛҒА ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қосымшаға сәйкес 2015 жылға әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы **А. Әлназарова.**
Сессия төрағасы _____

Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «___» _____№____шешіміне қосымша

2015 жылға әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі

№	Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың атауы	Арақашықтығы (км)
1. Ауданаралық		
1)	Қаратерең-Әйтеке би	143
2)	Қарашалаң-Әйтеке би	120
3)	Көмекбаев-Қызылорда	217
4)	Жалағаш-Жосалы	82
5)	Аққыр-Қызылорда	157
6)	Жаңадария-Қызылорда	93
7)	Іңкәрдария-Қызылорда	100
8)	Сейфуллин-Қызылорда	59
9)	Ботабай-Қызылорда	82
10)	Ортақшыл-Қызылорда	123
11)	Телікөл-Қызылорда	131
2. Ауданішілік		
1)	Кәукей-Ажар	37,5
2)	Әйтеке би-Водокачка	4,5
3)	Әйтеке би-Сарбұлақ	52,5
4)	Әйтеке би-Шәкен	55
5)	Ақсуат-Әйтеке би	35

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Басқарма басшылығының жеке қабылдауына Әкімшілік бөлімінің басшысы Нұрлан Абдулла арқылы жазылуға немесе төмендегі анықтамалық байланыс нөмірлері 8 (7242) 60-54-47, 60-54-41 арқылы қажетті ақпарат алуға болады:

№	Аты-жөні	Атқаратын лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты
1	Абуов Дәуірбек Кеңесұлы	Басқарма бастығы	сейсенбі сағ. 16.00-18.00
2	Бекішев Талғат Болатбекұлы	Басқарма бастығының орынбасары	сәрсенбі сағ. 16.00-18.00
3	Пашкенов Омархан	Басқарма бастығының орынбасары	бейсенбі сағ. 16.00-18.00
4	Сыздықов Пірмұхаммед Айтбайұлы	Басқарма бастығының орынбасары	жұма сағ. 16.00-18.00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы № 1567 Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі талаптарының орындалуы және «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында 8 /7242/ 60-54-76 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 6 ақпандағы №846 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 04.03.2015 жылы № 4898 тіркелген

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев**.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «6» ақпандағы № 846 қаулысымен бекітілген

«Қызылорда облысының білім басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) ведомстволық бағыныстағы аумақта білім саласы қызметін мемлекеттік реттеу функцияларын орындауға уәкілеттілік алған, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган болып табылады.

2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады. Басқармаға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы:

облыс аумағында білім саласының дамуының негізгі мақсаттарын іске асыру және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге негізделген білім берудің тиімді және біртұтас жүйесін қалыптастыру, білім беру, сонымен қатар, бала құқықтары туралы Конвенция мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көрсетілген заңды құқықтарды сақтау негізінде баланың үйлесімді дамуына жағдай жасау, қоғамда адамгершілік басымдықтар мен рухани бағдарларды қалыптастыру, сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ведомстволық үйлестірудің тиімді жүйесін құру.

15. Міндеттері:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етеді;

3) балаларды арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді;

4) мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларды оқытуды қамтамасыз етеді;

5) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді және негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етуді ұйымдастырады және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы нормативтік-құқықтық акт жобасын әзірлеп, Қызылорда облысы әкімдігіне қарау үшін ұсынады;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ұсыныстарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

8) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

9) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының кемінде бір пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

11) мемлекеттік тапсырыс негізінде техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін қағаз және электрондық жеткізгіштерде оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

12) облыс ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

13) балаларға облыстық деңгейде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

14) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауды және қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

15) дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

16) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

18) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді;

19) берілген өтінімдерге сәйкес кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, ауылдық жердің кадрлар қажетсінуі туралы өтінімді білім беру және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органдарға жыл сайын 15-ші сәуірге дейін ұсынады;

20) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүруі туралы мәслихатқа ұсыныстар енгізеді;

21) білім беру мониторингін жүзеге асырады;

22) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

23) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын адамдарға жағдай жасайды;

24) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

25) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;

26) конкурс жеңімпаздарына – мемлекеттік орта білім беру мекемелеріне «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын төлейді;

27) мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

28) әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

29) білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасының жобасын әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

30) білім беру ұйымдарының ішкі тәртіптемесінің үлгілік қағидасын бекіту туралы жобасын әзірлеп, облыс әкімдігіне бекіту үшін ұсынады;

31) балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысады;

32) баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі консультацияларды хабарлау мен өткізу, іс-шараларды жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

33) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене тәрбиесі мен спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай орталық атқарушы органдар айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

34) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді белгіленген тәртіппен жүзеге асырады;

35) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

36) өз құзыреті шегінде жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы шараларды іске асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамамен бекітілген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.

2) Басқарма:

заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

17. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Басқарманы білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз құзыретіне жататын Басқарма қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасады;

9) сенімхаттар береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша дербес жауапты болады;

12) Басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

14) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

15) құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

22. Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

23. Басқарма мен облыс әкімдігі, Басқарма әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастар қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

24. Басқарманың жұмыс режимі:

1) Басқарма дүйсенбі және жұма аралығында аптасына 5 (бес) күн жұмыс істейді;

2) Басқарманың жұмыс уақыты: жергілікті уақыт бойынша сағат 09-00-де басталып, сағат 19-00-де аяқталады. Сағат 13-00-ден сағат 15-00-ге дейін үзіліс;

3) Басқарма сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

4. Басқарманың мүлкі

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

28. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖОБА

2015 ЖЫЛҒА СУБСИДИЯЛАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және «Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы №575 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____А. Мамытбеков
2015 жылғы «__» _____

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «____» _____ №____ қаулысына қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

р/с	Басым дақылдардың тізбесі	Бір гектарға субсидия нормасы, теңге
1	Күріш	23000
2	Дәндік жүгері	8000
3	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін дәндік жүгері	10000
4	Майлы дақылдар	27575
5	Картоп	79780
6	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін картоп	219560
7	Көкөністер	75656
8	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін көкөністер	181905
9	Бақшалық дақылдар	15000
10	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін бақшалық дақылдар	86423
11	Қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдары	3000000
12	Сүрлемдік жүгері	23040
13	Ашық топырақта, өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсіретін сүрлемдік жүгері	64311
14	Бірінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	16362
15	Бірінші жылғы арпамен бүркемелеген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18252
16	Бірінші жылғы сұлымен бүркемелеген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18279
17	Бірінші жылғы жаздық бидаймен бүркемелеген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18252
18	Бірінші жылғы күздік бидаймен бүркемелеген бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	18252
19	Екінші және үшінші жылғы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	8152
20	Арпа	6955
21	Сұлы	5372
22	Бидай жаздық	7382
23	Бидай күздік	7382

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЕКПЕГЕ ДІННІҢ КӨЗҚАРАСЫ

Соңғы кезде медициналық екпе қажет пе, жоқ па деген мәселе қоғам арасында қызу талқылануда. Бұған қатысты негізгі екі көзқарас байқалады.

Бұл мәселенің шешімін айту үшін екі жақтың да уәждерін түсіну керек. Екпе салуға келісетіндердің ұстанымы түсінікті болса, оны салудан бас тартатындардың пікірімен шынын айтсақ, келісе алмаймыз. Көп жағдайда бұл бас тарту адамдардың діни ұстанымдарымен байланысты болады. Мәселен, кейбір христиан ағымдары қан құйдыруға қарсы.

Екпе жасауға қарсы ата-аналар оның діни ұстанымдарына сәйкес келмейтінін, екпе құрамында күмәнді нәрселердің бар екенін, екпе Құдайдың жазғанына қарсы тұра алмайтынын көлденең тартуы мүмкін. Бұл нәтиже бермесе, уәж ретінде екпе салу балалардың қайтыс болуына себеп болғандығы және оны салдырмауға құқығы бар екендігін келтіреді.

Медицина мамандарының айтуынша, біздің ағзамыз жұқпалы ауруларға екі жолмен қарсы тұра алады. Оның біріншісі – белгілі бір ауру түрімен ауырып, жазылып кету. Бұл кезде біздің ағзамыз әлгі ауруды есінде сақтап қалады да, ендігіде сол дертпен қайта ұшырасып қалса, организм қарсы жасушаларды бөліп, адам ол аурумен ауырмайды. Алайда, бұл – ауырлау жол. Егер, ағза дер кезінде әлгі антителаларды бөлмесе, адам мүгедек болып қалуы немесе өліп кетуі мүмкін. Мәселен, сіреспе ауруын тудыратын бактериялар болады. Ол адам ағзасына енген бойда, өте улы токсиндерді шығара бастайды. Бұл у адамның жүйке жүйесіне әсер етіп, науқастың аяқ-қолы сіресіп, тыныс ала алмай қалады.

Екінші жол бар – ол екпе жасау. Адамның ағзасына әбден әлсіреген немесе жартылай өлтірілген аурудың бактериялары егіледі. Мәселен, туберкулезге қарсы егілсе адам ауырмайды. Бірақ, ағзасы өкпе құртына қарсы жасушаларды өндіріп шығара бастайды. Адам болашақта туберкулезбен ауыратын кісімен ұшырасып қалса да, ауырмайды.

Қасиетті Құранда һәм Пайғамбарымыздың сүннетінде вакцинацияға анық тыйым салынбаған. Керісінше, аурумен күресудің бұл тәсілін қолдаған көптеген дәлелдерді табуға болады. Жүз жыл бұрын өмір сүргендер, бүгінгінің адамдары ауырып жатқан дертті білмейтін. Себебі, қазіргі аурулардың көбісінің пайда болуына нашар экология, қоғамдық көлік, қоғамдық тұтыну орындары себеп болып жатыр. Құран мен Пайғамбар сүннетінде – аурудың алдын алуға қатты көңіл бөлген. Ал вакцинацияға қарсы тараптың шариғаттан алдық деп, келтіріп жүрген дәлелінің барлығы бос сөз. Аурудың алдын алу Жаратушының белгілеп қойған тағдырына қарсы шығу деп жүргендердікі дұрыс емес. Себебі бұлай айтатындар, Құранның анық аяттарына қарсы келуде.

Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Алла барлық ауруға шипаны қосып жаратқан»; «Медицина – аурудан айығу жолы» және «Барлық ауруға дәрі бар. Дәрі ауруға сәйкес келсе, Жаратушының әмірімен ол кісі айығады» деген. Мұнан да бөлек, сахих хадистердің барлығында, «ауру бар болса, сол аурудың емі де бар» деген сөздер айтылған. Сондықтан да, адамның өміріне медицинаға араласпауы (вакцинацияны қоса айтып отырмыз) керек деген сөз, барып тұрған ада-сушылық.

Екпеге қарсылар көбіне статистиканы келтіреді. Пәленбай адамға екпе жасалыпты, оның түгеншесі ауырып қалған деген сияқты деректерді айтады. Бірақ сол статистикасында адамның саны 200-300 ден аспайды. Аз ғана топ пен бүкіл қауымды салыстыруға болмайды. Сондықтан да, миллиондарға егілген екпенің әсерін, оншақты адам арқылы анықтау дұрыс емес дүние.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне қарасақ, полиомелит, сіреспе, дифтерия, көкжөтел, қызылша, эпидемиялық паротит (шошқа борық) дерттеріне қарсы салынған жоспарлы егулердің арқасында әлемде жылына үш миллион бүлдіршіннің өмірі мен денсаулығын сақтауда. Ал алдымыздағы 5-10 жылда жаңадан шығарылған екпелердің көмегімен тағы да 8 миллион баланың өлімінің алдын алуға болады.

Балаларға екпе салдырудан бас тарту білімсіздіктің салдарынан орын алады. Ешбір дінде денсаулықты сақтауға, күтуге, аурудың алдын алуға шектеу қойылмайды. Керісінше, әрбір өркениетті дін өз өкілдерінің денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Барлық ислам мемлекеттерінде аурудың алдын алу құралы ретінде вакцинаның көптеген түрлері қолданылады. Басқаны былай қойғанда, Сауд Арабиясы корольдігінің өзінде белгілі бір ауруларды алдын алатын екпе-вакцина қабылдамағандарға қажылық жасауға рұқсат берілмейді.

Біле білсек, небір жұқпалы және қатерлі аурулардың алдын алып, азаматтардың өмірін сақтап қалу үшін мемлекетіміз республикалық бюджеттен жылына бірнеше ондаған миллиард теңге қаржы бөледі. Мұндай игілікке қолы жетпей, азаматтары, әсіресе, жас балалары мың-мыңдап жұқпалы аурулардың құрбаны болып отырған экономикасы нашар қаншама мемлекеттер бар.

Бабаларымыз «Ауырып ем ізденгеншe, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаған. Екпе – ғалымдар мен медицина қызметкерлерінің бірнеше ғасыр бойы ізденіп, тапқан дәрісі. Сондықтан, әрбір саналы азамат өзінің денсаулығын сақтаумен қатар, өзгеге де қатер төндірмеуді ойлауы тиіс.

Сержан АНДАРБАЕВ,
облыстық ішкі саясат басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог-маманы.

● ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЖАҢА КОДЕКСТЕ ЕРЕКШЕЛІК КӨП

Өткен жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қабылданып (ҚР ҚК), ол биылғы жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Жаңа Кодекстің қабылдану себебі неде, оған қандай өзгерістер енді, қандай айырмашылықтар бар? Бүгінгі әңгіме осы тұрғыда болмақ.

1997 жылы қабылданып 2014 жылдың соңғы күніне дейін қолданылып ҚР ҚК-ке сол уақыттың талабына сай бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Алайда уақытпен бірге заңға деген талап та өзгеретіні белгілі. Оның үстіне Конституцияның жаңа нормаларымен және соңғы кезде еліміздің Парламенті ратификацияған халықаралық келісімдерге сәйкестендіруге де тығыз байланысты. Сол себепті жаңа кодекс «Қазақстан Республикасы Конституциясының жоғары заңдық күші бар және Республиканың барлық аумағында тікелей қолданылады. Осы Кодекс пен Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары арасында қайшылықтар болған жағдайда Конституцияның ережелері қолданылады. Осы Кодекстің конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандықтарына қысым жасайтын нормалары заңдық күшін жояды және қолданылуға жатпайды. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Кодекс алдында басымдыққа ие болады және халықаралық шартта оны қолдану үшін заң шығару талап етілетіннен басқа жағдайларда олар тікелей қолданылады» деген 1-баппен басталады.

Жаңа кодекстің басты ерекшеліктерінің бірі бұрынғы Кодексте 393 бап болса, жаңа Кодексте 467 бап кіргізілген. Жаңа Кодекс оның 1-бабында көрсетілген толықтырулармен басталады. Атап айтқанда, онда қағидалармен толықтырылған.

Тағы бір жаңалық – қылмыстық құқық бұзушылық институтының енгізілуі болып табылады.Заңға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтың екі түрі: қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтан тұрады.

Жаңадан қабылданған қылмыстық заңнамаға Қылмыстық Кодексте қамтылған кейбір ұғымдар бойынша түсіндірме беретін арнайы бап енгізілген. Атап айтқанда:

1) адамды қанау; 2) айтарлықтай залал және айтарлықтай мөлшер; 3) аса ірі залал және аса ірі мөлшер; 4) ауыр зардаптар; 5) әкімшілік-шаруашылық функциялар; 6) әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар; 7) банда; 8) басқа механикалық көлік құралдары; 9) билік өкілі; 10) болмашы мөлшер; 11) денсаулыққа ауыр зиян; 12) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян; 13) денсаулыққа жеңіл зиян; 14) елеулі зиян; 15) жалдамалы адам; 16) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам; 17) жымқыру;18) заңсыз әскерилендірілген құралым; 19) коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адам; 20) көлік; 21) қоғамдық бірлестік; 22) қылмыстық әрекеттерді үйлестіру;23) қылмыстық қоғамдастық; 24) қылмыстық топ; 25) қылмыстық ұйым – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) аумақтық оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ; 26) лауазымды адам; 27) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам; 28) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адам;29) сыбайлас жемқорлық қылмыстар;30) террористік қылмыстар; 31) террористік топ; 32) топбастаушы жағдайына ие адам; 33) трансұлттық қылмыстық қоғамдастық; 34) трансұлттық қылмыстық ұйым; 35) трансұлттық ұйымдасқан топ; 36) ұйымдасқан топ; 37) ұйымдастырушылық-өкімдік функциялар; 38) ірі залал және ірі мөлшер; 39) экстремистік қылмыстар;40) экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ; 41) электрондық жеткізгіш- деген ұғымдардың әрқайсысына алғаш рет толық түрде анықтама берілген. Бұл баптың заңгерлер үшін қажеттілігі зор.Себебі қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесінде жиі қолданатын және бірнеше мағынасы бар терминдер қиыншылықтар мен түсінбестік туғызатыны белгілі.

Жаңа кодексте қылмыстық теріс қылық деген ұғым енгізілген. ҚР ҚК-нің 4-бабында «Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни осы Кодексте көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады. Дәл сол бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін ешкімді де қылмыстық жауаптылыққа қайталап тартуға болмайды. Қылмыстық заңды ұқсастығы бойынша қолдануға жол берілмейді)»-делінген.

Іс-әрекеттің қылмыстылығы мен жазаланушылығы сол іс-әрекет жасалған уақытта қолданыста болған заңмен айқындалады. Қоғамға қауіпті әрекет (әрекетсіздік) жүзеге асырылған уақыт, зардаптардың туындаған уақытына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған уақыт деп танылады (5-бап. Қылмыстық заңның уақыт бойынша қолданылуы). Яғни қылмыс ескі Кодекс қолданылып жүрген кезде жасалса, оған сол Кодекстің талаптары қолданылады.

Қылмыстық заңның кері күші барлығы Кодекстің 6-бабымен бекітілген. «Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын жоятын, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын жеңілдететін немесе жағдайын өзге де түрде жақсартатын заңның кері күші болады, яғни осындай заң қолданысқа енгізілгенге дейін тиісті іс-әрекетті жасаған адамдарға, оның ішінде жазасын өтеп жүрген немесе жазасын өтеген, бірақ сотталғандығы бар адамдарға қолданылады.

Егер жаңа қылмыстық заң адамның жазасын өтеп жүрген іс-әрекеті үшін жазаланушылықты жеңілдетсе, онда тағайындалған жаза жаңадан шығарылған қылмыстық заң санкциясының шегінде қысқартылуға жатады.

Іс-әрекеттің қылмыстылығын немесе жазаланушылығын белгілейтін, осы іс-әрекетті жасаған адамның жауаптылығын немесе жазасын күшейтетін немесе жағдайын өзге де түрде нашарлататын заңның кері күші болмайды».

«Қылмыстық құқық бұзушылықтар қоғамға қауіптілік және жазаланушылық дәрежесіне қарай қылмыстар және қылмыстық теріс қылықтар болып бөлінеді.

Осы Кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады. Қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады. Осы Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген, формальды түрде, қандай да бір іс-әрекеттің белгілері бар, бірақ маңызы жағынан болмашы болғандықтан, қоғамға қауіп төндірмейтін әрекет немесе әрекетсіздік қылмыстық құқық бұзушылық болып табылмайды» (ҚР ҚК-нің 10-бабы).

Серік ЖҰБАТОВ,
облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат.

(Жалғасы бар).

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысының әкімдігі, 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан к., н/с, анықтама үшін телефондары: 8(7242)40-11-91 (7080), zhusupova_a@orda.gov.kz «Б» корпусы бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы (D-O-1 санаты – 1 бірлік). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері: Басқарма жұмысын ұйымдастырады және жалпы басшылық жасайды. Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және функцияларының жүзеге асырылуына жауап береді. Басқарманың мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мүддесін қорғайды. Өз құзыреті шегінде құқықтық актілер қабылдайды. Өз орынбасарлары мен басқарманың құрылымдық бөлімше басшыларының, басқа да жауапты қызметкерлерінің өкілеттіктерін айқындайды. Облыс әкіміне негізгі бағыттар бойынша ұсыныстар береді және әкімдік отырыстарына материалдар дайындайды. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Техникалық ғылымдар және технологиялар (құрылыс, құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру немесе көлік құрылысы) немесе өнер (сәулет) немесе құқық (құқықтану) мамандығы бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;

4) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытталған сәйкес салаларда жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың басшылары және олардың орынбасарлары лауазымдарында екі жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған анкета;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматтығын жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіппе немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, № 602 бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде әңгімелесу өткізу туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі: 120000, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, н/з, әңгімелесу шақырған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар қатыстырылуға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппе аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялық өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағытталына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-1 санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма), логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысы әкімдігінің конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй. Тел.: (8-724-33) 2-11-62, 2-22-33. Aralkalasy@mail.ru «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

«Арал аудандық ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы (Е-R-4 санаты (индекс: № 0-4-1) –1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56375 теңгеден 76235 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Функционалдық міндеттері: Аудандағы қоғамдық-саяси жағдайларға сараптама мен мониторинг жүргізу, қоғамдық саяси және діни бірлестіктермен, кәсіподақ ұйымдарымен, саяси партиялармен бірлесе іс-қимылдар жүргізеді. Қоғамдық ұйымдар, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарына жергілікті мемлекеттік тапсырыстарды бөледі. Аудандық бөлімдер мен мекемелердің, кент, ауылдық округтері әкімдерінің ішкі саясат жөніндегі қызметін үйлестіреді. Аудандағы үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын зерттейді, талдайды және олар туралы мәліметтер базасын қалыптастырады. Аудан әкімдігінің жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің қызметін қамтамасыз етеді.Ішкі саясатты жүзеге асыру үшін нормативтік-құқықтық актілерді дайындау жұмыстарына қатысу. Ішкі саясатқа байланысты Қазақстан Республикасыны Президенті Жарлықтары мен Қазақстан Республикасың Заңдарының, Үкімет Қаулыларының, облыс, аудан әкімдерінің өкімі, шешім, қаулыларының орындалуын бақылау. Заңнамаға сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Үміткерлерге қойылатын талаптар: Жоғары гуманитарлық немесе заңгерлік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес, не осы санаттағы нақты лауазымының функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі гуманитарлық немесе заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Арал ауданы әкімі аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Нысанға сәйкес өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылғын көшірмелері;

4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе сертификаттың нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілерімен тапсырылатын 3) және 4)тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламада көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешіктірілмей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120100, Қызылорда облысы, Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй, 24-бөлмеде қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Арал ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде (Арал қаласы, Мектеп көшесі №33 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-R-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Арал ауданы әкімі
аппаратының конкурстық комиссиясы.

бұрын 106 кг

Доктор Р.Хайруллина тәсілімен жылдам әрі оңай арықтаңыз.
Нәтижесі 100 %.
• Біздің әдісіміз ғылыми дәлелденген және 20 жыл бойы патенттелген.
• Сізге ашығудың және калория есептеп жатудың қажеті жоқ.
• Сеанстан соң Сіз тәттіден және ұн тағамдарынан оңай бас тартасыз.
• Біз Сізбен 4 ай ғана жұмыс жасаймыз, сөйтіп тамақтану тәртібіндегі жаңа өзгерістерге қалыптасуыңызға көмек береміз. www.pohudet.kz
• Кеңес беру тегін!
Сеанс Қызылорда қаласында 2015 жылдың 28 наурызда сағат 16.00-де болады.

қазір 68 кг.

Тел.: 22-38-22, 8-705-411-64-98, 8-775-803-75-57.

САҒЫНДЫҚ, ӘКЕ, ӨЗІҢДІ

Жалған дүние-ай. Отбасымыздың ардақтысы, аяулы жар, асыл да абзал әкеміз Ыдырысов Сәкен Ыдырысұлын кенеттен келген сұм ажал 2014 жылдың 30 наурызында ортамыздан алып кетті. Әне-міне дегенше өмірден озғанына да бір жылдың жүзі болды.

Сәкен Ыдырысұлы 1963 жылдың 10 қазанында Жалағаш ауданының Ақарық ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Қызылорда қаласындағы ДГМСИ-ді (қазіргі Қорқыт Ата атындағы ҚМУ) бітіріп, совхозда бас инженер қызметін атқарды. 2002-2007 жылдары Аламесек ауылдық округінің әкімі, 2007-2012 жылдары «Шапағат» ЖШС-да бас инженер, 2013 жылдан өмірінің соңына дейін инженер болып, абыройлы еңбек етті.

Әкеміз үлкенге іні, кішіге аға, ағайынның, бауырларының, жора-жолдастарының, қызметтестерінің ортасында сыйлы болды. Балаларының рахатына бөленем деген шағында бақилық сапарға аттанып кете барды.

Әкешім, айбынды едің, асқар ең,
Бауырына алды сені басқа әлем.
Ұлыңды желбіретіп жалаудай,
Қыздарыңа құшағыңды ашқан ең.
Жаның көкте, мекен етті аспанды,
Сені іздеген көңілдерден жас тамды.
Сағыныш пен өкініші астасқан,
Әке, сенсіз күндер енді басталды.

Әкеміз Сәкен Ыдырысұлын қимастықпен еске ала отырып, 2015 жылдың 20 наурызында сағат 16.00-де қонақасысы, 21 наурыз күні сағат 11.00-де жылдық асы болатынын барлық ағайын-туыс, құдажекжат, жолдас-жораларына хабарлаймыз.

Еске алушылар: **Ыдырысовтар әулеті.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2015 жылғы 4 наурыздағы ұйғарымымен «Қасиет-АЛ» ЖШС-на қатысты оңалту туралы іс қозғалды. Талап-шағымдар Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 29 үйде қабылданады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы, еңбек ардагері, «Қызыл ай» қоғамының Қызылорда облыстық филиалының Президиум мүшесі Бибіжан Жәукебайқызына ағасы

Есмағамбет Жәукебайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Оразалиева Гулзина Ибадуллаевнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Саяхат м/а, Саяхат-14 көше, 14 үйге берілген тұрғын үйді құрылысымен сыйға тарту шарты (№10975 24.08.2013 ж.), жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-001-2730, №0104522) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Алтынбеков Ерлан Алтынбековичтің атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №249 орта мектепті 20.06.2001 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №0529139 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Әлиакбаров Орынбасардың атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, О.Әбілпаттаев көшесі №11-1 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-001-786, №0111559), техпаспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Нурадинов Кудайбергеннің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы, Бесөзек көшесі, №18/2 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-008-165, №0034359) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Батыкбаева Назымгул Адиловнаның атына Қызылорда облысы, Арал ауданындағы №16 кәсіптік мектепті «Тігінші» мамандығы бойынша 25.06.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген КТД-II №0277231 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Серікбай Дәулет Маралұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентіндегі №210 О.Абдулпатаев атындағы орта мектепті 21.06.2013 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0649144 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Қалышев Асылбек Фазылханұлының атына Қызылорда қаласы, «Көкжиде» қонысына берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-042-604, №0234039) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Жарболова Күлзат Жетибаевнаның атына Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Еңбек ауылындағы №232 орта мектепті 21.06.1996 жылы бітіргені жөнінде берілген ОА-II №0279729 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Кеңесова Гүлжанар Теңелбайқызының атына Қызылорда қаласындағы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша 2009 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖБ №0185647 дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Медетова Айгерим Нурлановнаның атына Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің «Бастауыш сыныптарды оқыту» мамандығы бойынша 26.06.2009 жылы бітіргені жөнінде берілген КОБ №0294269 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Ғарифолла Назеркенің атына Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінің «Қаржы» мамандығы бойынша 2013 жылы бітіргені жөнінде берілген МББ №0651432 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

“Қызылорда облысы әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесіне гараж үшін Қызылорда қаласы Төлебаев көшесі (нөмірсіз) көлемі 0,2664 га кадастрлық номері 10-156-004-1117 жер учаскесінің мемлекеттік актісінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішіндегі БШСС стансасына су айдайтын қосымша сорғылар орнату» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

***

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-ІІІ Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішіндегі БШСС стансасына су айдайтын қосымша сорғылар орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаментіне мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

***

«Көлжан» ЖШС «Қызылорда облысы Сырдария ауданы Батыс Тұзкөл мұнай кенішіндегі вахталық поселкені шаруашылық-ауыз сумен және өнеркәсіптік объектілерді өндірістік-техникалық сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының пайдаланылатын қорларын барлау және бағалау жобасын» мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізу үшін Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына ұсынады.

Барлық мүдделі тұлғалардың 8 (7242) 23-51-57 телефон нөміріне хабарласуына болады.

ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 645-бабына сәйкес, бензинді (авиациалық бензиннен басқа), дизель отынын, алкоголь өнімін көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізуді жүзеге асыратын салық төлеушілер бақылау-касса машиналарын 2015 жылдың 1 шілдесінен бастап қолдануға міндетті, телекоммуникация желілері жоқ салық төлеушілерге қолданылмайды.

Бақылау-касса машинасын тіркеу үшін, салық төлеуші салық органына келесі құжаттарды табыс етеді: салық өтінішін; салық органы орнатқан пломбасы бар БКМ; БКМ дайындаушы зауыттың паспортын; нөмірленген, тіркелген, салық органы басшысының қолымен және мөрімен расталған қолма-қол ақша есебінің кітабын және тауар чектерінің кітабын; БКМ тіркеу карточкасын.

Осыған орай бақылау-касса машинасын уақытылы тіркеуін сұраймыз.

***

Құрметті Қызылорда облысының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz ресми web-сайтында Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің мультисайтингі ашылғандығын хабарлайды.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қалалық коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы (Е-R-4 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 56375 – 73287 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Мемлекеттік сатып алу конкурсын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді;

Мемлекеттік сатып алу конкурсының мерзімінің сақталуына, конкурсқа қатысушы мердігер мекемелер тарапынан тапсырылатын құжаттардың толықтығын және сапалы өткізілуін қадағалайды және дербес жауаптылықта болады;

Мекеменің заңгер қызметкерінің талаптарын толық қанағаттандыру;

Іс-шараларды дайындау. Мекеме тарапынан орындалған бұйрықтар мен кіріс-шығыс құжаттарының заңдылығын қадағалау;

Шарттық, қаржылық және еңбек тәртіптерін нығайту және мемлекет мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысады;

Қолданылып жүрген заңнамалық нормативтік актілерді жүйелендірілген есепке алу және сақтау бойынша жұмыс жүргізеді, оларды қабылдамау, өзгерту және толықтырулар жөнінде белгілер жасайды, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар және есептеу құралдарын қолдану негізінде анықтамалық құжаттама дайындайды;

Мекеме мамандары мен қызметкерлеріне қолданылып жүрген заңнама және оларға өзгерістер туралы хабарлауды және таныстыруды жүзеге асырады;

Даулы мәселелер бойынша сот отырыстарына қатысу. Нормативтік құқықтық актілердің заңнаманың сақталуына бақылауды жүзеге асыру, ҚР заңдарына сәйкес мүдделерін қорғау. Бөлімнің қызметінің жалпы бағыттарын және міндеттерін білу, белгіленген тәртіпті бөлім мүдделерін сотта, сондай-ақ басқа органдарда құқықтық мәселелерді қарастыру кезінде қорғау, шешімдер және өкімдер, қызметтік хаттарға жауаптар дайындау;

Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз-шағымдарды уақытылы қаралуы мен жауап берілуі.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Жоғары заңгерлік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) Еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекенжайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, (Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, (Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-R-4 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Қызылорда қаласы әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кентінен ашылған «Нұршуақ» бала бақшасы» жеке мекемесі жабылуына байланысты жұмысын тоқтатады (куәлік 383-1933-08-М-е, БСН 111040007705).

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24793
Тапсырыс № 261

Электрондық оқылым – 28000